)24
И

Г. МУСРЕПОВ



Алангелді

ПЬЕСА

Алматы 1990

ҒАБИТ МУСРЕПОВ

АМАНГЕЛДІ

4-актылы,
11 суретті драма

012

ҚАЗАҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ӘДЕБИЕТ БАСПАСЫ
АЛМАТЫ — 1950

ҚАТНАСУШЫЛАР:

1. Амангелді
2. Жайнақ — ер жігіт, кейін эскадрон командирі.
3. Мұңайтпас — қойшы, кейін взвод командирі.
4. Тәуке — қарт адам.
5. Кете — батыр адам.
6. Бану — Кетенің немере қарындасы.
7. Михаил Пластунов — Қарсақпай жұмыскері, айдауда жүрген адам, кейін Ревком бастығы.
8. Петр Логинов — майданнан қайтқан офицер, кейін Амангелдінің орынбасары.
9. Алексей Логинов — Ояз бастығы, Петрдың інісі.
10. Жапар — бай адам, хан.
11. Тымақбай — уәзір.
12. Әрелдік — Қарсақпай қожасы болған ағылшындардың подрядчигі.
13. Зілғара — «Алаш» адамы.
14. Жақаш — о да.
15. Кенжеғара — «Алаш» жасы.
16. Байқара — тілмаш.
17. Фон-Эверсман — Торғай облысының генерал-губернаторы. Байтас — болыс, Ғарифолла — сәудегер, Дробилин — пристав, көшір шал — Федор, болыстар, урядниктер, сарбаздар, әскерлер, кадеттер, адвокат, халық, поручик...

БІРІНШІ ПЕРДЕ

1-СУРЕТ

Шымылдық ашылмастан бұрын:

— Тврру, тврру, тврру!..
— Жол бер, әй! Атынды әрі тарт!
— Атынды әрі тарт, ояз келеді!
— Ояз келеді, ояз келеді! Ояз, ояз!
— Әрі кет, байталыңды сыйпақтатпай!
— Шөгер түйеңді, шөгер! Ояздың аты үркеді!..

Шымылдық ашылғанда, тырсылдап келіп тоқтаған солқылдақ арбаның арт жағы ғана көрінеді. Арбада Петр Логинов, божы ұстаған көшір. Арғы жақта жылқы базарының шуы. Әріректе көпір, қала... Басын сыртқа бере шөгіп жатқан түйе...

Петр. Дала байғұс баяғы күйінде екен, ә?..

Көшір. Оған не болсын, Петр Сергеевич... Көшіріп әкетуге болмайды оны. Жатады сол құлазып.

Петр. Бұл даланың қызығы да, тойы да осы жылқы базары, ә?

Көшір. Айтпа, Петр Сергеевич... қазақтар бір жасап қалады. Шәй-қант қой олардың құмары. Гаврила

Парфьеныч пен Тикматуллин де тонап бағады енді қазақты! Біреуі кезбен, біреуі қадақпен...

Петр. Хикматуллин, де!

Көшір. Ие, Тикматуллин... Анау тұрған дәвкелерді көремісін? Құрдым дегейсін бір... Сүліктей сорады жұртты. Құдай деген жоқ бұларда.

Петр. Ойды-қырды шаңдатып, құмырысқадай қаптатып айдап әкеледі де, қоржын толмас болмашыға беріп қазақтар қайтады, ә?

Көшір. Калай тоналғанын білмей де қалады.

Петр. Базар сайын тоналады да жатады!

Көшір. Амал жоқ қой, Петр Сергеевич.

Петр. Бір жылқы — бес кез мата... бес қадақ шәй... сол ғой не болғаны.

Көшір. Кез бен қадаққа жақындап келсе-ақ сорлы қазақтың артжағы қандай компандай бастайды!

Петр. Сауда емес, тонау ғой бұл тәл түсте.. Ана түйенің иесін бері шақыршы.

Көшір. Қазақ, әй, қазақ, бері кел, бері кел. Оязды ағасы шақырады.

Жайнақ *(бері келіп)*. Іздрәсти...

Петр. Здравствуй, достым Түйеңді сатамысын?

Жайнақ. Жазық нету...

Петр. Қорықпа, мен төре де, сәудегер де емеспін. Толық бағасын беріп аламын. Не сұрар едің?

Жайнақ. Жазық нету...

Көшір. Ой, қу қазақ, жазығың сайрап тұр сенің!

Жайнақ. Прауда, жазық нету... Сатылса, мен оң сұрармын, сен бес берерсін, аржағы немен тынарын мен де білем ғой... Одан да бір-ақ сөз, жазық нету...

Петр. Жарайды, сатпай-ақ қой. Бірақ, сата қалсаң не сұрар едің?

Жайнақ. Он кез тыстық дейтін бір шама тудың ғой осы күні...

Көшір. Әне, тілі бар мұның...

Петр. Жыйырма кез десем ғой иланбайсын?

Жайнақ. Жазық нету, бірақ, иланам...

Петр. Жарайды, бара бер... Менде о да жоқ. Бірақ сатпа он кезге, жүз кез сұра!..

Жайнақ. Жарайды, жарайды... Құлақ түсінді, нетокма что жазық нету. *(Кетіп қалады.)*

Петр. Осы ғой міне! Үрей болып қалған. Сат десең-ақ қалай алданып қалмас екем деп қорқа бастайды. Әсіресе, төрелерден қорқады.

Көшір. Төре емеспін деп бекер айттың, Петр Сергеевич... Қайда болса да жәй адам болғаннан төре болған артық. Іс орайы оңай үйлесе кетеді. Ауылға барғанда төре келе жатыр дедің бе, бәрі дап-дайын болады.

Петр. Қадақ пен кезден ұрланып мезі болған жұрт жолағысы да келмей, үркіп тұрады осылай.

Көшір. Бәрібір, қадақ пен кезден бұл жұрт құтыла алмайды. Қайда барады? Базар аяғына жақындаған сайын өздері келеді үймелеп.

Петр. Амалы қайсы үймелемеске... Барып, жаңағының түйесіне саудаласшы.

Көшір. Әуелі көру керек дұрыстап. Шығырға мықты түйе керек болады.

Петр. Бар, арзан түсірем деме бірақ. *(Божыны Петрға беріп, көшір әрі кетеді).* Анау кетіп бара жатқан атақты мерген Амангелді емес пе? Сол білем... мерген, мерген! Қайырыла кет бері!

Салт Амангелді келеді.

Амангелді. Ау, Петрамысын? Аманбысын, дос. Қашан келіп қалып ең?

Петр *(қол алысып жатып).* Аманмын, мерген. Он күн болды келгелі.

Амангелді. Демалыс шығар?

Петр. Біржоланың өзі болар деймін... аяқты бердім.

Амангелді. Аяқты?

Петр. Ие, аяқты... Әуелі жапондар бір жаралап еді, немістер біржола құрытты-ау деймін... Бес ай болды, енді кестіретін шығармын...

Амангелді. Сен мақтау алып, жақсы соғысып жүр деп естітін едік.

Петр. Соғысып жүргенде жақсы едім, соғысқа жарамай қалған соң білдім кім екенімді.

Амангелді. Иә?..

Петр. Ешкімге керегіміз жоқ екен.

Амангелді. Мұның бір мен ұқпайтын сырың болар...

Петр. Өзім де ұқпаймын. Мен жұртқа ұнамаймын, жұрт маған да ұнамайды. Әйтеуір бір кірбең бар арамызда.

Амангелді. Мұныңды тіпті ұқпай қалдым.

Петр. Не ұқпайтыны бар... «Қош боп тұр, алтын ыйық, пасық Россия!» дедім де кете бардым.

Амангелді. Петра, біз ақ патсаның ең сүйікті құлымыз ғой, мұндайыңды бекер айтасын бізге...

Петр. Өкініп жүрме дейсің ғой? Маған қазір бәрібір... Екі жыл соғыста болғаным бар үмітті кесіп, біржола түңілтіп қайтарды. Қандай мол күшті, қандай құнсыз етіп, қор етіп құрытып жатырмыз. Сенің намысың келсе, еліңнің атағы мен даңқы үшін намыстанайын десең, сен бір құбыжық, қыңыр адам саналасын...

Амангелді. Мұның қыр қазағы үшін жұмбақтай сыр болар...

Петр. Бір ақсақ капитан Петербурға сыймады ғой әйтеуір. Солай болған соң, қош демеске қандай амалың бар!.. Торығып қайтып ем, Торғайдың кең даласын көрдім де қайта тіріле бастадым.

Амангелді. Елге шық, қымызға кел. Баяғыдай қатар тұра қалып құс атармыз...

Петр. Жоқ, мерген. Кеңірдектен суда тұрып құс

атудан қалған шығармын біржола. Торғайдың жағасына бір шығыр орнатып алам да қауын-қарбыз, тары егем. Міне, мылтықтың бір әулиесін түсіріп алып ем, енді сатқалы тұрмын. Шығыр орнатуға ақша керек... Көрші, өзің! (*Әдемі қабынан алып, Амангелдіге мылтығын береді.*)

Амангелді. Пай, пай-ой! Қанды ауыздың өзі екен! Өнерлегенін-ай өзің!

Петр. Айтпа деймін! Үш ауызы бірдей, мұлт кету дегенді білмейді. Атып байқап едім, мұндай мылтық баласын көрген емеспін!

Амангелді. Жақсы екен, Петра, жақсы екен! Бір мергеннің арманы осындай-ақ болар! Шіркін, мына бір шырқап ағып келе жатқан топ сұқсырға сілтеп қап, тамшылатып түсіріп тұрарма ең!.. (*Сып еткен топ үйрек суылы... Амангелді мылтықты басып қалады.*) Ой, жасаулы екен ғой мынауың!... (*Петр сақылдап күледі, әртұстан топылдап түскен үйректер...*)

Көшір (*жүгіріп келіп үйректерге ұмтылып*). Апырмау, нешеуі түскен! Әй, Амангелді-ай, құс көрсең, құтқару деген жоқ-ау сенде! Тіпті, көздесе екен-ау, әуелі!..

Амангелді. Мылтық-ақ екен!

Петр. Мұлт кетпейді дедім ғой!.. Саған арнап жасалғандай! Өзі де сені күтіп тұр, сен ал. Алеша да жабысып бағып еді, өкпелесе де бермедім. Соғысы құрғырдың салты сол ғой, елде қалған төрелер жиһаз жыйнайды. Алеша әшейін іліп қойғысы келеді. Сен ал, маған шығыр орнатуға ақша керек.

Амангелді. Шығырды мен-ақ салдырып берейін осы елге. Сені білмейтін кім бар бұл маңайда? Сатпай-ақ қой мылтығыңды, өзің ұста!

Петр. Жоқ, ол бір — мен қабылдай алмайтын дәстүр. Сатамын.

Амангелді. Бұрын мылтығыңды көріп беруге қол

тигіздірмейтін едің. Мынаны нағып қыйып сатасын? Жүр, елге жүр, қымыз іш, біраз қаз атып қызығын көр!

Петр. Мен бір қызығары қалмаған адаммын, Амангелді. Қыңыр адам осылай құлайды емес пе! Осы күні түкке қызыға алмаймын. Қазір Алеша келіп қалады, оған дейін сен алып кет.

Амангелді. Ылғый бір астармен сөйлейтін болыпсын, Петра... Мен сені әрең-әрең танып тұрмын...

Петр. Үй күшік боларын сезінген қазымыр жанның дәрменсіз қыжыртуы да әшейін, басқа не бар дейсін!.. Қәне, тос алақаныңды!

Амангелді. Е, баяғым еске түсіп, алақан соғысқалы тұрмын, де!

Петр. Ие, ие! Менің есіме де түсе кеткенін қарашы! Тос алақаныңды!

Амангелді. Ал, тостым.

Петр *(соғып қалып)*. Екі жүз!

Амангелді. О, алақаның баяғысындай екен! Бірақ, менің қалтама бір жүзден артық ақша түсіп көрген жоқ... Бір жүз! *(Бұ да соғады.)*

Петр. Міне, міне, баяғы мүйіз алақан! Жүз де тоқсан тоғыз! *(Соғады.)*

Амангелді. Жүз де бір!

Петр. Жүз де тоқсан сегіз!

Амангелді. Жүз де екі!

Петр. Жүз де тоқсан жеті!

Амангелді. Жүз де үш! *(Біреуі бір сомнан кемітіп, біреуі бір сомнан қосып, алақан соғыса береді. Сыртта шу...)*

— Әкетті, әкетті тор төбелді!

— Әрі кет, әрі кет, ала байталды әрі әкет!

— Атаңның басына қараймысын аңырайып? Әрі әкет!

Петр. Бұл немене?

Амангелді. Базар тарқайын деп жатқан жоқ па... той-тарқар болар...

Петр. Немене?

Амангелді. Пристав, орядниктер бүгін қаптап жүрген... той-тарқар сұрап жүрген солар шығар. Базар онсыз тарқаған емес қой!

Петр *(тұрып, қарап)*. Мына бет қашқан мен қуғынға толып кетіпті, бұл бір ойын шығар? Солай ма?

Амангелді. Иә, ойын...

Петр. Қәне, жүз де сексен сегіз!

Амангелді. Жүз де он екі!.. *(Екеуі енді алаң болып, енжар соғысып тұрады. Урядник келеді.)*

Урядник. Киргиз, түс аттан! Атыңды бер!

Амангелді. Неге? Танып тұрмысын?

Урядник. Ұры қашты, ұры!

Амангелді. Е, ол қайдан келіпті?

Урядник. Сен білетін шығарсын! Ұры емесің бар ма сендердің!

Амангелді. А... ендеше, ұстап ал, ұры қашса...

Урядник. Атыңды бер, атыңды бер! *(Жармаса бастайды.)*

Петр. Ойын екен!.. Әй, әрі жүр!

Урядник. Немене?

Петр. Естімеймісін? Әрі жүр деймін!

Урядник. Мен сізді білмеймін... Мені әне пристав Дробилин жіберді. Әкел атты!

Сыртта дауыстар: — Әліпбай, әр қарай қаш, әр қарай!

— Әй, арт жағыңа қара, арт жағыңа!

— Уай, тебінсеңші, байталыңды!

Пристав келеді.

Дробилин. Сен не қылып тұрсын, тозған шүберек!

Урядник. Атын бермей тұр мына қазақ!

Дробилин. Қалай бермейді, орыс-қазақ қырылысып жатқанда? Әкел бері!

Амангелді. Осы базарда төбелескен бір орыс, бір қазақ болған жоқ қой?

Дробилин. Оны мен білемін! Атты әкел!

Амангелді. Әйтеуір алмай қоймассын, берейін... *(Аттан түсе береді.)*

Петр. Берме! Әй, сен де әрі жүр! Жанжалды өзің бастап, жаласын орыс пен қазаққа жаппа, білдің бе? Бәрін көріп тұрмын манадан! Сендерсіндер біреуді біреуге соғып, жем іздеп жалақтап жүрген! Әрі жүр!

Дробилин. Сен не үшін кірісіп тұрсын?

Петр. Ұят үшін! Күнәсіз момын жұрт үшін! Россияның елі үшін!

Дробилин. Сен үйтіп көкіме мырза! Бар сырың менің қолымда! Мен ептеп білемін жәйіңді: армиядан ақсақтығыңмен ғана босаған жоқсың!

Петр. Ол менің өз жұмысым. Ұрлық-қарлық қылып босаған жоқпын мен!

Дробилин. Одан да жаман! Сенімсіз болған соң қуылып келдің!

Петр. Кет деймін саған!

Дробилин. Сен маған бұйрық ете алмайсын. Тәртіп сақтау менің қолымда! Түс, қазақ, аттан!

Амангелді. Жоқ, енді түсе алмаймын.

Дробилин. А, түспеймісін? Ендеше атыңның қағазын көрсет! Ұрланған ат екеніне бәс тігем! Көрсет қағазын!

Амангелді. Қазақ малында қағаз болмайтынын өзің де жақсы білесін, жоқ қағазы.

Дробилин. Міне, міне! Жоқ па қағазың? Жоқ! Бері әкел атты! *(Жармасады).*

Амангелді. Жармаспа! Мен оңай бере алмаймын атымды! Басқалармен ойна!

Дробилин. Жоқ бересін! *(Екеуі таласып жатады).*

А м а н г е л д і. Қоймадың ба! *(Дробилинді аттың бір жағынан екінші жағына түсіреді.)* Қой енді!

Д р о б и л и н. Қарауыл, қарауыл! Бері, бері, мында! *(Урядниктер келе жатады.)*

А м а н г е л д і. Петра, іс бәрібір насырға шапты. Қош бол! *(Дробилинді алқымынан алған бойы шауып шығып кетеді.)*

У р я д н и к т е р. Қарауыл, қарауыл!.. Ұста, ұста! *(Олар да кетеді.)*.

П е т р. Жігіт қой бұл! Намыс үшін өліп кетсе ынқ етер ме екен!.. Ғажап, ә!.. Бір ел емес, дос ел емес, жауығып отырған жат елдей ұстаймыз. Екі елдің арасын бүтіндей берудің орнына бұлдіре түсеміз. Екі ғасыр артта қалған мінез көрсетеміз! Бір сары ауыз приставтың қу құлқыны үшін не құрбан болып жатқанында жұмысымыз да жоқ! *(Біраз адамдарды айдап урядниктер, екінші жақтан ояз начальнигі Алексей Логинов келеді.)*

П е т р. Алеша, осының бәрі келіспейтін, ұят іс! Қылмысты сенің адамдарың істейді де, жаманатын орыстың еліне жабады. Сен осыны нағып көрмейсін? Босат мына жұртты, ғафу өтініп босат!

А й д а л ғ а н д а р. Мырза-ау, қазақ атында қағаз болушы ма еді? Бірен-саран сатып алынған ат болмаса, қолтумада қағаз болмайды.

— Оң жағында тілігі бар, маңдайында төбелі бар, Сарымсақтың сары аты деп жүре береміз...

— Қайдағы Сарымсақтың атын айтады ғой... Менің көктарланым әкеммен жасыт екенін қайсың білмейсіңдер осы? Содан қағаз сұрағандарыңның өзі ұят қой. Соны айтсаңдаршы төреге!

— Ойбай-ау, былтырғы базарда менің сар бауырым бәйгеге қосылған. Жетінші болып келіп жүлде алған... Соны естімеді дейсіңдер ме төре? Көрген өзі!.. Соны айтшы біреуің, айналайын, соны айтшы, біреуің!..

А. Л о г и н о в. Жә тоқтаңдар!..

Петр. Қолдан қылмыс жасаттырма жендеттеріңе! Бұл провокация! Аты ұрланған да бір адам жоқ, төбелескен де бір адам жоқ. Бәрін сенің адамдарың қолдан жасап жүр!

А. Логинов. Өлімші болып қалған пристав Дробилинді қайтесің? О да қылмыс емес пе?

Петр. Оның өз сазайы. Қылышым белімде жүрген кезім болса, мен оны шауып өлтіретін едім. Дала дейсіндер де анайылық істейсіңдер! Жаманатына жұртты күйдіресіңдер. Бұл өгей ел емес, Россия елі, бауыр ел, туысқан ел! Неге жәбірлейсіндер?

А. Логинов. Сен араласпашы осы... Ылғый бір қырын келіп килігетінің не? Қылмыс аты — қылмыс! *(Жұртқа.)* Аттарыңа болыстарыңнан қағаз әкеліңдер, қайтартып берем. Бірақ, пристав үшін айыпты Амангелді Иманов деген қазақ. Әуелі соны ұстап бересіңдер. Содан кейін өздеріңді де босатам.

Петр. Әделет екен!

А. Логинов. Екі ғасыр бойы өзін өзі ақтаған әделет осы. Оны мен өзгерте алмаймын.

Петр. Екі ғасыр бойындағы надан зорлығымыз осы, соны өзгерте алмаймын, де одан да!

А. Логинов. Петя, араласпа дедім ғой... *(Жұртқа)* Қәне, ұстатып бересіңдер ме Амангелдіні?

Ұсталғандар. Ол тіпті осы базарға келмеді-ау деймін...

— Бүгін көре алмадық қой... кетіп қалған болар...

— Онша танымайтын да едік... Ол өзі басқа болыстың адамы...

А. Логинов. Таныйсыңдар!.. Әлде ғана базарда жүрген... Мен де көрдім оны. Амангелді ұсталмай тұрып, босамайсыңдар! Түсінікті ғой?

Жайнақ. Әй, құр сыйпақтағанша біреуің мен сол едім деп неге шыға келмейсіңдер, түге!.. Басқаң сонда босағалы тұрсыңдар ғой.

Ұсталғандар. Отқа итеруін қарашы, жайына тұрмай!

— Сібір өткізіп жіберсін дейсін ғой!

Жайнақ. Амангелді сендерді жалғыз сүйреп шығара алады, сендер бәріңсүйреп жалғыз Амангелдіні шығара алмайсыңдар! Түсінсеңдерші осыны!

Ұсталғандар. Қой, шырағым, әркімнің өз жаны өзіне тәтті...

— Ер болсаң, өзің шыға ғой! Шықшы, кәне, көрейік!

Жайнақ. Қап, мына ездікті-ай!

Ұсталғандар. Ер болсаң өзің шыға ғой деп тұрмыз ғой! Кәне шыға ғой! Сені-ақ ер екен деп жүрейік, шықшы кәне!

Жайнақ *(ортаға шығып)*. Менмін Амангелді! Ұстай беріңіз.

Петр. Жігіт екен!

А. Логинов. Жоқ, сен емессің Амангелді, мен әлде көргемін оны!

Жайнақ. Жоқ, менмін Амангелді!

Петр. Осы, осы! Мен таныймын ғой оны. Осы!.. *(Екі Логинов қадалып қарасады да түсініседі.)*

А. Логинов. Жә, сен болсаң, сен шығарсын! Ұстаңдар, әкетіңдер ананы! Босансын өзгесі. Тараңдар! *(Жайнақты алып кетеді. Басқалар тарай бастайды.)*

Ұсталғандар. Әй, мынауың шын-ақ бір ер болып шықты.

— Қарыз арқалатып кеткендей болғанын көрдің бе өзінің?

— Елміз ғой, қайтарармыз бір! *(Жұрт тарап кетеді.)*

А. Логинов. Петя, менің жұмысыма осы соңғы рет араласуың болсын! Либералдық пен ояз начальнигінің міндеті деген екі басқа нәрсе.

Петр. Ендеше, менің көзімше істелген соңғы қылмыс та осы болсын! Елдің басын біріктіре түсер уақытта, орыс пен қазақ елінің арасына әдейі сына қақпаңдар!

Мен сенің есіңе орыс офицерінің ар-ұяты дегенді салғым келеді.

А. Логинов. Оның орны бұл дала емес... Дегенің болды, осымен тын енді. Мен білмей тұр деймісің, алып қалдың Амангелдіні. Мұның арты тағы да жанжал, тағы да төбелес деген сөз. Сенен жасырмайын, осы жолы мен оны кісенге отырғызуым керек еді, осыныма да рахмет айтсын.

Петр. Жоқ, айтпайды. Бәрін де өз көзіммен көріп тұрдым. Мен оны шамам келгенше жақтайтын болам.

А. Логинов. Сақ болғайсын!.. Онсыз да сенің айналаң әңгімеге толып кетті. Қаланың қайдағы бір бұралқылары мен қырдың қазағы не бақ әкелер дейсің сағаң. *(Көшірге)* Ал, кеттік!

Петр. Жоқ, мен түсіп қалам... Қайтармын амалдап. *(Бір қолында таяқ, бір қолында мылтығы Петр түсіп қалады.)*

А. Логинов. Сақтан, Петя! Заң орталықта шығады да, шетке шыға келе қатая береді! Айда... *(Арба жүріп кетеді.)*

Петр. Көзіңді жұмып алмасаң, көрмейтін бір бәлең болсайшы бұл... Мынау соғыс, мынау отаның етек-жеңін жыйнай алмай, шашылып жатқан. Анау жау күнде күліп отырған! Қайда кетерсін, қайдан табарсын адамға лайық өмірді! Заңсыздықты заң қолымен жасаймыз. Кім отаным десін мұны, қалай жаны ашысын бұған? Елдер басын қоса түсер заманда араздық өртін тұтата түсеміз. Бұрынғысы аз болғандай, у үстіне у құямыз! *(Босағандар келеді.)*

Келгендер. Өзің бір адам екесін, шырағым. Саған алғысымызды айтқалы келдік...

Петр. Рахмет оларыңызға... Жанжал неден басталды өзі?

Келгендер. Ойбай-ау, мына бір қырт Смайылдан басталды ғой...

Петр. Ие?

Жўрт. Әлгі қызыл көз пристав бір жүз сом «ақ күйрықты» жыйнап беріңдер деп көңіл етіп, соған осы иттің жатып тұрып қарсы болғаны!..

— Неміз кететін еді, жыйнап бере салсақ!

Петр. Оны не үшін бермексіңдер?

Жўрт. Шырағым-ау, қашаннан бергі әдет емес пе!.. Базардың аман-есен тарқап жатқан шағы...

— Сұрамасын сұраған соң, берген жөн де... Бермеген нің арты бір пәлеге соқпай қоятын ба еді!

Петр. Бермегендерің дұрыс!

Жўрт. Не болды енді, міне?.. Оннан артық ат кетті...

Петр. Кетпейді, қайыртамын!

Жўрт. Әлгі Жайнақ ақтан күйіп кетті ғой!

Петр. О да кетпейді. Босанады. *(Амангелді келеді.)*

Амангелді. Петра, көзіңмен көрдің, қалай шыдай берерсін бұған! Ылғый бір мазақ, ылғый бір қорлау... Адамбыз ғой біз де! Осы біз бөтен елміз бе? Өзімізді өзіміз неге тістелей береміз? Мұның атын не деуге болады?

Петр. Назаланба, мерген. Россияның қолынан келері жалғыз ғана бұзақылық емес! Қара түнде жұлдыздай жарқырайтын биік ойы бар! Әделеті бар, заңы бар, жүрегі бар!

Амангелді. Жә, ендеше, соны өз көзіммен көріп келейін, Жайнақты босаттыр, түрмесіне өзім барып түсем.

Петр. Жоқ, оны істеме. Ол қатадан ұсталған жігіт, ертең-ақ босайды. Іс те сонымен тынады. *(Тәуке келеді.)*

Тәуке. Батыр-ау, лабақтысына өзің бармасаң болмас білем... он бес жігітті қайта ұстап әкетті ана жақтан... өзің барып қолдарына түс те, босаттыр ана жұртты.

Амангелді. Енді не айтасын, Петра? Менсіз іс аяқталмайтын болыпты ғой, барайын өзім.

Петр. Жоқ, бармайсын. Сен қолға түспе, қуын. Қолға бір түссең, босана алмайсың. Орынборға бар, одан әделет таппасаң Петербурға бар. Мен өз көзіммен көрген

зұлымдық туралы бар шынын айтып, куәлік етем. Мен орыс офицерімін, тыңдайды сөзімді, тындатам. Россияда заң бар әлі! Ізден! Атыңды сат, мә, мынаны да сат! *(Мылтығын береді.)* Әделет іздеп жолға шық! Арызыңды өзім жазып берем.

Амангелді. Жоқ, Петра, мың зәбірдің бірі ғой бұл. Бір жолғыдан ақталарсың, келер жолы егіздеп келмесіне кім кепіл? Бірді ғана шағым етіп барсам, маған ұят болар да, мыңды айтып барсам заңға ұят болып жүрер...

Петр. Бірді де емес, мыңды да емес, бәрін айтып бар! Қағарың да жалғыз ғана заң есігі болмасын!..

Амангелді. Ә!.. Қағарың да жалғыз ғана заң есігі болмасын деймісін!.. Олай болса, бірге жүр десем, не айтарсын? Қағар есікті танымай өтіп жүрмейін, бірге жүр! Үміт етер сөз айтып тұрсын, сол үміттің бұлағын өзің көрсет!

Петр. Бірге жүр?.. Мынаны көріп тұрып, сен үндемесең де мен үндемей қоя алмас едім. Міне қолым, барамын бірге!

Амангелді. Рахмет, Петра, рахмет! Мынау ел ұмытпас мұныңды!

Екеуі қол алысады.

2-СУРЕТ

Петроград... Әдемі бір үйдің алды. Ариаулы тақтайда жапсырылған әр түрлі жарнамалар. Басында тымақ, аяғында саптама етік Амангелді еңкейіп бір жарнаманы оқып тұр. Алда, скамейкада үш жас жігіт кадеттер отыр.

Кадеттер:

I — Ана бір маймыл не істеп тұр?

II — Парктан қашып кеткен ғой, сірә...

III — Мәдениетті иіскеп тұр.

I — О, Ұлы Россия, кім жоқ сенде! *(Күліседі.)*

II — Бұлар әлі көңілімен емес, мұрнымен көбірек сезетін халықтар...

III — Азия, Азия!

I — Осыларға астанаға келуге кім лұқсат етеді екен, ә?

II — Басындағысымен басы-көзің тас қып байлап кетсе қайтер еді!

Амангелді. Апыр-ай, мына бір сөзі немене болды екен? Өзгесін шамаласам да, мына біреуінің икемге келмеуін көрдің бе... «Рәсіри, кәпка секін-рек...» мына біреуі биге жақын болушы ма еді?..

Кадеттер:

I — Жоқ, астанада мынаны көру қорлық болар!

II — Жоқ, мен барам!.. *(Арт жағынан келіп Амангелдінің тымағын көзіне түсіреді.)*

III — Көзіне түсір де байлап кет! *Амангелді тымағын кейін ысырып қойып, бір қарайды да, жарнаманы оқый береді.)*

I — Көресін бе, түйе кәдуілгі! Шыдай береді!

Амангелді. Бізде былай деген сөз бар, жігіттер...

Кадеттер:

II — Сөз бар? Ол қайдан келді? *(Бәрі осы араға жыйналады.)*

I — Сендер сөйлейсіңдер ме?

II — Жоқ! Сендер мә-мә-мә... Ау-ау-ау!..

III — Сендер сөйлеуге тиіс емессіндер! *(Амангелді таң қалып қарап қалады.)*

II — Мә-мә-мә!.. *(Тымақ ойыны тоқталмайды. Петр мен Михаил Пластунов келе жатыр.)*

Петр. Әне, әне тұр, іздеген адамың.

Пластунов. Қасындағылары кім?

Петр. Кадеттің боқ мұрындары ғой. Бұлардың бұзақылығында шек бар ма?

Пластунов. Мынауың қазақ... Бір қырсықпен келген ғой, жел айдап. Апыр-ай, мыналардың бұзығын-ай!

Петр. Сен оны қазақ деп қана қойма, қандай адам екенін анда!

Амангелді. Мырзалар, мен мына бір сөзге түсінбей тұрмын...

Кадеттер. Қайсы, қайсы? Ол мынау!.. *(Тымақты тағы да көзіне түсіріп жібереді.)*

Пластунов. Айналада ешкім жоқ па өзі?

Петр. Жоқ секілді.

Пластунов. Момын қазақ, момындығы емес, әдейі шыдап тұр білем. Бейбастағың мен бұзығың болса, түзігің де бар шығар, қашан көзің түсер екен деп, астанаға сын айтып тұрғандай екен!

Кадеттер. Сұрап тұрған сөзін көрдің бе өзінің! «Риквизиция»! Ол мынау болады! *(Амангелдінің тымағын алып, біріне бірі лақтырып, қарқылдап күлісіп кете береді. Амангелді таңдана қарап тұрып қалады.)*

Пластунов. Жоқ, тағы он жыл қосып алсам да, мына қорлыққа шыдаман! *(Жүгіріп барып тымақты әкетіп бара жатқанды жауырыннан алып лақтырып жіберіп, тымақты алады.)* Подлецсіндер, сендер!

Петр. Сендерді күні ертеңгі офицеріміз дейміз-ау!

Кадеттер. Ә-ә!!. Бұл қара қоңыздар қайдан шыға келді? Келіңдер, сояйық өздерін!

Петр. Немене дедіңдер?

Пластунов *(сыбанып, оңтайланып)*. Кәне, кімді кім сояр екен! Шегіңіндер, өңшең сары ауыз күшіктер, шегін!

Кадеттер. Кімге болысып тұрғаның көремісіңдер! Бұларың босқа кешірілмейді! *(Пластунов жақындай береді.)*

Петр. Не кешірілмейтінін көрсетермін мен сендерге!

Кадеттер. Лю-лю-лю!.. *(Тілдерін көрсетіп қашып кетеді.)*

Пластунов *(тымақты Амангелдіге беріп жатып)*. Кешіріңіз, Россия үлкен ел, бұдан бәрі де табылады...

Ақылмен қатар ахмақтық, түзіктікпен қатар бұзақылық, заңмен қатар заңсыздық...

Амангелді. Рахмет шырағым. Жастар ғой, біреу оларға бұзық бол деп үйретіп қойды деймісін. Ел атын ауызға алмай-ақ қойыңыз.

Петр *(Пластуновқа)*. Көремісін?

Пластунов. Мұны айтқан сізге рахмет, ақылды адам. Амал қайсы, бұларды да орыс жастары дейді.

Петр Осы қырықсідік күні ертең офицер болып шығады. Сорлы Россия осылардың алдына солдатын салып бергенде, олардың көретіні де осы мазақ.

Пластунов. Өздерінен басқа адам жоқ бұлардың, өздері аюаннан жаман.

Амангелді. Рахмет, жас жігіт... Мұндай сөзге біз араласа алмаймыз. Білмейтін, қыр еліміз...

Пластунов. Қай жақтікі едіңіз?

Амангелді. Алыс... Торғай қазағымын.

Пластунов. Білем, білем. Мен Қарсақпайдікімін.

Амангелді. Бауыр екеміз ғой! *(Қолын ұсынады.)*

Пластунов. Бауыр, бауыр. *(Қол алысады.)* Мен сіздің шыдамдылығыңызға таң қалдым. Қалай шыдай бердіңіз мазаққа?

Амангелді. Қайтесін... Үлкен қалада, әсіресе, астана болған жерде мың бейбастақ бар шығар... қайсысымен ілегісе берем бір жалғыз?

Пластунов. Мың болса көзге де ілікпес еді-ау, мыңдар ғой!.. Сіз бірдеме оқып тұр ма едіңіз?

Амангелді. Мына бір жарнаманы оқып тұр едім. Өзімше ежелеп көремін де, бір сөзіне тілім де келмейді, түсіне де алмаймын. Мына бір сөзі. *(Көрсетеді.)*

Пластунов. Ә... риквизиция ма? Бұл жарнаманы менің көріп тұрғаным да осы еді. Қазақ-қырғыз сияқты елдердің он тоғыз бен отыз бірдің арасындағы еркек кіндіктісін майдан жұмысына алатын болған екен ғой...

Петр. Әдейі теріс айналдырып, мал мен мүлікке ай-

тылатын риквизиция деген сөзді қосқандарын қара
чиновниктердің менмендігі тағы баяғы!

Амангелді. Мал мен мүлік орнына адамды ал
деген бе?

Пластунов. Жоқ, адамның өзін мал мен мүлік
еріксіз, күшпен делінген...

Амангелді. Кәдуілгі адамды ма? Мыйсалы,
өзімді адаммын деп санасам, мені мал орнына деген

Пластунов. Олай демегенмен, жақын соған...

Амангелді. Онда жаңағылардікі дұрыс бол
ғой... Менің тымағымды жұлып алып жүре беріп еді,
болғаны да?

Петр. Сол... Сол, мерген. Дұрыс ұғыпсың.

Пластунов. Қарсақпай, Торғай бір ел ғой.
ғасыр бойы араласып, бауырласып кеткен елдің адам
астанамызда қорлағандарына мен ұялып тұрмын, ке
ріңіз...

Амангелді. Оқа емес,.. айттым ғой, жастар
ласын елге жаппаймын... Үйреншікті болып кеткен
біраз нәрселер бар ғой, қайсысына қайғыра береміз он

Пластунов. Сіз бұдан көрі ашынып айтсан
жеңілірек болар еді маған. Жұмсақ айтқаныңыз бат
барады.

Амангелді. Ендеше, қатты айтайын, мұндай
нездер ел арасын айыра беретін нәрсе. Мен соған ға
қынжылам.

Пластунов. Орыстың өз діңкесіне де тиіп бол
бұл зорлық. Өзі де әрең шыдап отыр.

Петр. Тегі шыдай да бермес!

Амангелді. Олай демеңіздер жігіттер... Мен қ
дың қазағы — орыстың өз ұлдарынан да наразылар
екен деп кетермін...

Пластунов. Не дедіңіз?

Амангелді. Қазақтың жазық нету деп жалт

салатын да бір қулығы бар. Сірә, дұрыс түсіндіруге тілім жетпеді ғой деймін, солай ма?

Пластунов. Олай емес пе деп қалдым.

Амангелді. Жоқ, мен түсіндіре алам. Петрамен бірге келгенің рас болса, сен де түсіне аласың!

Петр. Сезіктенбе мерген, бірге келді...

Амангелді. Өзі күшпен бірігіп отырған елге, қорлық-зорлықты қоса беруге орыстың өз ұлдары да наразы екен деп кетермін деймін... Петерборында бір ай жатып, мың түрлі үн естідім, оңды-терісті соққан желдерге де құлағымды тостым... Көп тостым. Құлағымның ұққаны да, үміт ойының қадалғаны да осы бір сырың болды...

Петр *(Пластуновқа)*. Шүбең болса, енді айтшы кәне!

Пластунов *(таңдана қарап)*. Атыңыз кім сіздің?

Амангелді. Амангелді.

Пластунов. Менің атым Михаил Пластунов. *(Екеуі тағы да қол алысады.)* Орысша оқый алады екенсіз, ә?

Амангелді. Жоқ, орысшаны мұсылманша ежелеп оқыймын.

Пластунов. Ол қалай болғаны?

Амангелді. Мыйсалы, жаңағы сөзді былай оқыйсын: рәсіри кәпка секін-рек, биясын би — рекби, зиге секін — рекби — зит, сын асын сый ясия — рекбезиция...

Пластунов. Риквизиция деңіз.

Амангелді. Иә, рекбезиция..

Пластунов. Инемен құдық қазғандай екен!

Амангелді. Амал қайсы, бірдемені білудің бар жолы осылай ауыр болад та!

Пластунов. Қытайша дейтін едік, соның айналасы ғой мынау.

Амангелді. Қытай әйтеуір өзінше бірдеме істей алады ғой... Бізді айт, ең арғысы құдайға да өзіміздің тілде жалбарына алмаймыз. Біздің тілді қабылдамайтын көрінеді...

Пластунов. Қабылдамайтын көрінеді?

Амангелді. Иә, бірақ, онысына біздің қазақ ренжімейді де. О дүниенің жайына шорқақ тіл, бұ дүниенің жайына оңтайлы болар деп үміттенеміз.

Пластунов. Мен мұныңызды даналық екен деп едім.

Амангелді. Ел ғой, әйтеуір, өзінше, о да бірдемені топшылайды да.

Пластунов. Ал, қалай ойлайсыз, қазақ елі мынаған қалай қарар?

Амангелді. Оны патша ағзамымыз білед те... Елім деп, ішке тарта өсірсе — тартынатын ешкім болмас. Майданның ауыр жайларын естігенде қазақ елі қуанып қалмайды, ренжіп қалады. Бұратана-бұралқы деп өсірсе, біле алмадым... Бірақ, мына рәсіри кәпка секіні келісіп-кіремей тұрған сыяқты... Мынада елім деп жазып па бізге, бұратана-бұралқы деп жазып па?

Пластунов. Оны көріп тұрмыз ғой екеуміз де...

Амангелді. Мен ежелеп оқып түсінгенше, көп заман өтіп кетіп жүрер, төтесін сілтеп жіберсеңіз қайтер?

Пластунов. Мен төтесін сілтейін, бірақ, ежелеп болса да өзіңіз де түсініңіз.

Петр. Олай болса келісіп қалдыңыздар...

Амангелді. Онда осыған келісеміз бе?

Пластунов. Келісеміз... Мен сізбен бір ай отырып сөйлесетін сөзім бар адамдай болып қалдым. Тағы бір кездессек қайтер?

Амангелді. Келіңіз кешке, бағзал қасындағы номірдеміз.

Петр. Номірді қоялық, Торғай мен Қарсақпайдың жолы бір ғой, бірге қайталық одан да.

Амангелді. Ол тіпті жақсы болады.

Пластунов. Уәде ғой?

Амангелді. Уәде! *(Қол алысады, Петр мен Пластунов кетеді. Үйден адвокат шығады.)*

Адвокат. Іс қыйындай бастады қазағым... Әңгіме ұсталған он бес адам да емес, тағы да жыйырма бес адам ұсталыпты. Сондай мал көп жерде, мал ұрлығының сонша етек алып кеткеніне таң қалып шықтым. Прокурор Иван Архипович Ковалевский турасын айта келіп, — цыган боп кеткен елдің ұры-қарысына қатал тыйым салынбаса болмайды, деген өте бір суық ызғар көрсетті. Сол Амангелді дегенің тегі бір бұзақы болар, сірә... Сен соны жасырмасаң екен.

Амангелді. Жасырған емен...

Адвокат. Егер, соның өзін құрмалдық етіп, басқасын қуып көрсек қайтер? Үстінен түскен акты деген қаптап кетіпті. Басқалар бар пәле сол Амангелдіде дегенді дәлелдей алса, мүмкін, іс оңына айналар еді.

Амангелді. Егер, бар істі сол Амангелдіге аударып шығарсақ, басқалары ақталар ма еді?

Адвокат. Кесіп айту қыйын, бірақ, жеңілденер еді. Үш болыс акты жіберіпті Амангелдінің үстінен: ол өзі ояз бастығы Логиновты өлтірем деп, базарға әдейі келген екен!

Амангелді. Онымыз қыянат болмас па? Амангелді ақ адам ғой? Оны сол Логиновтың офицер ағасы да ақтап отыр емес пе?

Адвокат. Әңгіменің бір жағы сол офицеріңізде болып тұр. Ол өзі сенімсіз болғандықтан шеттетілген адам екен. Амангелдінің басы қалай да ақталмайды. Кел, істің бетін соған аударайық!

Амангелді. Ойласайық... Сіз мына бір сөзді түсіндіріп беріңізші.

Адвокат. А, риквизицияны айтамысын... Жаман сөз екен, жаман сөз... Хата кеткен болу керек. Оны білмей-ақ қой. Қысқасы, қазақтар да отанын қорғасқаны жөн ғой! Ол немене, біржола демалысқа шыққан ел ме?

Барсын! Оны қой, шайканың бастығы ретінде Амангелдіге істі аударсақ, басқалардікі жеңілдене береді. Қырық адам қандай, бір адам қандай, көн осыған!

Амангелді. Жақсы, құрметтім... Мен бүгін елге қайтам. Айтқаныңыз мүмкін орындалар, мүмкін—жоқ... Мен енді бұл істі қууды тоқтаттым.

Адвокат. Қалай?

Амангелді. Мына бір жаман сөз дегеніңіз мені де майданға шақырып тұрған жоқ па?

Адвокат. Дұрыс, дұрыс. Бірақ, ешнәрсеге қолың жетпегенмен, кесілген сумманың, тым болмаса, жартысын төлеуге лайықты боласын маған. Онсыз, менімен де соттасып қаласың, қазағым.

Амангелді. Мінекей, рахым етіңіз. *(Ақшасын береді.)*

Адвокат. Бұлай болған күнде менің де қарсылығым бола алмайды. Әрине, майданға барам дегенің дұрыс сөз. Патша да, отан да бәрімізге де ортақ қой, барған дұрыс, барған дұрыс. *(Ақшасын санап тұрып сөйлейді.)*

Амангелді. Әрине, әрине. Ал, хош болыңыз.

Адвокат. Тегі, өзің бір ақылды адам боларсын... Мұндай істі әділ соттың өз қарауына қалдырып, осылай тоқтатқан да жөн... Көзің жете бермеген соң, тартына жақтайды екенсің. Мұндай іске маркұм Федор Никифорович Плевако керек болар еді, ол жоқ... Мен сол Амангелдіше өзім де сене алмадым.

Амангелді. Иә, мен де сене алмаймын.

Адвокат. Міне, арыздарың. Айтпақшы, атың кім еді сенің?

Амангелді. Жайнақ.

Адвокат. Ие, ие, Жайнақ... Жайнақ Жылқыайдаров... Қош болыңыз. Мұндай іс осылай біткені дұрыс. *(Кетеді.)*

Амангелді *(ойланып)*. Басқа қазақ Мекеге бар-

ғанды мерей көрсе, оны өлгеннен кейінгі дүниенің қамы деседі. Мен өлгенге дейінгі өмірдің қамын іздеп, Мекке емес, астанам деп осында келіп ем, бар қақпасын тас бекітіп, торлы терезелер ызғармен қарады. Қара түннен — жарық, қара тастан — мейірім күткендей, тең көрместен теңдік сұрап адасыппыз! Әлі сол адасуда екенбіз. Мен түгіл, Петра достым, сен де адасуда екенсін. Әлі де басымыз иіліп, тіземіз бүгіліп болмапты: астана тағы да осыны айтты. Бірақ, әлсіз бір жарық ұстатқандай да болды қолыма... Онысына да алғыс айтам да... Әлсіз шам, сонша кең даланың айсыз түнін жарқырата алар ма, жоқ па? Ол тетік шамда ғана болмас, ұстай білер қолда да болар... Жә, саптамалы етігім, жалпақ басар жайлауыңа қайт! Ердің күші елінде деген, еліңе қайт! *(Кете береді.)*

3-СУРЕТ

Дала... Әріректе құрылған стол, мінбер... Бір бүйірде киіз үй. Бұлығып күліп Байтас келе жатыр, қасында Тымақбай, Жаңабай.

Байтас. Өлтірдің күшік, өлтірдің! Айтпа ойбай, айтпа!..

Жаңабай. Құдай тек күлкіге жазсын, құрдас болған соң күле бересің ғой, Байтас. Осынымды істеп бер ағатай. Тіпті әрі барып жатайын да...

Байтас. Әрі барғанда, он бес дегенің ретке келмейді ғой тіпті! Тым болмаса он жеті десеңші.

Жаңабай. Он жетің екі жылдан соң ілігіп кеткелі тұрған жоқпа.

Байтас. Ендеше, қырық бес, де! Сақалың қауғадай, өзіңе лайықты айтсаңшы, ит-ау!

Жаңабай. Қырық бес қауыпта тұр деп, Ашамай бақсы күнде қақсап отыр, он бес көрінеді қауыпсызы.

Тымақбай. Жаңабай дұрыс айтады. Байтас. Әй-

теуір бет бүркеген соң, әрі барып бүркейін дегені білгендік қой. Күлгенің жөн ғой, бірақ, күлкімен жан сақтап қалса, одан артық олжа бар деймісін. Айтқанын істеп бер — он бес те болса он бесте-ақ болсын, Қыпшақтағы екі үлкен үйдің бірінде отыр ғой қалқыйып...

Жаңабай *(жыламсырап)*. Жалғызбын ғой, бауырым-ау, жалғызбын ғой...

Байтас. Қойшы ей, жыламай. Жарайды, не дегеніңді істеп берейін. Бүгіннен бастап он бестесін, он бестесін сақалды бала!

Жаңабай. Болды бауырым, болды. Көк жорғаны костым жылқыңа! Сен мін, игілігіңе мін ағатай... *(Кетеді. Әрелдік келе жатыр.)*

Әрелдік. Байтас, мойныңды бұра кетші.

Тымақбай. Әй, сен тоқтай тұр, болыста менің сөзім бар. Байтас, қашаннан баталас едік, дәмдес едік... Жалбағайдың аруағы шығар, менің де бүйтіп атқа мініп жүргенім... Менің әлгі Сары дейтін балам он тоғызда тұр ғой...

Байтас. Жігіт боп қалған екен ғой...

Тымақбай. Е, жігіт боп қалды. Менің былтыр ұзатқан қызымның аты, білесің, Сара еді ғой.

Байтас. Е, білем ғой, білем ғой Сараны...

Тымақбай. Сол Сарамен Сарының атын ауыстыра қойсақ деймін. Жаңағының он бесте болам дегенінен ұят емес шығар, мұным. Күліп жүрме, мен күлкіні жақтырмайтын адаммын!

Байтас. Апыр-ау, осындайларыңды өзіме-ақ тапсыра салсаңдар болмай ма осы. Өзім ретін келтірем ғой, жұртқа күлкі болып не керек...

Тымақбай. Жоқ, сен жұмысың көп болыссың. Есіңнен шығып кетер деп қорықпаймын, бірақ, өзіміз реттеп әкелмесек, қайсы біріне орын тауып бере бересін. Сөйт, Сары болмай-ақ, Сара болсын да, қыз болсын. Песіріңді бері шақыр да, тапсыр қазір. Бір-ақ харіп қой

өзгертетіні: рәсіри болып Сары болып тұр еді ғой, рәсрә болса Сара болады да шыға келеді.

Б а й т а с. Кешке бір оралып соқсайшы біздің ауылға, табармыз ретін.

Т ы м а қ б а й. Е, болды енді, болды. Мен әлгіге ұсап, ат берем десем ұят болар, дәм-тұзымыз айрылмасын. Кеттім ендеше. *(Кетеді).*

Б а й т а с. Мынаның өзі күлкі де болайын деп тұрғаң сірә? *(Тосып тұрған Әрелдік жақындайды)* Иә?

Ә р е л д і к. Болыс-еке, мен ағылшындарыңмен келісе алмай үйде жатырмын ғой осы күні. Екі бала мынаған ілігіп тұр. Не айтасын? Орайын өзім табам деймісін, болмаса ағылшындарыңа жалына бер деймісін?

Б а й т а с. Сол ағылшындарың осы арадағы он үш болысыңнан асып кеткелі тұр, Әрелдік. Қарсақпай мен Байқоңырға талай адам-ақ барып жан сақтап қалар әлі. Жылы орныңды суытпасаң қайтер? Біріміз онда, біріміз мұнда деген секілді, ондай жерлерден қол үзбейік те. Енді бір он күннен кейін осы жұрт сені паналап жүрмесін.

Ә р е л д і к. Онда ағылшындармен арамызды өзің бір жалғастырып жібер.

Б а й т а с. Міне, оның дұрыс. *(Жұрт жыйналып бері келе жатыр.)* Бері жүр. *(Бұл екеуі кетеді, үлкен топ келіп отырысады).*

Т ә у к е. Қәне, жұртым, болыс-билерің қарасын көрсетті. Бұған біз айтар жауап қайсы, неменеге байладың?

Т ы м а қ б а й. Кімге дейсіз?

Т ә у к е. Тәңірі деген, кімге болушы еді, ана жандаралға деймін тағы!

Ж а п а р. Әлі де ойланайық, бір ай мұрсатана бер деп қарысып көрсек қайтеді?

Т ы м а қ б а й. О да жөн... Тым болмаса тағы бір қыр асып қалар ма ек, әлде қайтер едік...

Т ә у к е. Ол айла-тәсілден біржола айдап шықты

емес пе! Болады мен болмайдының бірін тап бастырмай, күн айығайын деп тұр ма саған! Болыстарың әзірлігің айтып, атой беріп шықты да, ендігі сөз елде қалып отырған жоқ па!

Жапар. Жауап нобайы бар да, соны батып айта алатын кім?

Кете. Қайран қараңғылық-ай!

Тымақбай. Батып деп... Жұрт ұйғарса, мен-ақ айтайын! Тек, жөнін дұрыс сілтеп беріңдерші.

Дауыстар. Е, бәрекелде, бәрекелде.

Жапар. Айтамысын?

Тымақбай. Айтам.

Жапар. Ендеше, әуелі жұрттың жалпы көңілін білдір. Бұратана деп кем санап, мал орнына қолмен аламыз дегенге ел көңілі жүдеулі, де!

Тамақбай. Жоқ, жоқ, басым екеу емес, оны айта алмаймын.

Кете. Қайран қараңғылық-ай!

Жапар. Жоқ, сен айт осыны. Аударатын тілмаш қой, жеткізіп айтпаса содан қалсын. Бұл жалпы елдің зәбірі, айту керек.

Тәуке. Оны айтпасаң өзгеңде не береке болушы еді, тәңірі деген!

Тымақбай. Жоқ, оны айта алмаймын. Бұл арадағы Арғын-Қыпшақ аман тұрғанда, сөз иесін таппай қоймайды. Менің де басым екеу емес.

Жапар. Жалпақ елден тұсап-матап бере қою қыйын болып тұр, деп бір бастамайсын ба... Әзірге елдің ақсақалдары болып, ауыл басы бір-екі жігіттен бере тұрайық, соның өзі де бір қауым жұрт болып қалады. Сөйте-сөйте жалпақ ел де көндігіп кетер деп ойлаймыз деп барып, аңызын бір аңдасаңшы.

Тымақбай. Әй, мұныңыз шұқырыма қона алмай, қыпықтап тұр-ау...

Жапар. Одан да өзім қыпықтап отырмын десеңші.

Тымақбай. Мен бе? Мен осы күні ақ патсаның өзінен қыпықтай қоярма екем! Жалғыз Сарым ілегіп тұрғанда, не бетім бар аяйтын!

Жапар. Ендеше, айт осыны. Мұны айтпағанда нені айтпақ едің!

Тымақбай. Ақ патсаға кісі жібердік,.. патсаның үшінші атасы қазақтан салдат алмаймын деп иттің терісіне жаздырып берген анты бар деген бір сөз бар... Соны біліп келуге Тоқаң мен Төкең жүріп кетті... Ашсаң алақанында, жұмсаң жұдырығында отырған елміз ғой, біз қайда барады дейсін... Бір-екі ай мұрсатана бер деп, осылай жағалатсам ба деп едім...

Кете. Пәйттік-шөрттік, сөз емес!

Жапар. Мұнынды жанарал құлағына да ілмейді, жанағыны айт!

Тымақбай. Жоқ, оған тілім келмейді.

Жапар. Келеді сенің тілің, айт...

Тымақбай. Тілмашқа сүйей салды ғып айт дегеніңнің жаны бар... Бірақ, елдің көңілі жұдеулі деген жағың нерек пе деп отырмын...

Жапар. Алдымен соны айт. Сені қысып бара жатса, біз де шулаймыз ғой, елдің сөзі осы деп.

Тымақбай. Бірақ, тор-төбел ат та осы маңда жақынырақ тұрсын.

Кете. Ат дегені дұрыс!

Тәуке. Түбінде шатақ ауыл басы бір-екі адам дегеннен шыға ма деп қорқам. Сол бір-екі жігіт дегенің кім болады ертең? Сорлайтын тағы да баяғы қара үйлі болад та.

Жапар. Ол жағы кейінгі сөз болар еді-ау...

Тымақбай. Әр ауылдың ақсақалы отырған жоқсындар ма, осында: орайын өздерің келтіресіндер де. Ол оңай ғой тәйірі, айтуы қыйын болып тұр ғой соның.

Тәуке. Жоқ, көріне қулыққа тартпаңдар, жұртым.

Не елмен бірге болыңдар, не болмаса шығыңдар бөлініп

Кете. Паһ, паһ, дұрыс айтты ақсақал!

Дауыстар. Ақсақал, дұрыс шыққан түтін сіздік болып отыр.— Қасымызда екесін, берме тізгініңді!

— Түтініміз бірге ме, бөлек пе, соны біліп ал!

Тәуке. Басы құралса көп, басы құралмаса шөп болып отырған күніміз бар. Уа, бұл жолы бөлек түтін тартпайық түге. Бұл бір ел тілегі. Жылмаңмен, жампан мен ебін келтірем дегендер осы бастан бөлек жайылсын Жөн таппайды, оны да біліп бөлінсін.

Дауыстар. Бәрекелде, бәрекелде.

Тәуке. Көзді жұмбайық бұл жерде, ел түтіні дегеніргелі сөз. Айла табам деп бір жағың отырсың, алданып қалам ба деп бір жағың тұрсын. Айла табатындар аянышақ басады, мына жұрт бәрінен бұрын содан сақтанады. Арғынмын, Қыпшақпын демей, ардақтымын, аяулымын демей, келсең түгел кел, жұрт қасында қалар болсаң ғана ортаға кір!

Жапар. Сіздің сөзде бір қырыс бар ғой, Тәуеке?

Тәуке. Қырыс неге болмасын! Ұнатбаймын осы бір сыбыр-күбірді! Көптің сөзі аяқ асты қалып, сыбыр-күбір басталып, әркім екі жақтап жүр. Жең-үшінен жалғасы бастапты. Жарып шығарың жоқ, бой тасаға басып барасыңдар түге!

Жапар. Әзір оныңызды ертерек айтылған айып көрем, Тәуеке. Тығырыққа таяғанда шығар әлі біреуі.

Тәуке. Ел сөзінің қарасыны көрініп отыр, жарып шығар біреуің бар ма, жоқ па? *(Аз кідіріс. Салт Амангелді келеді).*

Әйелдер. Батыр жігіт, батыр жігіт келіп қалды.

— Құдай-ай, бере гөр, аман қайттың ба батыр?

— Енді бірдеме болар! Атын байла!

Кете. Паһ, паһ жеткен екесін ғой! *(Құшақтасып амандасады).*

Тәуке. Амангелді десіп жатыр ма?

Жапар. Сол білем. Петерборға кетіп еді ғой.

Тәуке. Апыр-ау, не білді екен?

Тымақбай. Тәңірі деген, өзі інге кіре алмай жүріп, не білді дейсін!

Тәуке. Уа, бері кел, бері кел, батыр!

Амангелді. Ассалаумаликөм, Тауеке! *(Қолдасып амандасады).*

Әйелдер. Жол соқты түтек көрінеді ғой, қымыз әкеліңдерші бірің.

Тәуке. Бері отыр, не білдің жарқыным?

Амангелді. Осы өздеріңіз естіп-біліп жатқан жәй ғой.

Тәуке. Не білдің деп ағат айтып жатырмын, не ойлап келдің?

Амангелді. Ойланатын ел болад та. *(Бану қымыз әкеліп береді).*

Тәуке. Біз ойлап қай ұзаққа барды дейсін. Қамалып отырмыз, құр тебіреніп, құр гуілдеудеміз әлі.

Амангелді. Ел тебіренсе бірдеме шығар, бірге ойлайық, ақсақал.

Тәуке. Қорлығы мен зорлығы қос қабаттап келіп тұр, батырым. Қолмен алам деп жандаралың жатыр да, жең ушінен жалғасып би-болыстарың жүр. Жарып шыға алмай былайғы жұртың отыр.

Амангелді. Көреміз де. Аспаннан жауар жақсылық жоқ көрінеді, ел тағдыры елдің өз қолында ғой. Құр қамалып отыра бермес... *(Қасында Алексей Логинов, болыс-билері бар генерал-губернатор Эверсман шығады; Зілғара, Байқара, Кенжеғаралар да бар).*

Эверсман. Уәделі үш сағат өтті. Неменеге байлады екен, сұра!

Байқара. Жоғары мәртәбалы генерал-губернатор фон-Эверсман уәделі үш сағат өтті, неменеге байлады екен мынау ел, сұра деп отыр. Кім бар жауап айтатын?

Жапар. Мына Тымақбай айтады, Тымақбай...

Байқара. Арғын руынан Тымақбай Жалбағаев жауап бермекші.

Тәуке *(Амангелді)*. Мұнікі жәй сөз.

Амангелді. Айтсын, естиік. *(Тымақбай тұрады. Эверсман басын изейді).*

Тымақбай. Жұрт деп, Арғын-Қыпшақ түгел жыйналған жоқ, тақсыр. Жалғыз мен болмасам, біздің Жалбағайға қарағаи ауылдар да түгел емес. Қызбел, Кенарал, Терісаққан, мына Қарсақпай жағы мойны алыс болғандықтан келе алмай қалды. Жайлауда ат-көлік деген арық болады, өйткені, күн ыстық. Быйыл маса-сона да барырақ болып тұр. Жүргізбей келді осында. Бегімбет сыяқты атсыз елдер түгел жоқ. Мен тек, осындағы жұрттың аузын аңғартам...

Эверсман. Немене, ұзақ сөйлеп кеткені?

Байқара. Біраз ел келе алмай қалғандығын айтып жатыр.

Зілғара. Елдің кемістік жағын айтады. *(Эверсман иек көтереді).*

Тымақбай. Біз патша ағзамға жалбарынып, бар шынымызды айтқымыз келеді. Бұл арадағы Арғын-Қыпшақ бір доға, қыр елі боламыз. Әлгі бір теріге жазып берген ант бар деп, соны біле кеткен адамдарымыз да бар... Осындай даң-дұңда тұрғанда абайсызда ант бұзылып кетіп жүрсе, оның обалы патшамызға болып жүрмесін деп те ойлаймыз... Бірақ, оған қарамаймыз, қарамаймыз. Алдын бере береміз. Қазақтың күзем деген бір уақыты болады, содан соң шөп бар тасып алатын. Құдай бұйырса, быйыл күзем ұзаққа созылмас деп отырмыз.

Эверсман. Бұл өзі бір мылжың қазақ емес пе еді?

Тымақбай. Жоқ, тақсыр жоқ. Мен балтайт қазақ емеспін. Күзем біткен соң малдың қыскы азығын бір ыңғайлап, үйіп-жыйып алсақ, содан кейін бере бастаймыз. Быйыл бір Торғай базарында жанжал туып кетіп,

осы ел жылда алатын шәй-қанты мен кездемесін де ала алмай қайтты. Быйыл жайлау тақыр, күздікке де ерте көшіп келетін шығармыз. Баратын балалардың киім-кешегін жамап-жасқап беру үшін Бокырау базарына бір аман-есен барып келсек, оның аржағында тоқтау болмас дейміз.

Кете. Қайран қаранғылық-ай!

Эверсман. Неменеге байлапты?

Байкара. Октябрь айының әржағында береміз дейді.

Зілғара. Қарсы дау да емес, елпілдеп те тұрған жоқ. Маған сөз беріңіз. *(Эверсман иек көтереді.)* Қазақ елі, жаңағы бір сөздерің менің намысыма тиіп отыр. Бағынғалы екі жүз жыл болған елге, мұны мен ұят көріп тұрмын. Осынша келіп қыйналасыңдар, осынша келіп бұлданасыңдар, сіре жалынбырғыларың келеді ғой? Оны күтпеңдер! Әуелі құдай, екінші ақ патса деп отырған ел емес пе еліңдер? Ақ патшаңа осыны істесеңдер, баяғыдан бергі бағындық деп жүргендерің жалған болғаны да. Патсалық, отан дегенді түсінбейтін, елдігі жоқ, бір тағы жұрт болғанымыз да! Екі ауылдың арасында айтылатын қайдағы бір көк мылжың, тұрлаусыз, жалтақ сөзді айтқызып отырғандарыңның өзі ұят қой! Олан да жаппай қарсымыз дендер, мықты болсаңдар. Әйтпесе, елінбіз, қай күніңе де дайынбыз дендер, патшаларына. Күш тіресер жай жоқ бұл елде. Мен де осы елдің баласымын, білемін; қайғы-қуанышым бірге сендермен. Өзің жоқтамағанды мен жоқтап жүрген адаммын. Ішім катты ауырады, бүліншілікке ұшырағалы барасындар. Қыздырманың қызыл тілі не керек, ел басына пәле шақырушылардан аулақ болыңдар! Құдаймен, патсамен тіреспеу керектігін бұл ел нағып жанылып отыр?

Тәуке. Сенген түйем сен болсаң, деп келіп, өзін боктайтын ба еді түйенің, күйсегенін боктайтын ба еді?

Амангелді. Өзін де, күйсегенін де.

Тәуке. Уа, бұл неменесін бұлдап тұр? Ел жоқтамағанды бұл жоқтап, қашан әкеліп бақ орнатып еді басымызға?

Дауыстар. Сеніп келіп едік, ақтамады-ау шіркін дер!

Амангелді. Сөз беріңіз, мен сөйлеймін.

Эверсман. Немене, шуласып кеткендері?

Байқара. Мына кісінің сөзін мақұлдасып жатыр...

Зілғара. Ана бір қазақ сөз сұрайды. *(Эверсман иек көтереді. Амангелді Эверсманның алдына барып бір тізелеп, тымағын қолына алып сөйлеп кетеді.)*

Амангелді. Құрметті генерал-губернатор, мен сізге ел ойының бар шындығын айтайын, әржағын өзіңіз ойлай беріңіз. Жарнамада бізді мал мен мүліктей етіп, қолмен, күшпен алынады делінген. Бір тілекті дос ел емес, жауығып отырған жат елдей, лайықсыз жәбір, баяғы зорлық арқылы аламыз деген. Онсыз да қос ноқталап қойған елге бір жағынан күш, бір жағынан қорлау көрсетіп отырып, отан, ел деген ардакты сөздерді бекер айтасыздар. Отандық, елдік белгілер қайсы? Ел мен елдің арасына күнде қағылып отырған темір сыналар ма? Біз сонау қалмақ жорығында шұбырындыға айналып, орыс халқын паналап, жан сақтап қалып едік. Содан бері дос отырған орыс халқын аға тұтып, тілектес отырған, болашағымыз бір деп отырған елміз. Бізді сүймеушілер болса сүймесін, бірақ, бұл екі ел бірін бірі сүйеді, бірін бірі алдақашан таныды. Ал, осы екі ғасыр бойында осы екі елдің арасын жауластырудан басқа істелген әрекет қайсы? Ол жоқ. Әлі баяғы заңсыздық, әлі баяғы қара күш! Ең аяғы осы жарнаманың өзін ұлы Россияның дос бір жұртына деп жазуды кемшілік көріп, «бұратана халықтарды күшпен алуға» деп отырсыздар. Олай болса, бұл елдің күтетіні не болмақ? Сіздің күтетініңіз не болмақ? Достас қазақ елі деңіз де, елдің өз ортасына келіңіз. Болыссыз, бисіз

келіңіз. Тең көріп, ел көріп келіңіз. Вірақ, сіз оны істей алмайсыз. Ол сіз үшін қорлық қой! Ондай қорлықты енді бұл ел де көтере алмайды. Бұл сапарыңыздан өзіңіз де ешнәрсе күтпеңіз!

Кете. Пah, пah, айткан екен! Енді мен байшұбарды ерттей берем! *(Кетеді).*

Амангелді. Екінші, қасыңыздағы болыс-билердің береміз дегеніне бекер сенесіз. Олар бір адамын да бермейді, мынау елден алып береді. Елдің ойы жаңағы мен айткан. Отан, азамат арасындағы сүйіспеншілік деген сыяқты қадырлы бір сөздерді бұл далада бекер ауызға аласыздар. Азаматтығының өзі берілмеген елден қай сүйіспеншілікті іздейсіз? Отаны жоқ елге қай отаныңызды сүй дейсіз? Одан да, сол күш жағына баса беріңіз!

Эверсман. Сіз бері келіңізші! *(Амангелді барады.)* Егер, осыны жұрт айтып отырса, мұның атын қарсылық дейді. Өзің айтып тұрсаң, дарға асылатын бірінші қазақ сен боласын!

Амангелді. Ел де осыны айтады, мен де осыны айтамын.

Эверсман. Мойның арқан сағынып тұрған жоқ па?

Амангелді. Жоқ, құрметті генерал-губернаторымыз, арқам босануды сағынып тұр. Еңсем көтерілуді тілейді. Күші бар, намысы бар елміз, енді құлдыққа орын қалған жоқ.

Эверсман. Немене?

Амангелді. Солай, генерал-губернатор.

Эверсман. Мен сені қазір ұстатып, қараңғы үйге жаптырсам қалай болар?

Амангелді. Менің құлағыма да тиген бірталай сөздер бар — Россия халқы онсыз да қараңғы үйде отырған көрінеді. Одан енді қорықпасақ керек...

Эверсман *(ызалы)*. Сөз ыңғайы осы болса, енді патшаның рахметіне шағым етпеңіздер! Шыдам бітті. Сентябрьдің бірі күні он тоғыз бен отыз бірдің арасында-

ғы бір адам Торғайға келмей қалса, күш жұмсайтын, жазаға тартатын қарулы қол шығады елге! Ал, мына жігіттің... (*А. Логинов, Дробилин орындарынан тұрып Амангелдіге қарай беттейді.*)

А м а н г е л д і. Жоқ, генерал-губернатор, тым арзан! (*Атына мініп алады.*) Бірінші көтерілген қазақ атқа мінді! Маған ергені менікі, ермей қалғаны сенікі! Аттан, аттан қазақ елі! Аттан! (*Шауып шығып кетеді. Аяқты шиті, қос ауыз, қанжар, кісе сыяқтыларын асынып алған Кете жөнеледі. Сахнада жүгіріс. Атылған мылтық дауысы.*)

Д а у ы с т а р. Аттан, аттан!

ШЫМЫЛДЫҚ

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

4-СУРЕТ

Байтас болыстың үйі. Түн... Стол басында хатшылар... Ояз бастығы А. Логинов киінді жатыр. Дробилин, урядниктер... Даладан Байтас келеді, қасында Кенжеғара.

А. Логинов. Аттарың әзір ғой?

Байтас. Әзір, әзір.

А. Логинов. Жігіттерің ше?

Байтас. Он бес жігіт әзірледім.

А. Логинов. Жетер, сол. Ал, тізімді бітіріңдер!

Хатшылар. Қазір, қазір, менде елушақты-ақ адам қалды. — Менде отыздай ғана... Мына біреу Сары ма, Сара ма?

Байтас. Сара, Сара...

Хатшы *(жазып)*. Сара Тымақбаев...

Байтас. Ойбай, ол қыз...

Хатшы. Қалай қыз болады? Ұл деп жазылған.

Байтас. Қыз деймін...

Хатшы. Байтас Бақбергенович, Тымақбай Жалбағаевтың бір ұлы болатын...

Байтас. Ұмытшағың-ай сенің!..

А. Логинов. Әлгі Әбіл болыс қайда, Сейіткерей қайда?

Байтас. Екі сағатта жетеміз депті ғой.

А. Логинов. Болып қалды емес пе?

Байтас. Жақындады. (*Тыста ит үреді, арба дауысы.*) Біреуі келген шығар...

Урядник (*үйге кіріп*). Болыс Сейіт-гирей Кунарбаев...

А. Логинов. Шақыр, бері. (*Сейіткерей келеді*). Бітті ме тізімің?

Сейіт. Бітті. (*Тізімін ұсынады*).

А. Логинов (*алып, қарап.*) Мөріңді неге баспағансың?

Сейіт. Бір жыйырма адам жайында сізбен келісейін деп едім.

А. Логинов. Бас мөріңді, ендігісін қалада келісерсін. Біржола шықтың ғой?

Сейіт. Иә, біржола шықтым.

А. Логинов. Неше жігітің бар қасында?

Сейіт. Он.

А. Логинов. Жетер, сол. Бір тапсыратыным — күрметті адамдарыңды өкпелетіп алып, кейін бөгеу болып жүрмесін. Болыс басы жүз адам кемігеннен еш нәрсе етпес, мыңдарға мұрындық болып кетпесін. (*Кенжеғараға*). Сіз бұл жағын тексерістіңіз ғой?

Кенжеғара. Өзім білетін жайларды ескерген сыяқтымын. Он үш болыс Арғын-Қыпшақтың бәрін бірдей біле беру де қыйын. Тура туысқандарын білгеніңмен, қазақтың жекжат дегені толып жатады. Сондықтан, бір күн кідіріп, тым болмаса ауылнай басы екі ақсақалдан алдырайық дегенім де сол еді.

А. Логинов. Уақыт қайда, қымбатты студентім-ау, уақыт? Одан да қалаға келіп анықтасын, сол ақсақалдарды қалаға шақырыңдар.

Кенжеғара. Оныңыз біраз анықтайды, әрине, бі-

рақ, түгелдей алмайды. Қазақтың жиенінің жиеншары дейтін кәдесі толып жатады.

А. Логинов. Оның бәрін босата да алмаймыз. Бірақ, ақсақалдар келсін қалаға.

Кенжеғара. Солай деп үйғардық қой. (*Тыста ит үреді.*)

Урядник. Сары-Торғай болысы Әбель Қабулбаев келді.

А. Логинов. Бері шақыр. (*Әбіл келеді.*) Бітірдіңдер ме?

Әбіл. Бітірдік.

А. Логинов. Бері әкел. (*Тізімді алып, қарап*). Мұнша неге аз? Өзгесі қайда?

Әбіл. Бәрі сол, тақсыр.

А. Логинов. Параны қанша алдың?

Әбіл. Тақсыр-ау, осы күні пара алатын кез болып тұр ма? Ел қан жылап отырғанда, пара алынатын ба еді.

А. Логинов. Білем, мен сені! Пара алатын кез осы екенін сен де білесің жұлынқұрт! Параны қанша алдың деймін?

Әбіл. Пара алсам тамағыма түйілсін! (*Тыста көп ит үреді.*)

А. Логинов. Бұл немене?

Байтас. Ауылда салт аттылар көбейіп кеткен соң үре береді. (*Есікке барып.*) Ақтабан, Ақтабан, кет! (*Иттер азан-қазан, Мұңайтпас келеді.*)

Мұңайтпас. Оңтүстіктен шапқын келе жатыр! Шапқын, шапқын! (*Шығып кетеді.*)

А. Логинов. Ат қайда? Әкел бері тізімді!

Байтас. Ат әзір. (*Далада шапқан ат дүсірі.*)

Хатшылар. Біз де бітірдік, міне, Алексей Сергеевич. (*Тізімдерін береді. Мұңайтпас кіреді.*)

Мұңайтпас. Ауылды орап алды! Тығылыңдар! Қойдың арасына, қойдың арасына!

Кенжеғара. Апыр-ай, қолға түспесек жарар еді!

Дробилин *(далаға шығып келіп)*. Ауылды түгел қоршап алыпты!

А. Логинов. Енді қайттік?

Дробилин. Мылтық атсам деймін!

А. Логинов. Дурак! *(Байтасқа.)* Тық, мына тізімдерді.

Кенжеғара. Кебежеге, кебежеге! *(Тізімдерді кебежеге тығады.)* Мен бір үйге барып қонып жатқан болайын. *(Кетеді.)*

Байтас *(урядниктерге)*. Барыңдар түге, тығылыңдар қойдың арасына! *(Урядниктер кетеді.)*

А. Логинов. Байтас, сен мен үшін басыңмен жауап беретін боласын!

Байтас. Өз басым аман қалса, берермін. Сіз жүктің артына түсіп кетіңізші.

Мұңайтпас. Келіп қалды. Әне! *(Үйдің әржерінен сұғылған найзалар көрінеді.)*

Даладан. Тырп етпеңдер, енді! *(Логинов, болыстар жүктің артына түсіп кетеді).*

Дробилин. Мен сіздің қасыңызда болуға тиістімін. *(О да жүктің артына түседі. Үйге Амангелді, Кете, сарбаздар келеді).*

Амангелді. Кеш жарық...

Байтас. Жоғарылатыңыздар...

Кете. Босағаңа отырар деппең, қарақшы! *(Қамшымен тартып қалады).*

Амангелді. Тоқта!

Кете. Кеңірдегіңді суырып алайын ба осы! Отыр алдыма! *(Байтас тізелеп отырады)* Жат! *(Байтас жатады. Мұңайтпас «ұр!» деп ымдайды. Бұдан былай Мұңайтпас келгендермен ылғый ыммен сөйлесіп отырады.)*

Амангелді. Тоқта дедім ғой, батыр. Әуелі мәнжайды сұрап алайық та.

Кете. Е-е, енді сұрай бер! *(Өзі қамшысын оңтайлап, қыпылдап отырады.)* Бір ауыз өтірік айтшы, кәне!

Амангелді. Тізім бітті ме? *(Мұңайтпас басын изейді.)*

Байтас. Бітті.

Амангелді. Жөнелттіңдер ме? *(Мұңайтпас басын шайқайды.)*

Байтас. Жоқ.

Амангелді. Тізім қайда? *(Мұңайтпас көзімен кебежені нұсқайды.)*

Байтас. Кебежеде шығар деймін.

Амангелді. Мұңайтпас, бері әкел! *(Мұңайтпас алып береді. Амангелді қарап отырады.)* Е-е, бес болыстың тізімі екен ғой, жақсы...

Кете. Менің жасым нешеде екен? Көріп бершi!

Амангелді. Кете... отыз бірде екесін.

Кете. Лұқсат бер, батыр, мынаған отыз бір камшы соғам! Артық жеті жасымды, пейттік-шөрттік, кештім әкесінің аруағына! *(Ұрып қалады.)*

Амангелді. Тоқтат!..

Кете *(тоқтап)*. Ауыздықтай бердің-ау әйтеуір...

Амангелді. Тұрғыз!

Кете. Тоқтай тұр әлі... Бірің бір еркін түсерсін қолыма! *(Байтас тұрады.)*

Амангелді. Өзің де жасық екесін, жігітім. Жат дегенге жата кете ме екен еркек деген? Сол үшін дүрелетіп алса да болар еді, қазір уақыт жоқ... Жүк артында кім бар?

Байтас. Әбіл мен Сейіткерей болыстар қонып жатыр еді.

Амангелді. Болыстар, бері шығыңдар! *(Болыстар шығады.)* Иә, патшаға қанша адам бердіңдер, маған қаншасын қалдырдыңдар?

Әбіл. Қолыңыздағы ғой, патшаға дегеніміз...

Амангелді. Жоқ, бұл маған бергендерің. Тізімге іліккен адам түгел маған еріп кетеді. Соған да көздерің

жетпей ме? Патшаға беретіндерің бұл тізімге кірмеген-дер болады.

Сейіт. Сіздікі дұрыс екен-ау, батыр... Бұл тізімге кіргендер, әрине, сізге еріп кетеді.

Амангелді. Ендеше, отыра қалып жазыңдар, мы-наның сыртына! *(Тізімдерді болыстарға береді, олар жаза бастайды.)* Қазақ көтерілісінің бастығы Амангелді Имановка...

Болыстар. Жаздық, жаздық...

Амангелді. Он тоғыз бен отыз бірдің арасындағы қазақ жастарының көтеріліске өз еркімен қатнасатын-дарының тізімін сізге жолдадық...

Болыстар. Жазылды...

Амангелді. Анықтығына қолымызды қойып, мөрі-мізді бастық... Қойыңдар қолдарыңды, мөрлеріңді ба-сыңдар...

Болыстар. Қойылды, қойылды. *(Мөрлерін ба-сады.)*

Кете. Анықтап басыңдар!

Амангелді. Бері әкеліңдер! *(Алады.)* Енді, міне заңды болды! Енді далаға шығып, жақағы жазғанда-рыңды жұртқа есіттіртіңдер. Үшеуің үш жерде тұрып ай-ғайлаңдар!

Болыстар. Апыр-ай, осыны істетпесеңіз қайтер...

Кете. Немене?

Болыстар. Жарайды, жарайды, айғайлайық. *(Да-лаға шығып.)* Он тоғыз бен отыз бірдің арасындағы жастардың көтеріліске өз еркімен қатнасқандарының тізімі көтерілістің бастығы Амангелді Имановка берілді...

Амангелді. Мұнайтпас, атты әкел! *(Қарақұс, атқа мініп шауып жөнелген көп қолдың дыбысы.)* Сар-баз! Жөнел! *(Үйге сұғылған найзалар жоқ болады.)* Оязға сәлем айт, ағасы Петр үшін бұл жолы аман қал-дырдым, ендігәрі кездеспесін! *(Кетеді. Жүк артынан Логинов шығады.)*

А. Логинов. О, залымдар, қорқақ кулар! Бұдан да өлген жақсы еді ғой. Не үшін тілдерін алдым осылардың! *(Болыстар, Кенжеғара үйге келеді.)* Аттарды ғой алып кетті?

Кенжеғара. Жоқ... Аттар жегулі күйі орнында тұр.

А. Логинов. Ал, жігіттеріңді атқа қондыр. Кеттім! Сендерден түк шықпайтынына жетті көзім.

Кенжеғара. Жігіттердің бірі де қалмапты, еріп кетіпті!

А. Логинов. Қымбаттым, ең ақылды қазақ Амангелді екен. Бұдан кейін қанша оттасаң да мейлің, мұның есесі қайтпайды. Ел біржола ауды оған. Сендер патшаға бір адам бере алмайсыңдар! *(Жүріп кетеді.)* Сірә, мен жасырынбай-ақ койсам да болады екен-ау, өзі. Бір ауыз жәбір сөз айтпауға келген ғой!

Кенжеғара. Солай ма деп қалдым. *(Урядниктер келеді.)*

А. Логинов. Қаруларың қайда?

Урядниктер. Тартып әкетті, тартып әкетті.

А. Логинов *(Дробилинге)*. Қылышың қайда сенің?

Дробилин. Құдай-ау, қалай суырып әкеткен мұны?

А. Логинов. Кеттік!..

Байтас. Біз де жүреміз бе?

А. Логинов. Немен жүресің?

Байтас. Әлде, тізімді қайта жасаймыз ба?

А. Логинов. Қайта жасайсыңдар... Бірақ, Амангелдінің айтқанындай етіп жасайсыңдар. Амангелдіге беретіндерің берілді, енді патшаға беретіндердің тізімін жасайсыңдар. Өлі жандардың керегі жоқ. Енді бір адам қалмайтын болсын. Бір адам, түсінемісіңдер? *(Кенжеғараға.)* Сіз осында қала тұрып, жәрдем етіңізші мыналарға, түсіндіріңізші. Ендігі жәй белгілі ғой.

Кенжеғара. Жарайды, қалайын.

А. Логинов. Ертең, осы уақытта қаладан күтем. Қош болыңдар! *(Бәрі оязды шығарып салып қайтады.)*

Б а й т а с. Кенжеғара-ау, жалғыз көзі ашығымы сын, ендігі жәйіміз не болғалы тұр?

К е н ж е ғ а р а. Оязың айтпады ма жана! Енді т зім жасағанда, би-болыстың айналасын да сыпыра кет тін боласын. Тым болмаса, болыс басы бес жүз жіг бермесең болмайды енді.

Б а й т а с. Ойбай, ол қайдан болсын.

К е н ж е ғ а р а. Он тоғыз бен отыз бір емес, он сег бен қырық бірдің арасына саласын құрықты.

Ә б і л. Сонда бәрін тоғытып, отыз бірдің ішіне кі гіземіз бе?

Б а й т а с. Істеп көрмегендей, сұрауын!..

К е н ж е ғ а р а. Ендігі орайы осы болады.

Б а й т а с. Осында біраз ақсақалдар жатыр еді ғо шақырып алып ақылдассақ қайтер?

К е н ж е ғ а р а. Шақырт. Құлақтарына салып қойғ жөн.

Б а й т а с. Мұңайтпас, Мұңайтпас-әй! Бұл ит қай жүр?

К е н ж е ғ а р а. Мұңайтпас па, ол әлгілерге ер кетті.

Б а й т а с. Қапырдің жылтындауы жаман еді, кетк екен ғой еріп... *(Ит үреді.)* Апыр-ау, бір-екі салт кат келе жатыр ғой? *(Елеңдеседі.)*

К е н ж е ғ а р а. Біреу-екеу емес, мынау мол дүбір *(Жөнеле берген арба дыбысы.)*

Б а й т а с. Кап, әкетті білем пәуескелерді.

К е н ж е ғ а р а. Амангелдің манағы адамшылығы да тұра алмағаны да!

К е т е *(сыртқа)*. Бармысың, болыс?

Б а й т а с. Ойбай, Кетенің даусы! Жөнеліңдер, к танға қарай! Қойдың арасына, қойдың арасына! *(Ба жүгіріп жөнеледі.)*

К е т е *(сыртқа)*. Арбаңды іздетіп әуре боп жүрм мен әкеттім!

5-СУРЕТ

Төбесіне қызыл ту орнатылған, үлкен киіз үй. Белдеуде найзалар, айбалталар. Күзетте Мұңайтпас жүр. Шетіректе ұсталар дүкені, үлкен-үлкен көріктер. Әр жерде белгі қадалар, күзетшілер. Тәуке, Жапар, Тымақбай үшеуі топталып жүр.

Мұңайтпас. Ол жаққа баруға да болмайды.

Жапар. Уа, неменелерің бар еді ол жақта?

Мұңайтпас. Күзетшіге жауап беруге лұқсат жоқ, отағасы.

Жапар. Шырағым-ау, сен осы Бақан үйінің қойшы баласы емес пе едің... Үйге кіргізбегенің, бізді танымай қалғаның ба?

Мұңайтпас. Болсақ болған шығармыз, қазір бағып тұрғаным қой емес, бірақ... Үйге кіргізу түгіл, жақындатуға лұқсат жоқ.

Жапар. Ой, алда-ай, ә? Қойшы баладан лұқсат ала алмай, далада қаңтарылатын боламыз-ау... Қой, бала, аш есігінді, кірейік. Қолына қос ауыз ұстағанмен, әзір ешкім бола қойған жоқ шығарсың. Барып Амангелдіні шақырып кел! Біз үйге кіріп отыра тұрайық. Тәуекең бар, Жапар, Тымақбайлар келді, де.

Мұңайтпас. Сарбаз тәртібі мынау болады отағасы: «Кімсің, әй?» деп үш рет сұраймын да, жөнін айтпаған адамды ата бастаймын. Ал, үйге кірем деуіңіз турадан-тура атылам дегенмен бірдей.

Тымақбай. Қорлық қой мыналары!

Тәуке. Тегі, осы баланікі дұрыс болар... Сарбаз құрылған жерде тәртіп деген катал болғаны жөн де. Неміз кетіп барады, сарбаз ойынын көре тұрайық та. Бұ да бір біз көрмеген өнер ғой! *(Бәрі әржаққа қарап тұрады.)*

Дауыстар *(сыртта)*. Оңға Солға! Оң аяқ, сол аяқ!..

Жапар. Әзір долаң екен...

Тәуке. Бір күнде үйрене қалады деппең! Үйрене те, сөйте-сөйте.

Жапар. Қазақ жылқысы жоқтан үркеді екен-ау өзі!..

Тымақбай. Әй, әне біреуі Атайбек білем... Ұзы неме еді, үзеңгіге ілігіп кетер ме екен...

Тәуке. Жоқ, түзеліп кетті. Жерден күміс алмады деймісің. Көрдің бе төңкерілуін!

Жапар. Құр атқа шауып үйренумен қай алыска барамыз дейсің!

Тәуке. Бұл далада бар-жоғың ат болад та!

Тымақбай. Ойбай-ау, Нұрланның Газизін қара күпшектей боп о да шауып барады... Апыр-ай, ол үйдег келініңіз, кескекті аю дейтін еді, нағып жіберді екен оны? Қой, ол біраздан кейін үйіне қайтатын болар...

Тәуке. Е, неге қайтсын, әрі-беріден соң, сондай ке ліндердің өздері де келіп қалады әлі... Жоқ, бастарь құралып қалған екен. Неше топ өздері?

Жапар. Мына бетте бір қырық-елу топ бар ке мінде.

Тымақбай. Мына бетте одан да көп ендеше.

Тәуке. Елде ғой, тағы бірталайы жүр.

Жапар. Ақсақал, тұрамыз ба осылай? Шақырты ныз Амангелдіні. Сарбаз ойыны құрлы көрмей ме бізді? Келсін.

Тәуке. Қой, Жапар, бұл ойынмен ойнамайық. Ке лер өзі, ұсталар дүкеніне барып отыра тұрайық: менің атымның ауыздығы шығып кетіп еді, соны жөндетіп ала қояйын... *(Ұсталарға қарай беттейді, алдынан тағы күзет кес-кестейді.)*

Күзетші. Әрірек, әрірек. Болмайды жақындауға.

Жапар. Мұңайтпас, шырағым, мына жігітке лұқсат ет деші. Мына ақсақал жүгенінің ауыздығын соқтырып алайын деп еді.

Мұңайтпас. Ол жаққа баруға болмайды.

Жапар. Жүреміз бе, осылай сандалып? Болмаса, кете берейік өзі! Немене мұнысы, осы ма шақыртқан түрі?

Мұңайтпас. Кете беруге де болмайды: батырдың лұқсат қағазы керек. Онсыз күзетшілер өткізбейді.

Жапар. Осында келгенде батырдың лұқсат қағазымен келген бе екеміз?

Мұңайтпас. Келу үшін лұқсаттың керегі жоқ, кету үшін керек.

Тәуке. Міне, осынысын бір тапқан ақыл көріп тұрмын. Айналайын, Қалампыр кемпір-ай, тапқан екесін бір ұлды! Кім көрінген келіп-кетіп жүре берсе, сарбаз құрылған жер мен әшейін ауылдың айырмасы қайсы болғаны! *(Бір топ жігіттер келе жатады, кейінірек Кенжеғара мен Бану.)*

Кенжеғара. Ендеше, менің сөзім де сөз: сарбаз қатынның керегі жоқ маған!

Бану. Аяғыңа жығыла келсем, сонда саларсың есіме!

Жігіттер. Сіздер батырдың адамысыздар ма? Батырға қалай жолығар екеміз?

Тәуке. Иә, қосылғалы келіппеңдер?

Жігіттер. Қосылмағанда қалай! Қалай жолығар екеміз, ақсақал?

Тәуке. Күте тұрыңдар. Қазір келеді, болмаса өзі ана жақта жүр, барыңдар...

Жігіттер *(әрі қарап)*. Ойбай-ау, сарбаз құрылып қалғаны ма? — Құрылып қалғанды айтасың, ойнатып жатыр ғой! Қап, кешігіп қалған екеміз. *(Жігіттер кете береді.)*

Мұңайтпас *(жігіттерге)*. Былай, былай: ана қададан аспаңдар! *(Тағы бір топ адам келеді.)*

Тәуке. Е, жол болсын!

Келгендер. Не онда жоқ, не мұнда жоқ, үйге сыя

алмадық. Ел біткен осы жақта деген соң ауысайық л
геніміз ғой баяғы.

Тәуке. Е, бәрекелде. Елдік осындайдан құралад

Келгендер. Тізімді Амангелдіге тапсырдық деп б
лыстар отырған көрінеді, со да бір жағынан қамш
боп кетті білем. Әйтеуір, келіп қалдық.

Тәуке. Әлі тілдесе алған жоқпыз, білерсіңдер өз
нен. Біз әлі қызығына қарап тұрмыз. Ананы көрдің
ме? Әне!

Жапар. Осы, сіз атқа мініп ойнап кетпесеңіз ж
рар еді.

Тәуке. Ойнаса ойнармыз, шындаса шындармыз

Келгендер. Бар қазақ осында жыйналыпты ғо
Қой, барып жолығайық. *(Кете береді.)*

Мұңайтпас. Былай, былай. Ана қаданың әрж
ғына қарай.

Жапар *(Кенжеғараға)*. Күйеу бала, саған ж
болсын?

Кенжеғара. Оқуыма жүргелі жатыр едім. Ос
жақты да бір көре кетейін деп соққаным ғой. Әуе
сізде бір жұмысым бар. Екінші, біздің ауылдың бір
жігіттері де адасып осында келіп қалған екен...

Тәуке. Оқудағылар босатылады ғой, сірә?

Кенжеғара. Босатылатын көрінеді.

Жапар. Біздің әлгі Мұратжан жолыққан шығар

Кенжеғара. Жолықты, жолықты. Ала кетет
болдым. *(Екеуі бері оңашаланады.)*

Жапар. Заман қандай, заң қандай болады, а
кет шырағым. Орналастыр бір оқуға.

Кенжеғара. Е, орналастырам ғой.

Жапар. Шырағым, күйеу-жан, сол баланы аман
еттім саған. Күйеуліктен, бөтендігің жоқ, Күнжан біз
жақын жеңгеміз болады.

Кенжеғара. Келген бір жұмысымның өзі де
еді, Жапеке. Күйеу дегенді айтпасаңыз екен, бұдан б

лай. Ата-ананың еже-қабылын қояйық та... Мен жөнімді басқа жаққа бұрған адаммын.

Жапар. Апыр-ау, жаңа өзің бірге келген жоқпысын? Анау тұрған, сол Бану емес пе? Мұның қалай?

Кенжеғара. Бірге келгенім жоқ, жолшыбай кездестік. Өз қолымнан жетелеп әкеліп, сарбазға қосушы ма едім! Өзі көрінеді, үйір іздеп жүрген... Сарбаз қатын болмай-ақ қойсын, керегі жоқ! Мұрат маған аманат болсын десеңіз, осы сөзім сізге де аманат.

Жапар. Немене, сарбаз болам дей ме?

Кенжеғара. Ауылымен түгел көшіп келе жатыр.

Жапар. Басқа кінән жоқ па әйтеуір?

Кенжеғара. Осыдан артық не кінә керек... Ұятына бақсаңшы деп ем, әлде кімнен естіген, елмен бірге болам деген шандуыт бірдемені айтты.

Жапар. Өзіне аңғарттың ба, сырынды?

Кенжеғара. Біржола кесіп айттым: сарбаз қатынның керегі жоқ дедім.

Жапар. Солай, де...

Кенжеғара. Солай, Жапеке, жабайық осымен.

Жапар. Болсын, шырағым... Кеше түндегінің ішінде сен де болдың ба? Не болды өзі?

Кенжеғара. Сұрамаңыз... Ит қып кетті мынауың! Бұрынғы күн болса, тек осының үшін-ақ зәндемге жіберілер еді, көрмеймісін... Үш болысты ит қып үргізіп, оязың жүк артына тығылып, тірі қалды. Бес болыстың тізімін тартып әкетті.

Жапар. Апыр-ау, бұл осындай екен-ау!

Кенжеғара. Жоқ, бұл қара казактың жұмысы емес, бір түп қазық бар ғой деймін. Оның бойына мұнша өнер сыймаса керек еді.

Жапар. Жоқ, осының өзі. Естерінде болсын, бір тұсауға болмайды бұл, бұғау сала біліңдер!.. *(Жеңіл киінген Амангелді келе жатыр, Кенжеғара кетеді.)*

Амангелді. Бәсе, ел деп аттан салғанда, Тәуекем

нағып үйде жатыр деп ем, жеткен екесің ғой, сапар оң болсын! *(Қолдасады.)*

Тәуке. Көңіл жете алмай жатқан жоқ, ат жетк осы-ақ болды.

Амангелді. Кінә, атта болса — болғаны, ақ қал...

Тәуке. Е, оны да біліп айтып жатырсын. Ә тең-тартта тұрған көңіл де жоқ емес қой. Осы кел жұрттың айыр-айқас сөздері де бар. Келуін бірге кел те түтін бірге шыға алмай жатыр.

Амангелді. Ол жетіп жатқан хабар, Тәуек Жақсы келіпсіздер, бетті біржола ашып алайық, а беріңіз.

Тәуке. Мен бір аңқылдақ шал ғой, сөз мына Ж парда келді.

Жапар. Батыр, біраз асыққан да сияқтысы Арғын-Қыпшақ жалғыз сенің елің бе еді, жырыла жөн генің қалай? Жоқтаушы жоқ дедің бе? Қанжығаға б лана кеткелі тұрған қай ел бар еді?

Амангелді. Мен Арғын-Қыпшақ деп бөлгем ж қазақтың түгел еліне аттан салдым.

Жапар. Оның Арғын-Қыпшақтан бөлек бірд ме? Болмаса, оның да сол ма?

Амангелді. Иә, ішінде Арғын-Қыпшақ та

Жапар. Ендеше, Арғын-Қыпшаққа біз де та самыз.

Амангелді. Мынауың бір жаңалық екен...

Жапар. Жаңалық емес, Амангелді, қайта еск болар. Бірақ, амал қайсы, елден ешкім айырылғысы мейді. Патшаға сен қарсы болсаң, мен де қарсым Қатар қонып, ту тігемін осы жерге!.. Осы «Мынм менің жерім ғой, көшіріп жібермессін...

Амангелді. Мұндай үлкен іс ұлылы-кішілі к сықсыз болмайтынын әркезде күтулі едім. Бірақ, м күткен жоқ едім.

Жапар. Ендеше, асықпасаң еттің... Қатар қонып, у көтерсем, менің соңыма да біраз ел ереді. Ел түгел оңымда деп ойлама. Бұл ел Кенесарыға да түгел ерген жоқты.

Амангелді. Сондағы тілегің не?

Тәуке. Көтеріліс басында сен болсаң, ел қасында бұл болғысы келеді.

Амангелді. Ол немене болғаны, сонда?

Тәуке. Тәңірі деген, баяғы адыра қалған хандық ағы.

Амангелді. Хандық деңіз...

Тәуке. Аттан салып атқа қондың, бетің оңғарылын. Өз аяғынан келгенге қанағат тұтпай, ел-елге ат аптырып жатыр екесің, Арғын-Қыпшақ түгіл, Табын-ама, Шөмекей-Шекті дүрлігіп келгелі жатыр деседі. Кеше түнде оязнайдың өз қолынан бес болыстың тізімін артып әкетіпсің, енді жұрт сенің соңында. Исі қазақ еп қайтейін, біраз ел үміт көзін саған тігіп, сенің тіеуіңді тілеп отыр. Бірақ, сапар алыс, жүк ауырда жұрттың жұртшылық істеп, қазық қағатыны да болатын. Ортөбені бір ықтамай, бір жеңнен қол, бір жағадан бас ығарайық десең, мықты бір қазықтың қағылғанын ен де жөн көрем. Оның аты хандық па, басқа ма, оны ен білмеймін, әйтеуір, ел табаны бірдемеге тірелсін, атыр.

Амангелді. Тәуеке, елдің ісін алсам да, тізгінін лі алғаным жоқ қолыма. Қолымнан келері де бар, елмесі де бар, мұны менің қыйналысым дерсіз. Несін асырайын, ел келіп те жатыр, келмей де жатыр. Болыс-билерді сағалап, күнделігін ойлаған жұрт, алданған ұрт әлі артына қарайлауда. Жапар бұл сөзді кезеңін ауып айтып отыр. Берік қағылатын бір қазық, антпен айланар уәде, ұйытқы болар бір белгі керек. Жарайды, сыны бүгін байлайық бір жерге. Бірақ, артқа қарап здейміз бе, алға қарап іздейміз бе, соны ойласайық.

Жапар. Жүртыңды жый, жарыяға шығайық.

Амангелді. Болды, Жапар, мен де өз тобым акылдасайын, байлайық бүгін. Мұнайтпас, мына кісілер конак үйге апар. (*Тәуке, Жапарлар кетеді.*) Ең қыйын аттан салу ма деп бір қыйналып ем, одан оп-оңай өтті де, елдің еру-ермесіне келіп тірелдім. Енді бұл кезеңне де өтіп, сол елді берік бір антқа токыратуға келіп қалы пыз. Аттан деген бір-ақ ауыз сөз еді, не үшін екенін е дің өзі де білетін. Енді, бұл елге мықты бір қазық к рек. Үйренген, құлағына сіңген сөз, ескі де болса ол б бар... Жаңаны мен де табалмаймын. Мына қудың буна жерімді тауып кеп бунап отырғанын көрдің бе! Сен з лым, қатар қонып, ту көтерсең не болар еді? Ең жама іріткі сол болар еді. Сол болар еді! Жоқ, көндім... Сы тыңнан алысқанша, ішіңнен алысармын сенімен. Көнді залым, көндім... (*Кенжеғара келе жатыр.*) Петрдың д келе алмағанын көрдің бе...

Кенжеғара (*сасқалақтап*). Оқуыма жүріп бар жатып, жолай кездесіп қалдым, батыр. Кешіріңіз. Бұ д бір көруге тұратын іс болар деп бұрыла кетіп ем...

Амангелді. Бұрыла кетпе, ішіне кір, Қенжеғар мырза.

Кенжеғара. Ішіне кір дейсіз бе?

Амангелді. Иә, ішіне кір!.. Мына қозғалыска х танудың өзінің керегі көп екен, осы топта қалсаң қайтер

Кенжеғара. Мұныңызды үлкен елтифат көрсе де, қала алмайтын біраз жайларым бар еді. Мен оқуш мын ғой. Бітіруге екі-ақ жылым қалып еді, оқуыма жүр бара жатыр едім.

Амангелді. Үлкен де, кіші де, ел ісі деп, жұрт т легі деп сабылып жатырмыз. Сол елің үшін бір жылынд қыйсаң кайтер? Бір-ақ қысыңды қый, жазғытұры босат ға уәде етейін.

Кенжеғара. Оның реті келмейді ғой... Бір қыс сі

дің колда болсам, оның әржағында кім деп танылғаным менің?

Амангелді. Еліңнің тілеуін тілеген ұлы деп таныласын да!

Кенжеғара. Оның әржағында мені оқуға да алмай кояды.

Амангелді. Оқуға алмаса, еліңмен боларсын. Ілгері тілек алда емес пе, оқырсын кейін. Оқығанда сол елің үшін оқып жүрген шығарсын, міне, сол елің бір белестің алдында тұр. Мақтаншылығым демессің, бір асқардан аскалы тұр елің. Бірге бол, қал осында.

Кенжеғара. О, оныңыз болмайды ғой... Соғыс шегінде менің сізге тиер пайдам да бола бермес. Сақылдаған сары аязда жылқышы қосын қыстап шыға да алмаспын... Құр оралғы болармын да өкініп жүрерсіз.

Амангелді. Жарайды, мырза, өзің өкінбеу жағын карастырарсын ендеше. Мұңайтпас, мына мырзаға лұқсат қағаз бер, қайтуға.

Кенжеғара. Осында, жолығатын біраз адамдарым бар еді.

Амангелді. Ол лұксатты ана Мұңайтпастан сұрарсыз, барыңыз... (*Кенжеғара Мұңайтпасқа келеді.*)

Кенжеғара. Естідің ғой, жігіт? Лұқсат қағаз керек еді.

Мұңайтпас (*дайын қағазды суырып беріп*). Тура ана қарауылға барыңыз! (*Кенжеғара қолында қағазы, келесі қарауылға барады, қарауыл қағазын қарайды да, өзінен арғы күзетті нұсқайды, ақырында Кенжеғараны сахнадан шығарып жіберіседі. Петр мен Жайнақ келе жатыр. Амангелді ойланып қалған түрде.*)

Петр (*Жайнаққа*). Көремісін, мерген бір ауыр ойға кездесіп қалыпты ғой.

Жайнақ. Онай болып жүр деймісін.

Екеуі. Амангелді, батыр!

Амангелді. Петр! Жайнақ! *(Үшеуі құшақтасып қалады.)* Апыр-ау, Жайнақпысын? Нағып босандың!

Петр. Жалғыз барсам өзіме қауіп деп, әдейі босатып алдым.

Амангелді. Рахмет, Петр, рахмет. Қанатсыз қалғандай едім.

Жайнақ. Петра, ер адам ғой шіркін!

Амангелді. Петра деме, Петр де.

Петр. Тұқ те ерлік емес, өзі қысылып жүрген Алеша, қаланың қақ жартысын қосып бер десем де беретін еді, сақтанам деп жалғыз сені-ақ сұрап алдым. Ал, мерген, кел дегенде келе алмадым, орайын тапқаным осы-ақ болды.

Амангелді. Ақылдасқалы шақырып ем.

Петр. Ақылдаспай-ақ тауыпсын орайын. *(Айнала қарап.)* Таң қалып келдім... Үлкен бір армияның лагері сияқты! Тамаша! Қәдуілгідей соғыс тәртібінің исін сезініп, қуанып кеттім. Мынау ақсақ аяқ та қаздаңдап кетті. Құттықтаймын, Амангелді. Құттықтаймын, сардар!

Амангелді. Амал қайсы, Петр... Өрең жеткен жерге дейін бәрін де істегің келеді, бірақ, әлі былығып жатырмыз. Жыйналдық та, ту да көтердік, қалай бастап, қайда апаратынымыз әлі өзіме де айқын емес. Ал, жол болсын?

Петр. Елшімін, Амангелді. Эверсман кеткен, Торғай көзі шарасынан шығып барады. Алеша ұйқы-күлкіден қалды біржола. Оязынан көтеріліс шыққаны үшін Орынбор да жанын шығарып жатыр.

Жайнақ. Қырық мың қазақ көтеріліпті деп қала шу-шу етеді.

Петр. Соған Алешаның өзі де сеніп отыр. Қай күні келіп, қаланы алар екен деп зәресі жоқ. Мырзаңыз сасуда, аяғында маған жалынды барып кел деп.

Амангелді. Иә, маған не тілек айтады?

Петр. Тілегін қайтесің, оның... Мен саған айттым, сен оның біреуін де қабылдамадың, бітті сонымен... Мен

саған бірін де айтпаймын оның. Маған сен! бір көріп, жәй-күйінді біліп қайту керек болды да, елшілікке рыйзалық бердім. Қорықпа мерген, осылай басталады да, түзеледі әлі! Әзірге бәрі тамаша, бәрі тамаша келе жатыр екен. Сен нағыз қолбасы екесін!

Амангелді. Оны қоя тұр, ояз не сәлем айтты?

Петр. Құдай-ау, қай жөнді сәлем айтты дейсін. Баяғы қоқай, баяғы күш болад та айтатыны, сен сұрама, мен айтпаймын саған. Одан да өз жайыңды айт. Оязға беретін жауабыңды мен-ақ тауып қайтарармын.

Амангелді. Міне, жыйналып жатырмыз...

Петр. Келісім жоқ қой?

Амангельді. Болмаска керек.

Петр. Дұрыс, Амангелді. Келісім болмасын. Ояз түгіл губернияның, губерния түгіл империяның басы дақ болып отырған шақ. Ығыспа! Алеша әскер сұрап еді, Қостанайдан жүз елу, Шалқардан екі жүз әскер жібереміз депті. Ол саған қауып емес қой.

Амангелді. Ол қауып емес.

Петр. Қару-құрал жағың қандай?

Амангелді. Аз.

Петр. Мен саған жыйырма мың оғымен, жүз бесатар жіберуге уәде етем. Келе жатқан отрядтардың қару-құралы тағы сенікі емес пе!

Амангелді. Бес жүз бесатарым болса, зеңбіреғім болмапты демес ем.

Петр. Келген әскерді кең далаңа қарай сүйрей бер. Бар қаруын саған тастап, жаяу шұбап қайтатын ет!

Амангелді. Ол оңай бола бермес, бірақ тұрыстым.

Петр. Бұлк етпе, сенің алдырмас қамалың мынау далаң, келе жатқан қысың! Діңкесін қатырып жетелей бер! Алешаны білесің ғой, бір шақырым кетіп бара жатқан казды тарсылдатып-тарсылдатып, екі сағаттан кейін үйге қайтатынын? Шыдай алмайды сенің далаңа!

А м а н г е л д і. Жалғыз дала емес, қала жағың көбірек қыйнап тұр.

П е т р. Қалада сенің тілектесің аз емес. Келер әскермен де сөйлесіп көрерміз.

А м а н г е л д і. Рахмет, Петр. Ақылдаспағымның өзі де осы жай еді.

П е т р. Оны мен бірден-ақ түсіндім, сардар. Ол жағына сене бер маған. Бейбіт елмен белсене соғысатын орыс солдатын көрген де емеспін, білген де емеспін! Мүмкін, сенен гөрі солдат ызалы болар бұл өмірге!

А м а н г е л д і. Сенемін, Петр. Мұнда мен, қалада сен деп ойлаймын. Арқа тірерім де осы.

П е т р. Сене бер! Қолдан келгенді аяман. Ал, не жақсылық, не жамандық кездесіп жатыр әзірше?

А м а н г е л д і. Жақсылық жағы көз алдында тұрғой, кездескен жамандық — Жапар хан болғысы келеді.

П е т р. Бұл жақсы емес екен.

А м а н г е л д і. Шарам таусылып отыр. Қатар ту көтеріп, елді бөлем дейді.

П е т р. Не істей алады сонда?

А м а н г е л д і. Не істей алсын, әзірге іріткі салады... Біраз көшіп жүреді де, бір күні жаздым-жаңылдым деп ояздың аяғына жығылады барып.

Ж а й н а қ. Соңына ерген жұртты ұстап береді.

П е т р. Ендеше, көн хандығына. Елді күрес үстінде аударып алу керек болар.

А м а н г е л д і. Амал жоқ, көніп отырмын. Жайнақ, сен бар да, Амангелді көнді, жариялай бер деші, Тәукеге шалға. *(Жайнақ кетеді.)* Өзің де қаруланып алсаңшы, енді.

П е т р. Дұрысы осы болар. Ел әлі піскен жоқ қой күресте. Ал, сарбазды неменеге үйретіп жатырсын?

А м а н г е л д і. Жалғыз айналдырып жатқаным ат пенен найза, жаяу сарбаз жасаудың жолын табалмай қойдым. Дала жағдайына үйлестіре алмай жүрмін.

Петр. Оның, саған керегі де болмас. Дала жағдайы дегенің дұрыс болар. *(Сырттан өлең естіледі.)*
— Бас, алға, аянба жұмыскер,
Оянды, аттанды қалың ел.
Азаттың, бостандық жолында
Жұмыскер, еліңе қолың бер!

Петр. Бұл немене?

Амангелді. Сорлы Пластунов қой! Ең сенімді қазығым — Қарсақпай жұмыскерлері келе жатыр!

Петр. Ендеше, жаяу әскерім де болды десеңші! *(Өлең жақындап, сахнаға Пластунов бастаған жұмыскерлер шығады. Қолдарында ту.)*

Пластунов. Қазақ халқының сардарбегі Амангелді Иманов! Сіздің қарауыңызға Қарсақпайдан үш жүз жұмыскер келді. Қабыл етіңіз, міне, біздің туымыз! *(Туын ұсынады. Жұрт жыйналады. Кете, Жайнақ, Мұңайтпас келеді.)*

Амангелді *(ту алдына бір тізелеп)*. Жұмыскер жұртым, оң қолымда сенің туың болар қашанда! Елдің арман, тілегінің алдында, азаттық үшін төгілер қан, ағар жасты, тартар азап, ауыр бейнетті мойныма алып, қасық қаным қалғанша адал ниет, ақ тілегіннен аумасыма ел атымен ант етемін *(туды сүйеді.)* Жайнақ туды әкел! *(Жайнақ көтеріліс туын әкеледі. Жүгіріп Тәуке келе жатыр).*

Тәуке. Жазған басым, қайда қалып қоя жаздағамын!..

Амангелді. Ұстандар, түгел! *(Бәрі бір тізелеп тудан ұстап отырады.)* Үміт көзің қараумен талған, ата арманы балаға қарыз боп келе жатқан, адал қазақ халқы, сенің алдыңда, қорлық-зорлықтан басқаны көре алмай, құлазып жатқан қазақ даласы, сенің топырағыңды басып тұрып, жалынды тілек — шығар күннің белгісіндей қызыл ту, сенің алдыңда, еңкейген кәрі, еңбектеген жас сенің алдыңда, елдің азат-бостандығы үшін, құлдық пен

күндік күруы үшін, бұратана-бұралқылықты жою үшін, жетсе қан, жетпесе жанды құрмалдық атап, ант етеміз.

Жұрт. Ант етеміз! Ант етеміз! Ант етеміз!

ШЫМЫЛДЫҚ

ҮШІНШІ ПЕРДЕ

6-СУРЕТ

Оқыйға хан ордасында, киіз үйде өтеді. От басында Тымақбай, төрде Жапар мен Тәуке отыр... Алыстан көрінген киіз үйлердің төбесінде бір-бір қызыл ту...

Жапар. Отты көсеңкіреп қойшы, Тымақбай... Күннің өзі суытып кетті білем...

Тәуке. Е, қанша дегенмен, кірдік қой қыс тоқсанға...

Тымақбай *(отты көсеп қойып.)* Осы мен кіммін осы?

Тәуке. Е, дардай уәзір емеспісің!

Тымақбай. Онда менің уәзірлігім қайда?

Жапар. Оны өзің білесің...

Тымақбай. Уәзір білсін дегенді не өзің айтпайсын, не Амангелді айтпайды, осы ма менің уәзірлігім?

Тәуке. Шырағым-ау, Бағдат пен Мысырдың бірінде отырғанымыз жоқ, даланың уәзірі осындай болад та.

Тымақбай. Жоқ... Осы далада уәзір неме керек деген сөз жәй шығып жүрген жоқ. Кете ондайды жәй айтпайды.

Жапар. Әуелі оны айтқан Амангелдінің өзі болатын

Тәуке. О да теріс сөз емес. Әрбір қолы бос адам сарбаз болсын дегені де. Адам жетіп жатыр ма? Қыз-қатынға дейін ат үстінде жүр.

Тымақбай. Сіз де кейде жоқты айтып кетесіз, осы Жалбағайдың Тымақбайы ақ патсаға салдат болмағанда, Амангелдіге сарбаз болмақ па! О, не дегені екен. Уәзірі болмаса, ханның да жоқ болғаны да.

Жапар. Тымақбай, сен бір нәрсеге түсінбей жүрсің. Қанша туласаң да, бұл ат үстіндегі хандық. Билер мен уәзірдің ортасында шалқайып жата алмайсын бұл дала да... Отты көсеп қойшы...

Тымақбай. Көсемеймін!.. *(Көсейді).* Жарайды күндіз хан ат үстінде болсын, құдайдың түні де бұйырмай ма өзіне?

Жапар. Бұйырмайды. Осында әлі түк үйрене алмай жүрген ханның өзінің сарбаздары. Қару-құралдың тәуірін жыйнап алдық та, сарбазымызды үйрете алмай отырмыз. Әскер анау, келе жатқан, оңай болып тұр ма!

Тымақбай. Бір Тымақбайдың орны табылмай-ақ қойды әйтеуір. Байтас күшік айтқанды істей қойса, жүрер мем өстіп?.. Песіріне айтқанын істете алмаған соң, болыс боп не керек екен!

Мұңайтпас келеді.

Мұңайтпас *(бір тізелеп)*. Сардар келе жатыр еді лұқсат па келуіне?

Тымақбай. Өзің неге лұқсатсыз кіресің?

Мұңайтпас. Лұқсат сұрап келе ғой деп сардар жіберген соң, кіріп кетіп ем асығыста.

Тымақбай. Басынбаңдар өйтіп! Бұл хан ордасы. Шық, қайтадан лұқсат сұрап кір!

Мұңайтпас. Жарайды, сөйтейін. *(Далаға шығады. Сырттан)* Лұқсат па кіруге?

Тымақбай. Бұл кім өзі?

Мұңайтпас. Мен ғой, жаңағы Мұңайтпас...

Тымақбай. Жаңағы деп не сандалайды, өзі! Жаңа кірсең, болды сол! Жоқ лұқсат... Не бар қайта-қайта? Басынамысындар?

Жапар. Ойындарың ба, шындарың ба, немене өзі?

Тымақбай. Бұл қойшының қылығы өткен маған! *(Сыртта Амангелді келе жатыр.)*

Амангелді. *(Мұңайтпасқа)*. Е, неғылып тұрсын?

Мұңайтпас. Лұқсат болмай тұр... *(Амангелді кіріп кетеді.)*

Амангелді. Ассалаумалейкөм... *(Бір тізелейді.)* Жәй-күйді баяндағалы келіп ем.

Жапар. Жоғары шық сардар, отыр.

Амангелді. Хан кеңесіне саласыз ба, өзіңіз тыңдайсыз ба?

Жапар. Оны уақытың білсін, сардар. Қысылшаңмен келсең, кеңес-меңес деп сәндемейік. Уақытың көтерсе, кеңеске салайық.

Амангелді. Әзір уақыт көтереді.

Жапар. Тымақбай, ендеше, кеңесті шақырта қойшы. Тез келсін! *(Тымақбай далаға шығады.)*

Тымақбай. Әй, әй, анау қайсың, кетіп бара жатқан? Әлгі Қарести көрдің бе, Қарести?

Дауыс. Әлгіде осылай қарай кетіп бара жатыр еді...

Тымақбай. Хан кеңесін шақыра қойсыншы, хан кеңесін...

Дауыс. Ә?

Тымақбай. Хан кеңесін шақыра қойсыншы дейім, хан кеңесін... Саңырау болған ба, бұл ит!.. Тез, тез!..

Дауыс. Жарайды... *(Тымақбай далада күтіп тұрады.)*

Амангелді. Мұңайтпас, мың басыларды шақырып әкел! *(Мұңайтпас кетеді.)*

Жапар. Кеше бір сөзді дұрыс аңғарттың, сардар... Қазақ ел болып басын құраса, қалайтыны хандық бол-

майды, әрине... Мына бір қысылшаң заманда бірдемеғ қалқайтып, қарасын қылып, хан дедіңдер, отырмыз міне. Әр нәрсенің уақыты барды... О басында өзіме де дарда көрініп еді, енді бір ойыншыққа ұсап барады. Бір Ты мақбайды бағып отыра берем бе, осы хандықты да өзі ал, Тымақбайды да сен ал... Маған лұқсат ет, аулымд алып, Хиуа жаққа көшіп кетейін...

Амангелді. Бұл өкпеңізге түсіне алмадым.

Жапар. Өкпем емес, орайласа алмай қойдық қой. Қаңқыйып қалай отыра берем? Тым болмаса, дұспан кө зі, сырт пернемді келістіріп қоятын жолың бар емес пе еді...

Амангелді. Мен қолыңызды қақпаған сияқты едім ғой? Әмір етіңіз де істете беріңіз мына жұртқа...

Жапар. Ең аяғы, жаңағы Тымақбайдан да ұялы барам. Бір байламы болатын кез болды емес пе, бір уәзір көп болатын ба еді...

Амангелді. Апырмау, керек болса, екеуін алы ңыз... Хан кеңесін қасыңызда ұстаңыз ылғый... Мен мұны бәрін де өзіңіз істеп қойған шығарсыз деп жүргемін...

Жапар. Сенсіз ешнәрсе ете алмай қойды ғой, сар дар. Мен біреуіне бірдеме айтсам, сардар қалай қарай ды екен дейді бәрі де. Соның бірі мына Тәуекең... Шаұ жайымнан алғандай болғасын қоя қоям...

Тәуке. Апыр-ау, әнеугі кеңесте ең алдымен сарбаз дың камын ойлайық деспеп пе ек? Солай болған сон сарбаздан басы артық қалғаны болмаса, өзгесіне қоруш болатынымыз рас. Жоқтан өзгемен кедергі бола бермей деген де баяғы.

Жапар. Мен сені ылғый сардар деймін, сен әлі бі рет «хан» деп айттың ба, сірә?

Амангелді. Тақсырын да қосайын бұдан былай дауынды қойшы, жаным.

Жапар. Жігіттерің де көзіне әрең-әрең іледі мен

Ханы құрысын, қарабурыл болып қалған сақалым бар емес пе!

Амангелді. Иә, ол жағын тапсырып қояйын... *(Мұңайтпас келеді.)*

Мұңайтпас. Келді мың басылар, Жайнақ қана кейінірек келеді. *(Кете, Пластунов, басқа мың басылар келеді, бәрі де қарулы.)*

Мың басылар. Алдияр!.. *(Бір тізелесіп қалады. Қолдарында найза.)*

Жапар *(Мұңайтпасқа)*. Шырағым, әлгі Тымақбай бар ма екен? Бері жіберші.

Мұңайтпас *(далаға шығып, Тымақбайға)*. Хан шақырады. *(Тымақбай үйге кіріп кетеді, Мұңайтпас далада қалады.)*

Жапар. Хан кеңесі нағып кешігіп жатыр?

Тымақбай. Әлгі Қаресі құрғыр табылмай қойған жоқ па, жіберейін десем... Соның өзін босату керек, Атайбектің өзі дұрыс.

Жапар. Әй, Тымақбай-ай, өзіңде де бар ғой. Жарайды, күтпей-ақ қояйын, бастай бер, сардар.

Амангелді. Хан кеңесінде жоқ адамдар болмаса екен.

Жапар. Тымақбай, сен бара түршы... *(Тымақбай далаға шығып, Мұңайтпасқа қырын қарап отырады.)*

Амангелді. Бүгінгі айтар жәй — патша әскерлері Торғайға келе жатыр. Он төрт зеңбірек, отыз екі пулеметі бар. Төрт лек атты әскер, қалғаны жаяу.

Жапар. Барлығы қанша?

Амангелді. Отыз мың әскер, құрметті ханымыз.

Жапар. Отыз мыңында отыз мың мылтық бар-ау, ә?

Амангелді. Зеңбірек, пулеметтері тағы бар оның үстіне.

Жапар. Қарсы қолданған шараның жайы қандай?

Амангелді. Ырғызбен екі араның түгін түгел өртетіп болдық.

Кете. Тіс шұқыйтын бір тал шөп қалдырғаным жоқ
Амангелді. Телеграф бағаналары да қырқылды Енді олар да біз сияқты, адам арқылы ғана сөйлес алады.

Жапар. Жолшыбайғы ел қайда?

Кете. Түгел құмға көшірілді.

Жапар. Ұсынар шараларың қандай?

Амангелді. Соғыс кеңесінің пікірін мына Михаи Пластунов баяндайды.

Пластунов. Патша әскерінен бұрын Торғай қала сын біз басып алуымыз керек. Торғайға олар бұрын кір се, іргесін бекітіп алады да, жаз шыққан соң, күш бер мей кетеді. Біздің жақта қыс қана бар...

Жапар. Жапалағым сен тимесең, мен тимейінге ғо болмайды...

Тәуке. Е, қайдан болсын оған.

Жапар. Біздің күштің жайы?

Пластунов. Үш мың сарбазбен аттанамыз. Қал ғаны осы жақты қорыйды.

Жапар. Қару-құрал жағымыз?

Пластунов. Соғыс мылтығы екі жүз, найза екі мың қылыш жүз елу, қалғаны шити мен қосауыз, айбалта.

Жапар. Әлі аздау екен күшіміз... Бес мыңмен неге аттанбаймыз?

Амангелді. Көпшілік әлі үйреніп болған жоқ Қару-құрал да жетпей жатыр.

Пластунов. Мыйсалы, хан, сіздің мыңнан үш-ақ жүз адам жарамды деп танылды. Көбі, ақсақалды адам дар екен... Тағы біразы, әлі ешнәрсе үйренбеген.

Жапар. Өзіміз де соны айтысып отыр едік жаңа... *(Сыртта Жайнақ келе жатыр, арқасында мылтық, мой нында зырылдауық, білегінде құрық.)*

Жайнақ *(Тымақбайға)*. Мың басы Жайнақ келіп тұр, де!

Тымақбай. Болмайды, кіруге. Кеңес болып жатыр

Жайнақ. Жындымысын, өзің! (*Үйге кіріп кетеді, ір тізелейді.*) Алты қос жылқының бетін бұрдым Тор-айға... Таң атқанша Ырғыз жақ бетке шығарам.

Жапар. Мынау немене айтып тұр?

Амангелді. Күшіміз аздау ғой деп өзіңіз айтпа-ыңыз ба, жаңа? Келе жатқан әскерді жылқымен біраз ұрыстырып аламыз ба деген ой бар. Алыстан атой беріп, ара көрсетсе, оны артына тастап, әскер ілгері баспас ейміз.

Жапар. Мынауың бір қызық екен, сардар.

Амангелді. Амал қайсы, осындағы бар әйелді қо-ып, Жайнақты жылқыға мың басы еттік. Патша әскері-ң бетін бұрып, күнбатысқа қарай біраз күн ертіп әкете са, кім біледі, оның да себі тиер.

Жапар. Әйтеуір, сауын биеге іш тастатып ала көр-е, шырағым... Жә, аттаныс қашан?

Амангелді. Ондайды күн бұрын жарыяламайтын р тәртіп бар екен. Әр мың әмір күтіп, әзір тұрса қайтеді?

Жапар. Мақұл... Ендеше, бітсін осымен. (*Әрелдік леді.*)

Әрелдік (*Тымақбайға*). Ағылшын жұртының ел-ісі келіп тұр де, ханға барып.

Тымақбай. Қай жұрттың, қай жұрттың?

Әрелдік. Ағылшын жұртының дедім ғой, мен ған!

Тымақбай. Апыр-ау, мен сені өзіміздің Әрелдік деп қалып ем, ағылшын болып кеткен екесін ғой! Ай-йын, айтайын. (*Үйге кіріп.*) Көрмегеніміз көп екен, ылшын жұртының елшісі келіп тұр...

Жапар. Не сандырақтайды, мынау!

Тымақбай. Сандырақтауға қолым тимей жүр ме і, тәңірі деген... Рас, келіп тұр.

Жапар. Онда, сардар, өзің сөйлесемісін, қайтесін?

Амангелді. Иә, келсін, сөйлесейік бірге.. (*Тымақ-ай мығады.*)

Тымақбай. Кіріңіз, кіріңіз. *(Әрелдік үйге кір*
Әрелдік. Ассалаумағалайком... *(Тәукеге қол*
реді.)

Тәуке. Тарт әрі, қолыңды! Жаман иттің атын Б
басар қояр деп, ағылшынмын деп келгенің нең? А
шын қазаққа қол беретін бе еді!

Кете. Менің алдыма бір жатқызып беріңдерші
ағылшынын шығарайын!

Әрелдік. Ағылшын болмасам, елшісімін ағылш
ның! Кәне, қол тигізіп көрші маған! *(Шарта жүг*
алады.)

Амангелді. Иә, қандай сөзбен келдің, елші?

Әрелдік. Менің сөзім үшеу: Қарсақпай мен Б
қоңырдан саған қосылып кеткен үш жүз жұмыскерім
соларды бүгін қайтарып бересін.

Пластунов. Жоқ, олар қайтпайды. Қожалар
айта бар солай деп: олар қайтпайды!

Әрелдік. Сен, немене, бірімісін солардың? Б
қой ендеше, әр күндеріңе бес сомнан штрап салы
қойылды!

Пластунов. Е, оны төлейміз ғой кейін...

Амангелді. Екінші сөзің?

Әрелдік. Екіншім — сарбаздарыңды Қарсақ
мен Байқоңырға жақындатпай ұста! Жұмыскер көн
алаң етпей, алысырақ тұр!

Амангелді. Қарсақпай мен Байқоңырды са
алғанда, ағылшындардың өлшеп алған жері бар е
пе?.. Соның шегіне біздің сарбаздар кірмейді. Өзге
біздікі, өзіміздің жерде қалай жүрудің еркі де өзімі

Әрелдік. Жоқ, оған көне алмаймыз. Елу шақы
жақындап кетсеңдер, ата бастайды.

Амангелді. Онда Қарсақпайға әскер жыйна
жатқан болды ғой?

Әрелдік. Әскер жоқ та емес, қанша екенін айта
маймын да.

Амангелді. Ата бастаулары бекер болады, бірақ ;арбаз қой емес, каша жөнелмейді, атыссаң атысып қа-ады!.. Үшіншің немене?

Әрелдік. Үшіншім — Қарсақпайдың жүгін тасый-ын елдерді көшіріп әкетіпсіңдер. Сонша байлықты қо-асына үйіп қойып, ағылшындар отыра алмайды. Сол ел-ер мекеніне қайтатын болсын! Торғай елінде біздің ;ұмысымыз жоқ, Ұлытау мен Жезқазған, Қарсақпай жа-ында сендердің де жұмыстарың болмасын!

Амангелді. Ол елдердің бізде жұмысы болса қай-еміз?

Әрелдік. Мен ол жағын білмеймін. Мен өзім кел-ен жұмысымның жауабын аламын да, қайтамын.

Амангелді. Бірінші сұрауыңның жауабын мына ісі берді ғой деймін. Бұл Михаил Пластунов дейтін Қар-ақпай жұмыскері, жер аударылып барған адам, жұмыс-ерлерді бастап келген де осы кісі. Бұл кісі қайтпайды есе, әңгіме сонымен бітеді. Екінші — ағылшындары-а сәлем айт: Қарсақпайға әскер алдыра бастаса, біз ғылшындарды айнала торуда ұстайтын боламыз...Ал, этеріліске анау ел қатнассын, мынау ел қатнаспасын егені тентектік деп білеміз. Бұл қазақ елінің көтерілісі. ған шек қойып, тыйым салу ағылшындардың қолында мес! Осымен қайта беріңіз, елші ағылшын...

Әрелдік. Мен бұларынды жанжалдың басы деп ілем.

Кете. Әй, жанжалдың басы мынадан басталатын! *Қамшысын көрсетеді.)*

Тәуке. Мен білем дейтін сен кім ең? Жанын жал-ап жүріп, көрдің бе мұны! Білсе ағылшындарың білед е. Жоғал, әрі!

Әрелдік. Маған тапсырылған да сөз жоқ деп ойла-аңыз...

Кете. Саған әуелі мынау тапсырылады енді! *(Қам-ысын оңтайлайды. Әрелдік кетеді.)*

Амангелді. Ал, таралық осымен. Әзір болар дар бәріңіз де. *(Тәуке, Амангелді, Жайнақ, Кете, Пластунов бәрі шығып кетеді.)*

Жапар. Тымақбай, бері кел, киіндір! *(Тымақ үйге кіреді.)*

Амангелді *(далада)*. Ал, Жайнақ, жөнелте қолыңды, шаманқелсе, батысқа қарай сүйреп, жете бақ! Адамың қанша алған?

Жайнақ. Еркегі екі жүз, әйелі жүз елу...

Амангелді. Қару-құралсыз аттанбандар, соғы қалатын да кезің болар. Тым болмаса жыйырма-о бесатар ал.

Жайнақ *(мойнындағы зырылдауығын алып)*. нің пулеметім мыналар ғой! *(Зырылдауығын айналдыр айналдырып жібереді, Жапар мен Тымақбай шошы отыра қалып, қайта тұрады.)*

Тымақбай. Орданың маңайында осындайла тыйым салу керек қой, өзі!..

Амангелді *(Жайнаққа)*. Ал, жөнел, жолың б сын! *(Жайнақ кетеді.)*

Пластунов. Мен де қазір жүріп кетсем деп т мын. Бір пәуеске де табылып қалды. Аттары да әзір ек көшір бола кетуге мен де әзірмін.

Амангелді. Пәуеске қайдан келді?

Пластунов. Байтас болыстікі деседі.

Амангелді. Иә, ол қалай келді мұнда?

Кете. Анау күні біздің артымыздан бір пәуеске ба жөнелгендей болып еді, сол болмаса?

Амангелді. Шаба жөнеліп пе еді, ала жөнеліп едің?

Кете. Сондайды не керек қазбалап... Керегіңе рап кетті ме әйтеуір, ала бер үндемей...

Амангелді. Кете, осындайды қой, жолама едім ғой...

Кете. Уа, арғы атамнан бері арбаға мініп көрге

жоқ. Алсам, сендерге керек болар деп алған шығармын... Қойшы, әрі, жоқты айтпай!.. *(Кетіп қалады.)*

Амангелді. Әй, батыр-ай, бүлдіресін ғой бір күні... Ал, Миша, Петрдың хабары жаман емес. Ішіне кіре алсаңдар, бізді жақтар орыс солдаты аз көрінбейді. Жолың болсын, мен сендерге не үйрете алам, жөнел. Сәлем айт Петрға!

Пластунов. Кеттім, ендеше. *(Кетеді. Далаға Жапар шығады.)*

Жапар. Қайран «Мыңмая»!.. Шаңың бұрқырап, түяқ кесті болдың-ау...

Амангелді *(ақырын)*. Біржола шығыңыз, аттанамыз қазір.

Жапар. Тымақбай, қаруларымды әкелші бері *(Тымақбай қаруларын әкеліп асындырып жатады.)*

Амангелді. Мұңайтпас, атты әкел! *(Мұңайтпас кетеді.)*

Жапар. Тымақбай, атты әкел!

Тымақбай. Атыңыз белдеуде тұр, тақсыр хан... *(Жапар екеуі үйді айналып кетеді.)*

Амангелді *(атына мініп алып)*. Қақтыр барабанды, тартсын сыбызғыны. *(Сыртта барабан, сыбызғы.)* Сарбаз! Қозғал!

Сырта дауыстар. Сарбаз! Қатарлан! Қозғал! *(Саймен өтіп бара жатқан көп қолдың найзалары ғана көрінеді.)*

Амангелді *(қолына туды алып жүре береді)*. Қозғал! Алға!

Дауыстар. Қозғал! Алға!

7-СУРЕТ

Қала... Әскер казармасы. Алексей Логинов сығырайған шаммен қағаз оқып отыр. Алдында үсті-басын қар басқан, басын таңып алған поручик тұр. Казарма ішінде әскер, дүркін-дүркін атысып қалады. Беріректе Петр Логинов, Зілғара, Кенжеғара. Бәрі де қысқы киімде.

Петр. Ендігі қарсылықтан ешнәрсе шықпайды ғой деймін.

Зілғара. Әскер келіп үлгірмесе, бүгін қала тәмәт тамам болатын шығар-ақ.

Кенжеғара. Жалғыз казарма қанша қорған бола алар дейсін. Жалғыз ғана Алексей Сергеевичтің қажырлы айбынымен жан сақтап тұрғандаймыз.

Петр. Әскер келіп үлгіре алмайды. Соғыс Ырғызбен екі арада басталып қалды ғой. Сарбаздың қалың қолы сол жаққа өтіп кеткенін білмей де қалыппыз...

Зілғара. Алты жерде соғыс бар дедіңіз бе?

Петр. Ие, алты жерде... Бірақ, біздің әскер батысқа қарай айдап та бара жатыр еді... Кім білсін, қазір не болып жатқанын, одан бері үш күн өтті ғой.

Кенжеғара. Поручик жаңа тағы анықтады ғой сол хабарды.

Петр. Ие, жылқыдай қуып бара жатырмыз деді...

Зілғара. Е, құр қол жүрт қой, қарсыласуға не шыдасын.

Поручик. Жаның ашыса, жартысын бөліп, шығысқа қарай айдап әкеттік!

Петр. Бұл кісіге бекер олай дейсіз. Бұл кісі қолға түскен тұтқын емес.

Зілғара. Сорлы поручик, басқа жағдайда есіңнен кетпес жауап алар едің, бағың бар екен!

А. Логинов. Қешіріңіз, Зілғара мырза.

Зілғара. Жоқ... мен оны елең де қылғым келмейді.

Петр. Естідіңіз бе, жақсы хабар ғой! Жартысын бөліп батысқа, жартысын бөліп шығысқа айдап бара жатыр екеміз...

Зілғара. Оның бәрі де жақсы-ау,.. Әттең, өртеніп біткен қаланың орнына келмесе неғылсын.

А. Логинов. Поручик мырза, ешнәрсе істей алмаймын. Қаланың айналасында бір тал шөп жоқ, бәрі өрте-

ніп кетті. Оның үстіне, көріп отырсыз, қаланың бір шеті ғана қалды қолымызда. Ең аяғы су да жоқ бізде.

Поручик. Әскер аты бұрлығып қалды, кешеден бері қырыла бастады. Полковник қалай да шөп, сұлы жеткізсін деп әмір етті сізге. Онсыз әскер жете алмайды мұнда. Төрт жүз шақырым жер бойында бір тал шөп табалмай келеміз.

А. Логинов. Қостанай өлкесінен бергі жерден бір шана шөп табылмайды. Дұрысы, сол Қостанайдан сұратқан болар.

Зілғара. Ойбай, келе жатқан әскерге қарсы шөп жөнелт дейді екен ғой!

Поручик. *(ақырып қалып)*. Сол да келмей ме колдарыңнан?

А. Логинов. Қызбаңыз, қымбаттым. Ол бір құрметті адам.

Поручик. Ендеше, жайына отырсын!

А. Логинов. Дробилин, қақпа жаққа берік болындар, қақпа жаққа!

Дробилин. Қақпа жаққа, қақпа жаққа! *(Әскерлер, урядниктер қақпа жаққа кетеді.)*

А. Логинов. Ал, қымбаттым, полковник Беловқа менің халымды да айта бар. Сағат санап отыр де. Өлермін, бірақ, қаланы бермеспін!

Поручик. Менің келген жұмысым ол емес. Маған бұйрықты алғаныңызға қағаз беріңіз де, хал-жайыңызды өзіңіз баяндай беріңіз. Кімге баяндайсыз, оны өзіңіз білесіз. Менің жұмысым — сізге әмірді тапсыру, орындау, орындамау сіздің жұмысыңыз.

А. Логинов. Оныңыз дұрыс, әрине. *(Қағаз жаза бастайды.)* Петя, поручикпен бірге сен де генералға жетші. Тағы бір барып келмесең болмады.

Петр. Мен онда не істеймін?

А. Логинов. Жайымызды айт, қысылшаң халды жасырма, бәрі де өзіңе белгілі ғой. Өзі шаршап келе жат-

қан генералға алыстан бас игеніміз ашу шақыруы мүм-кін.

Петр. Жарайды, барайын.

А. Логинов *(поручикке)*. Міне, қолхат. Ал, жөнел-іңіздер. Ұзамай осы жалғыз ауыз да жабылып қалады. Петя, тым болмаса бүгін-ертеңнен қалдырмай бір бес жүз әскер жеткізетін амалын істе.

Поручик. Сонымен, Торғай бір шана шөп, бір қап сұлы жібере алмайды деймін ғой?

А. Логинов. Ол сіздің жұмыс емес... Айтатын кісі бірге кетіп барады. Петя, әскер алып қайт, әскер!

Поручик. Логинов мырза, осының арты не болар екен! Мен сізге ескерттім... *(Петр екеуі кетеді.)*

А. Логинов. Осының арты не болар екен! Не болары-рын мен білмей отыр дей ме екен, ахмақ! Әскеріңмен келе жатып сорлы ояздарға әмір беруден оңай не бар бұл дүниеде! Он мың сарбазбен құрқол алысып көрші үш күн бойы! Бұдан екі ай бұрын сұрадым әскерді. Жер қа-рада жетіп қалсын дедім, шұбалып жатқандарын көр-меймісін енді! Қақпадан шыға алмай отырғанда шөпті қайдан жіберейін! *(Жүріп кетеді.)*

Дауыстар. Тұтқын, тұтқын!

Дробилин *(Тымақбайды айдап әкеледі)*. Тұтқын, Алексей Сергеевич!

А. Логинов. Бері әкел, бері! *(Қамшымен Тымақ-байды тартып қалып.)* Кімсін, сволочь?

Тымақбай *(жығылып тұрып, тымақ астынан көзін сығырайтып)*. Зілғара ақсақал-ай, өтіп кетті-ау, қам-шысы, өтіп кетті-ау...

Зілғара. Алексей Сергеевич, сабыр етіңіз, сабыр ете көріңіз... Бұл ханның уәзірі, керекті адам, керекті адам, мен сөйлесейін.

А. Логинов. Сөйлесіңіз, ендеше.

Зілғара. Ал, сөйле жаным, қайдан жүрсін қаңға-лақтап?

Тымақбай. Осы маңайда әлгі Ғарифолла ноғайдың үйі бар еді ғой, соған кіріп шәй-пүй ішіп шыға қояйын деп келе жатып, қолға түсіп қалғаным... Әйтеуір сол топтың ішінде жүр демесең, мен бір жазығым жоқ адаммын ғой, ақсақал... Жақсы-жаман болсам да Жалбағайдың Тымақбайы едім, өтіп кетті-ау мына қамшы... *(Жыламсырайды.)*

Зілғара. Жылауды қоя тұр, жаным, кімді кім аяйын деп тұр осы күні. Жайларыңды айтшы.

Тымақбай. Жай деп, бізде де қандай жай бар дейсің, тәңірі, жұрт қажып қалды. Үш күн аузымызға нәр татқан жоқпыз. Ханның өзі Боршаковтың лавкесіне кіріп, болдырып жатыр. Бір бөшке сарымай, өрік, мейіз, қант-манты бар екен, оны сарбаздар әкетті быт-шыт қып...

Зілғара. Бізде міне үш күн болды, су да жоқ, қар жеп жан сақтап отырмыз.

Тымақбай. Суы құрғыр жатыр ғой Торғай табанында.

Зілғара. Жапар соған шыдап жүр ме әйтеуір?

Тымақбай. Шыдамағанда қайтсін, Амангелді қойып жүр ме еркіне! Бәрін бір шыбықпен айдап жүр.

А. Логинов. Қалаға келген сарбаз қанша?

Тымақбай. Жалпы саны үш мың демесең, көбі құр қол ғой, тәйірі.

А. Логинов. Он мың деп еді ғой?

Тымақбай. Он мың? Енді он жылда он мың болар ма екен!

Кенжеғара. Мен Жапар ақсақалға барып қайтқым келеді.

А. Логинов. Не үшін?

Кенжеғара. Күн артында күн бар, атың басын тарта шап деймін.

Зілғара. Оның қолында не күш бар дейсін, тәңірі.

Тымақбай. Ойбай-ау, мың сарбазы бар ғой!

А. Логинов. Мың?

Тымақбай. Аттай мың!

А. Логинов. Мұны неге ертерек ойламағансыздар?

Зілғара. Ескі жаңа түсіп тұрса қайтеміз?

Кенжеғара. Ол кісіге онсыз да сенулі едік қой...

А. Логинов. Сенулі болсаңыз — шықсын қаладан. Ойдағы жерден шықса, әркезде бізді де өзіне санасын!

Тымақбай. Ойдағы жерден шықпағанда қайдан шығады дейсіз... *(Кенжеғара мен Тымақбай кетеді.)*

А. Логинов *(Зілғараға)*. Сіз осыдан үміт етесіз бе?

Зілғара. Үлкен үміт етем. Бір жағы жөңкіліп қаладан шықса, одан әрі білесіз ғой не боларын... *(Дробилин келеді.)*

Дробилин. Сарбаздардан елші келіп тұр.

А. Логинов. Елші келіп тұр!.. Ұста да алып кел бері!

Дробилин. Сөйлесіп шыққанша орныма кісі бересін дейді. Қасында елу сарбазы бар... Сонша мылтықты қайдан тауып алғандарына таң қалам!

А. Логинов. Көрдің бе, мазағын! Орнына өзің бара тұр да, бері жібер елшісін!

Дробилин. Мен өзім бара тұрайын ба?

А. Логинов. Болмаса, басқа біреуді бер! *(Дробилин кетеді.)* Құдай-ау, мұндай мазақты көрем деп пе ем! *(Қолында ақ ту Жайнақ келеді.)*

Жайнақ. Сардарбек Амангелді Имановтың елшісі сарбаз әпесері Жайнақ Жылқайдаров! Маған ояздың өзі керек сөйлесуге.

А. Логинов. Ояз бастығы алдында тұр, сарбаз «әпесері».

Жайнақ. Сардарбек Амангелді Иманов жіберді елшіге. Қарсылықты тоқтатып, әскерін алып қаладан шықсын, үш сағат уақыт берем дейді. Ешбір бөгетіміз болмайды, қатын-баланы, керек-жарақтарыңызды әкете беріңіздер. Жолдарыңда бір сарбаз тұрмайды! Жүре беріңіздер. Осыған әпесерлік уәде етеміз!

А. Логинов. «Әпесерлік» уәде етеміз!

Жайнақ. Иә, әпесерлік уәде етеміз.

А. Логинов. Басқа қандай шарттарың бар?

Жайнақ. Басқа шартымыз жоқ. Қаланы қолға алған соң, шартын өзіміз келтіре береміз ғой!

А. Логинов. Бір кезде менің түрмемде отырған қу едің-ау, сен?

Жайнақ. Қазір мың басымын! Генерал Лаврентьевпен үш күн соғысып, алға бастырмай кейін қайтарған мың басы біз боламыз!

А. Логинов. Алған тұтқындарың да бар шығар?

Жайнақ. Екі мың адам...

А. Логинов. Он мың десең қайтер?

Жайнақ. Ұзамай о да болады!

А. Логинов. Есірігін көрдің бе өзінің! Амангелдіңе сәлем айт: сол үш сағатта өзі қашып құтылсын! Патша әскері жақындап қалды. Енді кешіксе басы Торғайдың көшесінде қалады. Естідің бе?

Жайнақ. Ендеше өзіңіздің басыңызға да сақ болғайсыз. Енді ақ жалауды көрмейсіз, қызыл жалауды ғана көретін боласыз! *(Кетеді.)*

Зілғара. Шыны ма, өтірігі ме?

А. Логинов. Әскер кейін шегінді дегені жалған, әрине!

Зілғара. Кейін шегінбегенмен, шөп пен жем жоқ болса ілгері басу қыйын да ғой... *(Кенжеғара келеді.)*

Кенжеғара. Хан мың сарбазын алып қаладан шығып кететін болды.

А. Логинов. Рахмет, рахмет құрметті Кенжеғара! Ендеше құтылдық қоршаудан!

Зілғара. Енді басқа жағы да ыдырай бастайды. Жарадың Кенжеғарам, жарадың!

А. Логинов *(айғайлап)*. Құтылдық қоршаудан, құтылдық! *(Дробилин келеді.)*

Дробилин. Шығыңдар казармадан, шығыңдар!

Сарбаздар төбеге шығып алып, өрт қойып жатыр казармаға! Өрт, өрт!

А. Логинов. Өртей берсін! Еріңдер соңыма, аянбаңдар! Құтылдық қоршаудан! Алға! Алға!

Дауыстар. Өрт! Өрт!

А. Логинов. Құтылдық қоршаудан! Шабуыл! Шабуыл! Алға, алға!.. — Өрт! Өрт! — Алға, алға! *(Әскерін алып Логинов шыға береді, казарма лап ете түседі.)*

8-СУРЕТ

Өртенген қала... Боран... Кірпіш сарайдың тасасында Амангелді мен Тәуке тұр. Әржақта атыс. Бір топ сарбазбен Мұңайтпас шегініп келеді.

Мұңайтпас. Ана бір үйдің тасасына қарай, ана бір үйдің!

Амангелді. Бұл немене, Мұңайтпас? Шегінген түріміз бе?

Мұңайтпас. Шегінген дейсіз бе? Жоқ, сардар-аға, осы бір маңды қолайлы бола ма деп ем...

Амангелді. Қай жер қолайлы боларын сен білетін болғаның да!

Мұңайтпас. Жоқ, сардар-аға, мен қайдан білуші ем... *(Артына бұрылып.)* Уа, кейін, кейін бұр беттеріңді! *(Сарбаздарын кейін бұрып әкетеді.)*

Амангелді. Ханның мыңын ығыстырып келе жатқан сияқты ма осы?

Тәуке. Ханым қажып қалғаны ма?

Амангелді. Қажыған белгісі байқалмап еді.

Тәуке. Уай, Кете батырды айтсаңшы, әлі жосылтып жүр!

Амангелді *(қараңып)*. Хан жағымыз жалаңаштанып қалған сияқты. *(Жайнақ келеді.)*

Жайнақ. Ханыңыз кетіпті қайқайып.

Тәуке. Не дейді, қайда кетіпті?

Жайнақ. Жантай қопасына барып, ат шалдырып қайтам деп ханың кетіпті де, ханның артынан сарбаздары кетіп жатыр.

Тәуке. Уа, жантайып қалсын, жантайып қалғыр. Құдай біржола атты десеңші оны!

Амангелді. Осы болғаны да жеткен жері.

Тәуке. Осындай қыл үстінде тұрғанда тая ма екен, шіркін!

Амангелді. Таятын кісі қыл үстінде таймағанда қашан таюшы еді! Жайнақ, кісі жібер де шақырт, шақырғанға келмесе ұстатып алдыр!

Тәуке. Жайнақ мұнда да керек болар, мен-ақ алып келейін.

Амангелді. Көнбей жүрер сізге.

Тәуке. Өлімтігімді-ақ аттап өтер!

Амангелді. Барыңыз ендеше. *(Тәуке кетеді.)*

Мұңайтпас *(әржақта)*. Әне көрінді, әне көрінді! Атыңдар! *(Атылған мылтық дауыстары.)*

Амангелді. Ал, ояз не айтты?

Жайнақ. Ояз келмеді икемге, бүгін әскер келеді деп қорқытады. Онысы өтірік, әрине!

Амангелді. Жайларын қалай көрдің?

Жайнақ. Жақсы емес-ау, дедім. Әдейі бір адуын сөздер айтып ем, онша кердең кете алмады ғой!

Мұңайтпас. Мына беттен шабуыл басталды, сардар-аға! *(Алыстан Логинов дауысы.)* Алға, алға!

Амангелді. Бастырма ілгері!

Мұңайтпас. Төк оқты, төк! *(Атыс.)*

— Алға, алға!

Мұңайтпас. Төк оқты, төк! *(Сарбаз келеді.)*

Сарбаз. Әскер келіп қалды, сардар!

Амангелді. Қанша екен?

Сарбаз. Ұзын жолдың өнбойы толы әскер.

Амангелді. Тез Кетеге жет! Жол жақты орап ал-сын! *(Сарбаз кетеді.)*

Мұңайтпас. Төк оқты, төк!

Жайнақ. Хан бұл хабарды біліп тайған болды ғой.

Амангелді. Иә, біліп тайған болды. *(Алыстан Логиновтың «Алғалаған» дауысы жақындай береді.)* Мыналар да хабарланып, күшейіп тұр екен ғой. Ал, сен қолыңды осы бетке шығар! *(Сарбаз келеді.)*

Сарбаз. Әскер жақындап қалды, сардар.

Жайнақ. Қанша екен?

Сарбаз. Бір санап бес жүз дедік, бір санап алты жүз дедік. Екеуінің бірі әйтеуір, артық та емес, кем де емес.

Мұңайтпас. Оқ таусылып қалды, сардар-аға!

Амангелді. Атқа мініңдер, найзаға көшіңдер!

Мұңайтпас. Атқа, атқа! Найзаға! *(Кетеді, Логиновтың айғайы жақындай береді.)*

Амангелді. Оқ таусылып, адам қалжырап қалғанда кездескенін көрдің бе! Тым болмаса түгел де емеспіз. Не істедік, ә? Жоқ, қалаға табанын тіретпеуіміз керек, өлісер жер осы болар! *(Жеңілденіп алады.)*

Дауыстар. Әскер, әскер, әскер! Келіп қалды! Келіп қалды!

— Қалдық қоршауда, қалдық! *(Сарбаздар қаша бастайды.)*

Амангелді. Тоқта!

Дауыстар. Қырылдық, қырылдық... *(Тоқтамайды. Салт Бану келеді.)*

Бану. Біздікі, біздікі!

Дауыстар. Әскер, әскер, қырылдық, қырылдық!

Бану. Біздікі, біздікі! *(Бану ат үстінен қашқандарға қамшы үйіріп жүреді.)* Біздікі, біздікі!

Амангелді. Тоқта! *(Алдыңғы біреуді атып қалады, құлатады. Бану құлағын басып қалады. Сарбаздар*

тоқтайды.) Жайнақ, аналарды апарып, соғысқа сал! Ала кет!

Жайнақ. Алға, ер соңымнан! *(Сарбаздарды алып кетеді. Бану атынан түсіп Амангелдіге жүгіреді.)*

Бану. Біздікі, біздікі! Мекайла мен Петра әкеле жатыр... Біздікі.

Амангелді. Кім, кім?

Бану. Петра мен Мекайла бастап әкеле жатыр, біздікі.

Амангелді. Аузыңнан айналайын, сарбазым-ай, кім едің! *(Маңдайынан сүйіп алады. Банудың тымағы ұшып кетіп, шашы көрінеді.)* Тәңірі деген, қыз ба едің!.. *(Бұрылып кетеді.)*

Бану. Қыз айтқан жақсылықтың бір жерінде олқылығы бола ма екен?..

Амангелді. Ойбай, айналайын, ол емес, айтайын дегенім: *(Тымағын алып береді. Әскерімен А. Логинов көрінеді.)*

А. Логинов. Алға, алға!

Амангелді *(Бануға)*. Ал, тасалан қарағым.

Бану. Қазақтың ұлы-қызына аттан салғанда, таса табылмай қалар деп пе едіңіз?

Амангелді. Қарағым-ай, сүріндіре бердің-ау, ендеше мылтығынды қолыңа ал! Тұр қатарыма! *(Қолын көтеріп.)* Ат! Көздеп ат! *(Екеуі қатар тұрып ата бастайды.)* Я, сәт! Осыларың бөгелді білем. Абыройын сенікі дермін, қарағым. *(Әскерлерін алып Пластунов пен Петр келеді.)*

Пластунов. Қабыл ет, сардар, бостандық армиясын!

Амангелді. Құтқардыңдар, достарым! *(Құшақтасады.)*

Пластунов. Әзірлен! От! *(Әскерлер атады. Алексей Логинов құлайды.)* Алға! *(Пластунов әскерді алып ілгері кетеді.)*

Бану. Алға! Алға! *(О да кетеді.)*

Амангелді. Соғыстың аты соғыс қой, Петр. Інің оққа ұшты білем...

Петр. Ие, көріп тұрмын. Дәл мұны күтпегенмен, басқа күтерім де жоқ еді. Барып, көріп келейін. *(Кетеді.)*

Амангелді. Анау құлаған кім екен? Әй, білші Мұңайтпас! Қай мыңдікі екен? *(Мұңайтпас манағы құлаған адамды айналдырып отырады.)*

Мұңайтпас. Апыр-ау, осы Тымақбай білем...

Амангелді. Кім екен?

Мұңайтпас. Осы Тымақбай уәзір білем, сардар ағa. Апыр-ау, осы сол.

Амангелді. Жатсын, ендеше. *(Жапарды алып Тәуке келеді.)*

Тәуке. Ат шалдырайын деп ем деген, болмашы бір себебі бар, ханың мінекей. Кесімдеріңді айта беріңдер өздерің.

Жапар. Кесімге асықпай-ақ қой, әзір. Мәнің кесімім қай күні хандық керегі жоқ болса, сол күні өзі де айтылады. Оған дейін әлі де кесімді мен өзім айтам!

Амангелді. Кінәсізбін де де, қасыңдағыларыңа кесім айт. Кінәлімін де де, қылығыңды көпке сал, ендеше! Атқа міндік, ант еттік. Алдайтынымыз ел ме еді? Аңдыйтынымыз қапысы ма еді, сол елдің?

Жапар. Кінәлі бола алмаймын, мыңды ерте кеткен жоқпын соңыма. Орындарында бол дегем. Кесіп келдім кесімімді!

Амангелді. Өзгені ертпесең де мың басыны ерте кеттің ғой... Хан бол да, мың басыңа кесіміңді айт: хан Жапар мың басы Жапарға кесімін айтсын!

Жапар. Кінәлі Тымақбай, хан орнына уәзір қалатұру қашаннан бар емес пе? Кескілеп өлтіртем итті. Апарыңдар да, атып тастаңдар!

Мұңайтпас. Атып тастайтын ештемесі қалмапты хан тақсыр... Кеудесінде жаны бар демесең, бір атылуға атылыпты...

Тымақбай *(басын көтеріп)*. Хан-ау, мен емес, өзің ғой ит болған, өзің... Өзің едің ғой бір-бірлеп жүре берейік деген... Мен емес, сен ит болған, сен!.. *(Күлайды, Мұңайтпас сүйреп әкетеді. Байқара келеді, қолында ақ ту.)*

Байқара. Сүйінші, сүйінші, бостандық, бостандық! Патша тақтан құлапты! Патша тақтан құлапты! Жасасын земство! Жасасын уақытша үкімет! Сүйінші, сүйінші! *(Жұрт жыйнала береді.)*

— Бостандық! Бостандық! Жасасын бостандық! Жасасын Амангелді! Жасасын сарбаздар! *(Пластунов, Петр, Жайнақ, Кете, Бану, сарбаздар бәрі сахнаға келеді.)*

Амангелді *(Жапарға)*. Енді сен де боссын хандықтан! Лұқсат! Патшасын құлатқан ел, ханын да бірге құлататын шығар... Енді хандар өсетін жер қалған жоқ! Жайнақ, қаруын ал! *(Жайнақ Жапардың қаруларын алады.)* Қош бол! *(Зілғара келеді.)*

Зілғара. О, ардақты азаматтар! Ардақты азамат Амангелді! Бостандық үшін аттанып едіңдер, құтты қадам, қолдарыңа алыңдар қаланы. Ел тізгіні өзіне тиіпті, бірлік заманы, достық заманы туыпты. Тізе қосып, бірлесіп, ел ісін қолымызға алайық, келіңдер, ортамызға!

Амангелді *(жоғарыға шығып)*. Жоқ, мырзалар, қаланы біз сіздің қолдан алмаймыз, бұдан бұрынырақ шақыруларың керек еді. Оны істей алмадыңдар. Қалаға біз өзіміз келдік, күшпен кірдік, күшпен құлаттық екі басты самұрықты. Күшпен жеттік бостандыққа! Ауыр азап, қанды алыстармен жеттік. Төгілген ел қаны, азап ел көрген азап! Еңбек кімдікі болса, бостандық сонікі! Ойда орыс, қырда қазақ бұқарасы, бостандықты сен өз қолыңмен алдың. Бостандық бір сен үшін! Өзің қалаған туыңды көтер, өзің қалаған тәртібіңді орнат!

Жұрт. Міне, біздің ту! Міне, біздің тілек! *(Әржерден қызыл тулар көтеріледі.)* Сенің туың, біздің ту! Сенің туың біздің ту!

Амангелді. Әне, біздің ту! Әне бізді шақырған жұрт! Жасасын бұқара бостандығы! Жасасын бұқара қалаған қызыл ту! Еріңдер соңыма! *(Секіріп төмен түседі. Жұрт бірге қозғалады. Ұрандар, айғай-шу.)*

ШЫМЫЛДЫҚ

ТӨРТІНШІ ПЕРДЕ

9-СУРЕТ

Амангелдінің штабы. Тулар... Суреттер... Күн жана шығып келеді. Кең террасада Амангелді мен Петр. Қарсыда Совдеп үйі. Әржақта оқта-текте команда естіліп тұрады. Амангелді мен Петр солай қарап тұр.

— Бір-екі-үш! бір-екі-үш! Сол аяқ! Сол аяқ!

Амангелді. Көремісін, Петр! Кешегі шұбалаң сарбаз бүгін аяқты қалай-қалай басады! Қәдуілгі солдат емес пе?

Петр. Солдат, солдат! Қазіргі Россия топрағында әлі шаршап, қажымаған, бар қызуы бойында тұрған солдат! Әттең, қару жағы аздау.

Амангелді. Дегенмен, бір атты, бір жаяу әскер полкы баяғы менің қырық мың сарбазымнан анағұрлым айбынды болып шықпады ма!

Петр. Әрине, сарбазды адал арымен, елдік намыс сүйрейді демесек, жыйырманшы ғасырдың соғысына қайдан жарасын.

Амангелді. Қолым босап кетсе-ақ, қарағым келеді де тұрады... *(Совдеп маңдайшасындағы жазуды нұс-*

қап.) Анау маңдайшасындағы жазумен екеуіне бір қарамай өте алмаймын.

Петр. Ие, ол үлкен жазу. Заманның жаңа тілі!

Амангелді. Әрі жаңа, әрі түсінікті тіл! Тәңертең тұра сала, біреу алып кетпеді ме екен дегендей, әуелі ылғый сол маңдайшаға қараймын: көкала таңнан күлімдей қарап тұрады, орнында! Содан соң, алаң жақтағы тереземді ашам... Сенемісін, Петр, осы екеуін бір көрмей, жуынған да емеспін.

Петр. Сенемісін! Көрмеген күнің бар ма десеңші! *(Бөлімін ойнатып Мұңайтпас өтіп бара жатады.)*

Мұңайтпас. Сол аяқ! Сол аяқ!

Амангелді. Ысқыртуын көрдің бе, қойшыңның! Командир Мұңайтпас Көпжасаров, бері келші, бері.

Мұңайтпас *(бөліміне)*. Тоқта! Смирна! *(Бері келіп честь беріп.)* Бірінші қазақ жаяу әскер полкының бірінші взводының командирі Мұңайтпас Көпжасаров, әміріңіз бойынша келдім, жолдас комиссар!

Амангелді. Жә, түсір қолыңды. Қалай, командир болып болдың ба, жолдас?

Мұңайтпас. Күндіз өзім үйретем, жолдас комиссар, түнде өзім үйренем...

Амангелді. Кәне, мені үйретіп көрші!

Мұңайтпас. Сізді үйрете алмаймын жолдас комиссар, хақым жоқ.

Амангелді. Үйрет деп бұйырамын!

Мұңайтпас. Бұйрығыңыз орындалады жолдас комиссар! *(Өз бөліміне.)* Айнал! *(Бөлімін теріс қаратып қояды)*... Ендеше, смирна, жолдас комиссар! Шаго-ом арш! *(Амангелді жүріп кетеді.)* Тура! Оң иығыңды алға, марш! Бір-екі, бір-екі! Сол аяқ! Сол аяқ! Жүгір, тұр! Смирна! Команда деген осы болады, жолдас комиссар... Қыйын дәнемесі де жоқ!

Амангелді. Ал, солдатыңа айтар қандай мінің бар?

Мұңайтпас. Сізде әзір кавалеристің әдеттері көбірек. Оқа емес, бір жеті үйренсеңіз жетіп жатыр.

Амангелді. Естіп тұрмысын, Петр? Рахмет Мұңайтпасым, рахмет! *(Қолын қысып.)* Сенің «сол аяқтаған» командаңның астында кешке дейін жүгіруге шаршамас едім. Уақытым жоқ, бауырым. Бар!..

Мұңайтпас. Шаго-ом арш! *(Бөлімін алып кетеді.)*

Амангелді. Осындай қойшы-қолаңнан шыққан жүздеген, мыңдаған қызыл командирды көрер ме екеміз, жоқ па!

Петр. Көреміз, комиссар, көреміз! Көре бастағанымыз осы емес пе!

Амангелді *(ойланып қалып)*. Енді, сірә, комиссарының өзіне де күні-түні үйрену керек болар, ә?

Петр. Оның зыяны болмайды, комиссар.

Амангелді. Бір дүние жаңарып жатса, енді бір дүние ескіріп жатады, ә? Тез жаңартар, тез ескіртер заманға жетіппіз, Петр! Ескіні көріп — жаңаны, жаңаны көріп ескіні түсінеді екеміз-ау өзі...

Петр. Оны неге айттың, комиссар?

Амангелді. Солдатқа қарап — сарбазды, Кетеге қарап — Мұңайтпасты танығандаймын... Жаңа заманның лебі ғана келіп еді, бұрынғыдан не қалды ескірмеген?

Петр. Солай деп ойлайсын ба?

Амангелді. Сарбаз жаңарып солдат болып еді, мыңбасыларым ескіріп қалды. Кете батыр қалмады ма ескіріп...

Петр. Оның орнына Көпжасаров шықты.

Амангелді. Жоқ, оның орнына шыққан жоқ, ол жаңа топыраққа шықты.

Петр. Ә, солай дейсін бе...

Амангелді *(үй жаққа айғайлап)*. Батыр-әй, ә, батыр!

Кете *(өз бөлмесінен)*. Уа, не бар?

Амангелді. Жатар күн бе, батыр-ау, түрсаңшы.

«Балалар оқуға бар, жатпа қараптың» уақыты болып қалды. Күн шығып келеді!

Кете. Не болып қалып еді, таң атпай...

Амангелді. Таң атқалы қашан! Тұр батыр, оян сен де!

Кете. Пай, пай, маза деген болмады-ау, әйтеуір. *(Киінбеген бойы, алқам-салқам есіктен көрініп)* Пөйттік-шөрттік, отырсыңдар ғой!

Амангелді. Батыр-ай, не айтайын саған.

Кете. Не айтайын деп, мен бір бала ма едім, тұрам өзім, тұратын кезімде! *(Қайта кетіп қалады.)*

Петр. Ал, комиссар полктар әзір жүруге.

Амангелді. Бірінші құрылған қазақ полктарының кіндік атасы сыяқты едің, Петр. Өзің бастап апарып майданға сал. Алыстан қарап, сүйсініп отыратын ет мынау елді.

Петр. Артық мырзалық болып кетіп жүрмесін, комиссар. Торғай Совдепінің кіндік атасы сен десек,— ол сенің шын еңбегің. Ол былай тұрсын, жалпы қазақ даласына совет туын бірінші орнатқан адам да сенсін! Асыра айтқаным емес, қазақ халқының жаңа тарихы сенен басталады. Мен болсам, саған жәрдем еткен ғана адаммын. Одан арғыңды достығың мен мырзалығың деп білем.

Амангелді. Жоқ Петр, жоқ! Біз бұл жолға бірге түстік, бірге аяқтаймыз. Есіңде ме, жол басы сонау Петроградтан басталып еді ғой. Қандай шатқаландардан адаспай, айрылмай бірге өттік. Қазақ халқы ұмытпас мұныңды деп, мен ол кезде әрі асығыс, әрі арзан айтқан екемін. Қазақ халқы ұмытпас еңбекті оның бержағында істедің! Орыс пен қазақ халқының бар тілегі бірігіп, біржола бекіп қалды емеспе, сен, мен деп бөлмейік, біз дейік... Сен майданнан оралып келгенше полк демей, дивизия деп сөйлейтін болармыз. Торғай туы демей, жалпы Қазақстан қызыл тудың астында дерміз. Қәрі жолдастар бір күні

Москваға да тартармыз... Жолдас Ленин, бірінің астымен, бірінің үстімен кетіп жүріп қазақ даласына қызыл ту орнаттық, көріне ме осы арадан дерміз. Әрине, көрінеді дейді!

Петр. Шынында да сондай кездесу болар ма екен?

Амангелді. Болғанда қандай, тек, майданнан аман қайт!

Петр. Ендеше, сол кездесуге дейін сау болып тұрайық. Мен жұруге әзірленем.

Амангелді. Жолың болсын Петр, жұрт көзінше қоштаса да алмаспыз, кел бері. *(Екеуі құшақтасып, сүйіседі. Петр тез кетіп қалады. Жайнақ келеді.)*

Жайнақ. Ал, комиссар жолдас, ана жалмауыздардан өзің арашалап ал!

Амангелді. Немене, біраз жұрт сендерден араша сұрап жүр еді, енді өзіңді арашалау керек боп қалды ма!

Жайнақ. Шойтабандар әне келе жатыр. *(Зілғара, Байқара, Жапар, Әрелдік, Кенжеғара келеді.)*

Амангелді. Жоғары шығыңыздар. *(Келгендер отырысады.)*

Зілғара. Тұқыл ешкі мүйіз сұраймын деп жүріп, құлағынан айрылыпты дегендей, Совдепіне жақындатпадың деп өкпелеп жүрсек, тырдай болатын күніміз енді келе жатыр екен ғой, батыр.

Амангелді. Өзіңіз тіл маманысыз, дәлірек сөйлесеңіз екен, тырдайыңыз немене өзі?

Зілғара. Бір жағынан жерін тартып алып жатса, бір жағынан астындағы атын аударып алып жатса, қазақтың тырдай болмаған несі қалатын еді.

Амангелді. Сол тырдай болып жатқан қазақтың өзі неге айтпайды арызын? Әзірге ондап-жүздеп келіп жатқан қазақ халқы алғысын ғана айтып жатыр.

Жапар. Е, келіп отырмыз, міне. Бір күн дәмдес болғанға қырық күн сәлем деп, құрығыңды менен бастап салыпсын.

Амангелді *(Жайнаққа қарайды, Жайнақ қағазсуырып береді)*. Жүз ат па?

Жапар. Жүз ат түгіл, жүз битіме ешкім тиіп көрген жоқ еді. Шеңгеліңді сен салып отырсын.

Амангелді. Шеңгел дерсіңдер, басқа дерсіңдер, бірақ, жалғыз саған ғана салынбаған шығар. Қазақ полктарын құрып жатырмыз, бір жүз тайды көрімдігім дей саласын да.

Жапар. «Мыңмая» ны да көрімдігім деп алдың ба? Күні кеше сарбаз туын көтерген қасиетті жер емес пе еді? Соған қалай қолың барды екен?

Амангелді. Халық туын көтерген жер халықтікі болад та.

Жапар. Бір рулы елдің күн көріп отырған жері...

Жайнақ. Елдің дегеніңіз хатарақ болар да, өзімдікі десеңіз дұрысырақ болар.

Жапар. Сол ел сол жермен күн көріп отырған жоқ па еді?

Амангелді. Ел сол жерден күн көріп отырса, алған да сол ел емес пе? Онда сіздің дауыңыз жоқ болып шыққаны ғой.

Жапар. Құлақ аспаймын, де!

Амангелді *(Байқараға)*. Сіздің келген жұмысыңыз немене?

Байқара. Біздің ауылдарға мұндай шаралар әлі бара қоймаған көрінеді. Мен мынау істеріңіздің заңсыздығын ғана айтқалы келдім. Испокон веков Россияның заңында біреудің мүлкін біреу талап алсын деген статья болған емес! Бұл шаралар біздің ауылдарға бармағанмен...

Жайнақ. Сіздің ауылға да барды, отағасы. Сізден елу ат болар алынғаны.

Байқара. Ә? Алынғаны дедің бе? Бұларың заңға тіпті сыймайды. Бостандық деп, бірінші айғай салып кел-

ген мен болатынмын. Сол бостандық маған елу атқа түспек пе?

Зілғара. Ендеше, таланған отыз екі адам емес, көбейіп кетті.

Амангелді. Алдымен, таланған, тырдай болған деген сөздерді қояйық. Мынау құрылып жатқан полктарға, жақындап қалған майданға ат керек. Оны аты бар байлардан алмағанда, кімнен аламыз?

Байқара. Апыр-ау, ат керек болса, базар бар емес пе?

Амангелді. Совдеп қаулы етті де, байларға баса-баса салып алатын болды. Бір Торғай оязында он миллион бас мал бар екен. Соның қырық-елу мыңын бостандық жолына берсеңдер ештеңелерің кетпес.

Зілғара. Өкімет кедейдікі дейсіздер, сол кедейлеріңіз жатып ішер, арам тамақ болып отыра береді ғой, сірә?

Амангелді. Өзіңіз оқыған адамсыз, ондай сөздерге бекер бара бересіз... Жеті атасынан бері жарлының табан ақы, маңдай терімен қанын сорып келе жатқан байлар арам тамақ болмайды да, кедей арам тамақ болмақ па?

Зілғара. Енді болатын болар...

Амангелді. Болған да емес, болмайды да. Маңдай терін сорғалатып жүріп ұйқы-күлкі жоқ, өзінің өкіметін құрады. Ішкі, тысқы жауларынан елі мен жерін сол еңбек жұрты қорғап жатыр. Орынды жәбірлерің болса тыңдаймын да, басқа тәлкектеріңе уақытым жоқ.

Жапар. Ендеше, жәбірімізді тыңда! Бәріміз де қоскабаттап тоналып келіп отырмыз.

Амангелді. Тонап алыппыз ба, заңмен бе?

Жапар. Әңгіме қалай аталуында көрінбейді ғой. Әйтеуір, мінер ат пен күйқалы жерден құлақ қағыппыз біржола.

Байқара. Жер деген пәлесі біздің ауылға да баратын шығар?

Жайнақ. Барды өткен түні, болыстарың келеді бүгін, естисіз.

Байқара. Болыстарын?.. Байтас па? Ол бір есті жігіт еді ғой, нағып барып жүр мұндайға?

Жайнақ. Осы күнгі болыстарың одан да есті, Кете батырдың қарындасы, Бану.

Байқара. Бану?.. Қетенің қарындасы ма кәдуілгі? Ендеше, мен не боларымды біле алмадым! (*Отыра кетеді*).

Зілғара. Мен басқа бір жұмыспен келіп отырмын, бірақ, бостандық рахатын біреу көріп, салмағын біреу көтерсін дегенді әделет екен дей алмас едім.

Амангелді. Аты жоқ жұрт несін береді?

Байқара. Базар бар дедім ғой, сатып әперед те!

Амангелді (*Әрелдікке*). Ағылшын елшісі сіз де сөйлей отырыңыз.

Әрелдік. Біз жақсы, жаман болайық, мынау ағылшындарға бағынышты адам едік қой. Ең аяғы атымыздың сенім қағазына дейін солардан алып отырмыз. Сондықтан, мынау жалпақ елге келер ауыртпалықтан қаға беріс қалсақ керек еді. Біздің жер хатадан алынып кеткен шығар деп келіп отырмын.

Байқара. Әрине, хатадан! Қай мемлекетке бағынышты болсаңыз, сіз үшін сол мемлекеттің заң-заңы ғана действительный деп саналады!

Амангелді. Ағылшындарға бағынышты болсаңыз, жер-суды да солардан аласыз да. Біз ағылшын жеріне тиген жоқпыз. Сіз тура көшіңіз, өз жеріңізге...

Әрелдік. Ендеше, менімен емес, ағылшындармен сөйлесетін боларсын.

Кенжеғара. Маған бір ауыз сөз лұқсат болар ма екен?

Амангелді. Сөйле, мырза.

Кенжеғара. Осы жұрт көргенді мен де көріп келіп отырмын. Бірақ, мен мына жұрттан басқа бір жай-

ды айтқалы келдім. Халқымыздың әркезде, әралуан еңбек етіп көзден жасын сорғалата жүріп, күткен тілегі осы бостандық еді. Әрбір әлді қазақ елу атпен, жүз атпен бостандыкка қолы жете берсе, алдақашан сатып та алар еді. Бірақ, заман өз заңын біледі, өз заңына ғана бағынбақ. Ұнай ма, ұнамай ма, қолайлы ма, қолайсыз ба, оны әркім өзі біледі, бостандық міне қазір келіпті. Мұны түсіне білу керек дер едім. Менен елу ат алыпты, оны аз дегім келеді. Керек деген күні енді жүз жылқы айдатып алыңыз. Сәлем айттырыңыз, өзім айдап әкеп берем. Қазақ полктарының азық-түлігіне деп, бес жүз қой айдатып әкелдім осында. Әржерде қазақ автономиясын сұрап ешкімге сөзін тыңдата алмай, босаға күзетумен күнін өткізіп жүрген қазақ аз ба? Керенский берген жоқ, Колчак берер емес, берем дегеніне мен сенбеймін. «Алаш» деп арқа сүйеу қылып келдік: ақ генералдарға жылу жыйнаудан басқасын көре алғаным жоқ әлі. Қазақ халқына автономия совет арқылы келетін болса, мен барымды салдым соның жолына! Ұғынар уақыт жеткен сыяқты, мырзалар!

З і л ғ а р а. Е, мұның мырзалық шегіне сыймайтын мінез, шырағым... Ол өз жұмысың.

А м а н г е л д і. Шынымды айтайын, сенен мұны күтпеген едім.

К е н ж е ғ а р а. Білем, білем комиссар жолдас. Кінәлімін да, айыптымын. Торабы тоғыз заманға кез келіппіз. Адасыппын дегеннен басқа актаиарым да жоқ. Ана жолы катты ренжігендей болып едіңіз, мүмкін, ең алдымен сонымды жұғым келетін шығар. Бірақ, онай-қыйын сәтті аңдып жатқаным жоқ, ойланумен бөгеліп келдім. Енді бәрін салдым жолыңызға, керегіңізге жарасам, өзімді қоса бердім.

А м а н г е л д і. Рахмет, жас жігіт. Ертерек келмедің деп несін ескертейін, ештен — кеш жақсы да... Заманды айттың ғой, заманымен бірге адамы да өзгеред те. Ақ

ниетіммен, адал күшімді әкелдім дей алар адам — сол адам болсын! Түзелер бетке теріс жөн сілтесек — айып бізде болар. Шек, кедергі қоймаспыз алдыңа.

Кенжеғара. Сізге де, аса үлкен рахмет, жолдас комиссар. Ата-ана, ел-жұрт айтар қарғысы мен теріс батасы болса, оны да түгел ойланып, берік антымды беріп келіп тұрмын.

Амангелді. Ал, өзге жұрт, бұған қалай қарар екенсіздер?

Зілғара. Бостандық заманы ғой, әркімнің өз еркі білед те.

Жапар. Әркімнің өз ауруы батад та жамбасына.

Амангелді. Ендеше, көп созбайық, мырзалар. Жер еңбек ететін иесіне, қара шаруаға беріледі алдымен. Совет заңының негізгі екі тармағының бірі осы болады. (*Ілулі тұрған қаулы-қарарларды нұсқап*). Оны мынадан оқуларыңызға болады. Осыған орай, бұрынғы бәленшекең мен түгеншекеңдердің иемденіп келген жерлерін кедейлер мен орта шаруаға алып беріп жатырмыз. Одан қалғанына сіздер иесіздер.

Жапар. Аспанға қыста дейсіндер ғой, сірә.

Амангелді. Жоқ, өзіңнің үйіңе қыста. Көлігің бар, шөпті алысырақтан тасыйтын боласын.

Байқара. Мен сіздерге тағы да ескертем: Испокон веков Россияның заң-закондарында біреудің мал-мүлкін бұлай ала беруге болады дегенді мен көре алғаным жоқ! Мұның атын риквизиция, я болмаса, конфискация деуге ғана лайықты. Мұндай насилственый отчуждениеге түсіру сияқты черезвычайный мералар бұрын патсаның өз әмірімен ғана болса, қазіргі күнде Россияның полномочный правительстволарының бірінің жарлығымен ғана бола алады. (*Кітабын ашып.*) Мында, міне тура айтылған: «Жергіліқті хүкімәт орындары, я болмаса, сол сияқты қоғамдық мәхкәмәләр черезвычайный мераларды қолданудан категорический формада лишаются!» делінген! Ал,

Сибирьде полномочный правитель деп Қолчакты ғана тануға болады.

Жайнақ. Сіз түсінсеңізші, Совдеп сіз айтып отырған правителіңізге бағынбайды ғой!

Байқара. Қалайша бағынбайды?

Жайнақ. Солайша бағынбайды.

Амангелді. Сіз бұдан да әдемі бірдеме айтып қоярсыз, осыменен хош десек қайтер?.. *(Қолын ұсынады).*

Байқара. Ендеше, маған да өкпелемеңдер. Мен Орымбор, Омбы, Уфа, Самарға дейін қуынам! *(Кетіп қалады.)*

Зілғара. Бір лайығы осында да табыларға керек қой, батыр.

Амангелді. Бұл саладағы сөз осымен тоқталсын, мырзалар. Басқаларыңды айта отырыңдар. *(Айғайлап сәудегер ноғай Ғарифолла келеді).*

Ғарифолла. Слабода, слабода, таваришлар, ибтәшләр! қайда суң мінә мина слабода? Арғы урамға мінсәм дә, «Әйдә Ғарифолла, Сабдибкә!».. Биргі урамға бәрілсәм дә — «Әйдә, Ғарифолла, Сабдибкә!».. Нәрсе гінә булған шул шұқынған Сабдибігізгә, нәрсе ғана болған, ә?

Амангелді. Кім ол, кім ол әурелей беретін?

Ғарифолла. Қаһар ғына суқсын, шул Сабдибигізні, әллә, ниңізні! Анда барсам, әллә қайдан киліп житіп қазақ малайлары жилтрәтіп ап китәләр Ғарифоллавы, бері түшсәм — хатын-қызларына хәтлі хап итіп тұта да ала, тұта да ала!.. Қайсы ғына урамға барып Ғарифоллаға спокойно яшәрге мүмкин бу дүниясында?

Амангелді. Сіз ол орамдарда не істеп жүресіз?

Жайнақ. Сауда істейді. Міне, мына жұмыртқадай сабын бес жүз сом, мына бір түйнек жіп жеті жүз елу сом!

Ғарифолла. Ну, сабын... Ну інә-жіп!.. Андан ни булған соң! Сізнің қазақларға кирәк түгілміни? Кирәк

анларға, кирәк! Бұлми ансыз, үс-башны біт каплап китә, біт. *(Тез-тез тырнағымен сығып көрсетіп.)* Біт, біт, біт!..

Амангелді. Жоғал, биттен жаман бит!

Ғарифолла. Жимірілсін слабодасы, алай бұлғаш! Жимірілсін! *(Қашып кетеді.)*

Амангелді *(Жайнаққа)*. Жаптырып таста! *(Жайнақ кетеді.)*

Әрелдік *(Жапарға)*. Мыналардың күні де бізден жақсы емес екен...

Жапар. Олардың күнінде нем бар менің, өлмесеөрем қапсын! *(Амангелдіге.)* Сонымен біз барлық жауабымызды алдық деп аттанамыз ба?

Амангелді. Менімше, солай.

Жапар. Ендеше, қарайларымыз қалмаған екен... *(Әрелдік екеуі кетеді.)*

Зілғара. Батыр, мен мынау елдің жәбір-жапасына көлденең кездесіп қалып, азырақ ағалық еткім келіп еді, ол қолды қағып жібердің... Айтар сөзім таусылып тоқтағаным жоқ, араласқым келмей тоқтадым. Қазақ халқының тілегін біріктіріп, басын қосамыз ба деген талап үстінде жүрген кезеңде сенімен шалғай ығыспасақ екен дейміз. Міне, «Алаш» ұранын салып, туын көтердік. Атаң қазақтың ұраны осы болатын. Кенжеғара хата айтып отыр, автономиядан күдер үзетін халға жеткен жоқбыз. «Алаштың» бірінші съезі шақырылғалы отыр. Ең алдымен бірінші құрметті қонағымыз сен бол! Қазақ автономиясының кескін-келбеті қандай болмақ, сол съезде қаралады. Кеше қазақ туын көтеріп, ұран салып едің, төрімізде сен отыр. Екінші, Күнбатыс, Семей қазағы елдік істеп, «Алаш» ұйымдарын ашып алды. Ал, бұл жақтағы қазаққа сен кедергі жасап қойдың. Елді сенің басқаруыңа біз бөгет жасамасақ, елдің бір тілек-мүддесі сыяқты нәрсеге сенің де бөгет жасар жолың жоқ қой дейміз. Бұл жақтағы қазақ та елдік нысана көрсетіп, ұлттық туын көтерсін. Бұдан былай бөгеме жұртты.

Амангелді. Осынша майдалап, осынша ажарлап айтқаныңыз өз ойыңызға шын-ақ қыйсындасып тұрғандай көріне ме, сірә? Өз туыңды жый да, менің туымның астына кір дейсіз. Менен басқа біреу мұныңызды баланың сөзі деп жұрмес пе? Тілегін біріктіріп, шын мағнасында өз туын көтеріп отырған елге мұндай сөзді айту үшін, не еліңді бейшара көру керек те, не болмаса, ой бейшаралығынан айту керек болад та. Қайсысы болса да жақсы ишарат дей алмас едім. Осыныңыз қарапайымның өзіне де ерсі келіп тұр-ау, деп ойламайсыз ба? Амангелдіні қарапайым көріп, осынама да құлап түсер десеңіз, өзіңіз білесіз. Олай болмағанда, мұндай сөзбен келуіңіз бекер ғой. Дау айтам десеңіз, еркіңіз өзіңізде. Бірақ, бұл айтқандарыңыздан бір түйір сөз құлаққа кірер жөні жоқ.

Зілғара. Сіз бекер ысқырына бересіз, батыр. Барлық қазақ халқы бір ғана менің соңымда деп ойлай алмайтын шығарсыз!..

Амангелді. Мұныңызды да орынсыз сұрау дер едім. Кімнің артында қанша халық бар, кім халықпен бірге, халық кіммен бірге, оны айтып, дауласар шектен өтіп кеткен шығармыз.

Зілғара. Жоқ, өткен жоқпыз!

Амангелді. Ие, бір мағынада сіздікі дұрыс. Майдан үстінде шешілер дауымыз толып жатыр...

Зілғара. Соғыс адамысыз ғой, майданды да оңай көре бермеңіз... Он төрт мемлекет советке қарсы аттанғалы жатыр. Сол жорықтан аман қалғаны ғана үйірге қосылатын болар... Сіз өзіңізге өзіңіз қанша құдірет көрінгенмен, дүние жүзіне қарсы аттанар күш Торғай бойына сыймаса керек!

Амангелді. Сіз, тура осыдан бастауыңыз керек еді, мырза. Ағылшын бастаған Антанта жорыққа аттанып келеді, жүр, алдынан шығып тізе бүгіп, тәжім етейік десеңіз, тым болмағанда түпкі ойын жасырмай айт-

ты-ау деп қалатын едім. Әуелі құрмет көрсетіп төріңізге шақырдыңыз, енді күш көрсетесіз. Құрметіңіз жалған, күшіңіз әзір әшейін айбын деп қалатын болам да. Осымен тоқтатайық, мырза. Менің астыма мамық төсек те төсемеңіз, ол менің үйреніспеген нәрсем. Ал, күш дегенді «Алаш» маңайы бекер көрсетесіздер... Сіздерде ел жоқ, елсіз күш те болмайды! Антанта өздері-ақ көрсетіп жатыр күштерін. Аңғаратын шығарсыз, бас иейік деп отырған біз де жоқ. Шын күш көрсеткіңіз келсе, мынау ағылшындарға «Алашорданың» әскер жыйнап бермек болған уәдесін де жасырмаңыз!

З і л ғ а р а. Қайдағы ағылшындарға дейді? Біз әскер жыйнап беретін болыппыз ба? Не үшін?

А м а н г е л д і. Қарсақпайдағы ағылшындарға! Не үшін екенін өзіңіз айтып та қойдыңыз жаңа: жорықпен келетіндерін тізе бүгіп, қарсы алу үшін...

З і л ғ а р а. Е... әржағымда ызғарым бар, зілім жатыр деңіз... Солай ма?

А м а н г е л д і. Советтің заң-законы әр көшеде ілулі тұр, оқыңыз да таныса беріңіз. Түркстан коммунистеріне деген ашық хатта сіздер туралы да айтылған. Ызғар бар ма, зіл бар ма, көресіз содан.

З і л ғ а р а. Е, оны оқып келдік. Қағаз қайда да сүйеніш қой, әшейін. Әңгіме кімнің, не істегісі келетін ыңғайында болад та.

А м а н г е л д і. Менің басқа ыңғайым жоқ, сол оқығаныңызды менің ыңғайым деп те түсіне беріңіз.

З і л ғ а р а. Жарайды. Ол ыңғайдың танылғаны да бірдемеге жарар. *(Тұра келеді.)*

А м а н г е л д і. Жарата беріңдер.

З і л ғ а р а. Мен мына ағылшындарда жұмысың болмасын, олар қонақ, олар біздің одақтасымыз деп айтқалы да келіп ем. Енді оны айтпаймын. Бәрібір, дұрыс ақыл дегенді құлағыңа ілмейтін көрінесін.

А м а н г е л д і. Маған айтар ақылыңызды әуелі өзі-

ңізше ойлап-пішіп алыңыз да, соған қарсы келер ойды Амангелдінің ойы деңіз. Сонда өзінен өзі-ақ дұрыс болып шыға келеді.

Зілғара. Жақсы... *(Кетеді.)*

Амангелді. Қыр көрсетеді маған!

Кенжеғара. Өздеріне де батқан екен.

Амангелді. Өзіне шын-ақ батқан жоқ па?

Кенжеғара. Мүмкін, басқа жағдайда батқан болар еді. Бел байлаған тәуекел үстінде әлі сезілмей келеді.

Амангелді. Досың бар, дұспаның бар шығар, не тауыпты дер, әркезде қасымызда боларсын. Хат-қағазға баяғы кемтарлық әлі кемтарлық. Сол жағын аларсын.

Кенжеғара. Маған бәрібір.

Амангелді. Бүгін майданға он мың ат жөнелтеміз. Соның қағазын жөндесерсін. Кеңсеге бар. *(Терезеден көрсетіп.)* Ана бір стол сенікі болар. *(Кенжеғара кетеді.)*

Амангелді. Бірің адал астарсыз келерсін, бірің арам астармен келерсін, көреміз де кезінде. Есік пен қақпа біткенді тас бекітіп алып, отыра алмаспыз! *(Терезеден столға барып отырған Кенжеғара көрінеді. Бану келеді.)* Ә, болыс қыз, келіп қалдың ба? Жоғарылат.

Бану. Сәләмәтсіз бе, жолдас комиссар. *(Қол алысады.)* Ауылда істе дегендеріңізді істеп тастаймын да, қалай істелгенінен қауіптене беремін әлі. Арызбен, жанжалмен кеткен біраз адамдар бар еді, солардың жайын білгелі келіп ем. .

Амангелді. Е, оларың аман...

Бану. Жоқ, комиссар, амандығын сұрап тұрғаным жоқ олардың... Шалыс басып қалып, шаңым қағылып жатыр ма деп асығып келдім.

Амангелді. Жоқ, Бану, қағылса бәріміздің шаңымыз бірге қағылад та. Бұрынғыдай емес, пысып, шыйрап қалыпсын. Шағым айтушылар қатты шамданып келетін болып жүр.

Бану. Олай болғанда хаталықтарым болғаны ма?

Амангелді. Жоқ, Бану, Октябрьдің екіге толғаны, Банудың тісі шыққаны! Батыр-ай, шық бері, Бану келіп қалды! *(Кенжеғара бір қарап, бір отырып мазасыздана бастайды. Кете келе жатыр.)*

Кете. Ау, осы бостандық тұсында да дұрыс бір ұйықтауға болмай ма? О, Бануым келіп қалған екесін ғой!.. Қалқам, жалғыз батыр бауырым... Қырып келдің бе байжуандарды? Тоғыт Торғайдың суына! *(Терезеден Кенжеғараны көріп.)* Мына қан жауғырды кім әкеліп отырғызып қойған? Әй, әй, шық бері, шық! *(Амангелдіге.)* Сен бе әкеліп төбеме шығарып қойған? *(Кенжеғара келеді.)* Кетір маңымнан! Кетір мына занталақты!

Амангелді. Батыр, ол жігіт өзіне лайық ерлікпен келіп қосылды.

Кете. Адыра қалсын ерлігі! Бануымның қара тырнағынан садаға кетсін! Қара тырнағынан!

Амангелді. Неменелерің бар еді, жаным?

Кете. Осындай баланы қазақтың қай жігітінің қорлайтын жөні бар еді! Бұл арам без соны істеген!

Бану. Кете-аға, не керегі бар соның, қойсаңыз екен.

Кете. Жерге қаратып кеткен!

Амангелді. Түсіне алмай қалдым, өзің айтшы, Кенжеғара.

Кенжеғара. Қазақ даласы еже-кабылсыз бола ма? Бір кезде бұл екеуміздің атастырылып қойылған бір жәйымыз болыпты. Кейін сол бұзылып еді.

Амангелді. Батыр-ау, оны кек санауға бола ма!

Кенжеғара. Жоқ, жолдас комиссар. Мен бұл кісілердің аяғына жығылам. Осы келуімде хатадан кеткен сол өкінішті түзеп, бұрынғы халға қайта оралсақ дегенді өтініш ету де бар еді... Бану, бір кісідей ақылың бар, ер жүректі едің, өзіңе жалынам, кешір менің бір күнәмді. Мен бар шыныммен, баяғы халымызды тілек етемін. Кете батыр, лұқсат етіңіз, сіздің аяғыңызға жығылам.

Кете. Тек, жығылып көр аяғыма, үстіне міне түсейін! Не деп қорлап кетіп ең? Сарбаз қатынның керегі жоқ дегенсін!

Кенжеғара. Бану, бір өзіңнің ақылыңмен, ерге лайық жүрегіңнен ғана үміт етем...

Бану. Қазақ қалған көңілді шыққан жанға теңейді ғой. Енді кішіреймей-ақ қойыңыз. Атылған оқ, шыққан жан кейін қайтып оралмас болар.

Кенжеғара. Жолдас комиссар, өмірімдегі бір ауыр күнәм да осы еді. Жанжалы сіздің алдыңызда болғанына әрі ұялам, әрі үміт етем.

Амангелді. Бұл араға басқаның қосылғаны ұят болар.

Кете. Уа, мен мұны шауып өлтірем бір күні!

Амангелді. Батыр, саған не болып кеткен, тоқта! Осы Бану өз сөзін өзі айта алады емес пе!

Бану. Мен айтарымды айттым жаңа, енді қосарым жоқ. Сол жауабым өзгермес деймін! *(Үйге қарай кете береді.)*

Кете. Тек, өзгертіп көр! *(О да кетеді.)*

Амангелді. Шырағым, саған бұл маңай қолайлы болмайын деп тұр ғой... Орның Совдепте болар, мен бастығына хат жазып берейін... *(Хат жазып береді, Кенжеғара кетеді.)* Бір кезде қазақ қызы аттан салып, атқа мінгенде — әйеліңе дейін атқа мінсең, ел боп аттанды деген осы да деп қуанушем. Енді бүгін бірлі-жарымды болса да сол қазақ қызы ел жұмысын басқара бастады. Көш жүре түзеледі деп осыны айтады да! *(Петр, Пластунов, Жайнақ Мұңайтпас келеді.)*

Петр. Бірінші қазақ жаяу полкы майданға аттануға әзір, жолдас, соғыс комиссары.

Амангелді. Атты әскер полкы әзір емес пе?

Пластунов. Әзір, әзір. Тек, түндегі бір әңгімені шешкенше атты әскер полкы кіріре тұрсын деген мен едім.

А м а н г е л д і. Отырыңдар! Сол әңгіменің өзін үзілді-кесілді шешу керек болып тұр. Партия байламын берер кезеңдерің келіп қалған сияқты.

П л а с т у н о в. Ие, не сыбыс бар?

А м а н г е л д і. Бар сыбыс ойлаған жерден дәл шығып жатыр. Қарсақпай ағылшындары қарап отыратын емес.

П л а с т у н о в. Айтпап па ем!

А м а н г е л д і. Сыртқы қоршаудың іштегі тірегі осылар болуға қам жасап жатыр екен.

П е т р. Қару-құрал алдырғандары анықталды ма?

А м а н г е л д і. Анықталды. Жай бақылау, сырттан салқын салу дәуірінен өтіп кетіппіз. Біздің «Алаш» мырзалары да солармен құшақтасып қалыпты. Партия байламын соның үшін сұрап отырмын.

Ж а й н а қ. Ие?

А м а н г е л д і. «Алашорда» Қарсақпайды қоруға әскер жыйнап бермек. Енді ол ұяны талқандап тастауымыз керек.

П е т р. Атты полкты жүргізбей тұра тұрамыз ба, онда?

А м а н г е л д і. Жоқ, жүргізе береміз. Бір эскадрон атты әскер қалдырсақ болады. Қуып жетеді ғой соныңнан.

П л а с т у н о в. Ал, қалай қарайсыңдар, жолдастар?

М ұ ң а й т п а с. Мен көтердім қолымды! *(Қолын көтереді.)*

П е т р. Қосыламыз, әрине!

Ж а й н а қ. Бір қызық жорық осы болар!..

П л а с т у н о в. Ендеше, осыны партия байламы дейміз де, жолдас комиссар.

А м а н г е л д і. Ал, жолдастар, полктарды аттандырайық, содан кейін өзіміз де жүріп кетерміз. Петр, Қарсақпайға баруға Жайнақтың эскадронын қалдырарсың.

П е т р. Болады... Полктармен қоштасып, жол болсын айтатын бол!

Амангелді. Әрине, Петр, келемін қазір. *(Петр, Пластунов, Жайнақ үшеуі кете береді, Мұңайтпас кіді-ріп қалады.)*

Мұңайтпас. Үлкен майданға бірінші рет аттанып барам, бата не болар жолдас комиссар...

Амангелді. Ә, Мұңайтпасым, бата не болар дей-місін!.. Қазақ халқының атынан бара жатырсыңдар, майданға. Елдің өр мінездерін ала барыңдар да, ез мі-нездерінен арыла барыңдар! Қыйқым-сыйқым өмірден не жұқпады бұл жұртқа! Қалсын өзінің заманымен. Аза-мат арын таза ұстаңдар! Тая соғу тар қыспақтарда туа-ды. Сондай кезеңге сақ боларсын, Мұңайтпасым! Осы берер батам! *(Қолын қысады. Мұңайтпас кетеді, Аман-гелді ойланып, қарап қалады.)* Батыр-ай, бері келші! *(Кете келеді.)*

Кете. Бір мың сарбазды ғой қыймадың маған?

Амангелді. Ә, немене дедің?..

Кете. Бір мың сарбазды ғой маған қыймадың, дей-мін.

Амангелді. Батыр-ау, сарбаз жоқ, солдат қой ен-дігіміз.

Кете. Жарайды, жарайды, жастар-ақ болсын.

Амангелді. Ал, батыр, біз жүргелі жатырмыз. Қала сенің қолыңда қалады. Бір үш күн ие бола тұр.

Кете. Кетеге лайығы сол болғаны да. Соның өзін де тәптештеп кеткелі жатырсын, ә? Одан да сол Мұ-ңайтпасың сияқты біреуіңе-ақ қалдырып кетсейші, қа-ланды.

Амангелді. Батыр-ау, сенен аяйтын нем бар ме-нің, тек, жаңылыс басып алма дегенім де.

Кете. Жаңылыс басып көргенім жоқ қой әлі!

Амангелді. Сөз де, іс те осы болсын, батыр. Ал, біз аттандық.

Кете. Жолдарың болсын. *(Амангелді кетеді, Кете жалғыз.)* Қайран қараңғылық-ай, ә!.. Сөз де, іс те осы

болсын дейді. Мен бір бала болармын ба!.. Қой Кете, асын барлық қару-жарағыңды! Таныт мынау елге Кете батырдың кім екенін! *(Шыға береді.)*

10-СУРЕТ

Қабинет... Ортадағы стол бос, шеткі столда Кенжеғара отыр. Алдында бүрқырап жатқан көп қағаз. Есік алдында көп жұрт...

Кенжеғара. Осы бір сал бөкселік қашан қалар екен қазақтан!.. Заман-заман дескенмен, сол заманның шаңына әрең ілесіп келеміз. Қайда да баяғы салдыр-салақ, енжарлық. Саяси қозғалыстың басында жүрміз деп қампайғанмен батагөй мінездерді қалдыра алмай келеді көбі: кеше жетулері керек еді, әлі жоқ!.. *(Есік ашылып қатар жамырап сөйлеген көп адам көрінеді.)*

Жұрт. Шырағым, біз көбірек күтіп қалдық қой. Бұрын былай емес еді ғой өзі. Сөзіміз нағып созылып кетіп тұр? — Байғұстың аузы асқа тисе, мұрны қанайдының кері болып тұр ма, немене?..

Кенжеғара *(есікке барып)*. Батыр әлі қайтқан жоқ. Совдеп бастығы да жоқ. Мен ешнәрсе шеше алмаймын. Қазір Кете батыр келер, күте тұрыңдар.

Жұрт. Шырағым-ау, екі күн күттіріп көзімізді талдырдың ғой. — Біз осы өздерің мақұлдаған жұмыспен жүрміз. — Қолымыздан шығып кетіп тұр. Сол айтқанымыз айтқан деген бір-ақ ауыз сөз керек. Бір-ақ ауыз сөз!

Кенжеғара. Жоқ, мен айта алмаймын оны. Өздері ғана айта алады ондай сөзді. Мүмкін, басқа бұйрық беріп кеткен шығар, мен араласа алмаймын. Күте тұрыңдар! *(Есікті жаба береді.)*

Жұрт. Мынауың бір төреден әрі ғой өзі! *(Есік жабылады.)*

Кенжеғара. Енді үміттен кешкен-ақ шығармыз тағы да. Әлде қай үйдің қымызын қыя алмай, жамбас-

тасып жатыр екен! Жоқ, бұлар әліпбиден аса алмайтын, көрік көрмеген адамдар. Бостандық болғалы екі жылдан асса да, әлі күнге етек-жеңін жыйнай алмай жүрген жұрттан не үміт! Құр атаққа жаңдары қумар, қолмақолға біреуі жоқ. Сөз заманы ма осы? Іс заманы ғой, іс, іс!.. Осы кешеуілмен неден құр қалмай келеміз, неден қапы кетпей отырмыз! *(Есіктен екі адам сығылысып кіре береді.)* Күте тұрыңдар деп ем ғой! Ә, Жапекең екенсіз ғой, кіріңіз, кіріңіз. *(Жапар мен тағы бір тымақты адам келеді.)* Ал, қысылшаң бір кезіме келдіңіз, сөйлей беріңіз, Жапеке!

Жапар. Жақанды танымай қалғаның ба? *(Жақаш тымағын алады. Енді ол оқыған адам.)*

Кенжеғара *(тұра келіп)*. Апыр-ау, Жақа-ау, сіз бе едіңіз? Сәләмәтсіз ба? *(Қолын ұсынады.)* Сіз келер деп күтпегендіктен, танымай қалдым қапелімде.

Жақаш. Ерлігіңе көңілім сүйсініп, көріп қайтайын деп келдім. Қанат-құйрық осылай болу керек те! *(Екеуі сүйіседі.)*

Жапар. Жарықтық Жаппас тымақ пен саптама етік киe салсаңдар болғаны, қайсың да қазақы қалпыңа түсе қаласын!.. Осы ғой үміт етеріміз!..

Кенжеғара. Қараңғы бір бұрышта адасып қалғандай едім, Жақа.

Жақаш. Жоқ, адаспапсын Кенжеғарам, адаспапсын! Түсер жеріңді тауып түсіпсін. Қалыңға түскен қыранға теңегендеймін. Ерлігіңе жаным рыйза болды. Бір адам түсіне алмай қалыпты! Тұмсық батыра алмай қойып едік қой, ең оңай сыяр деген Байқараны да жолатпай қойды ғой бұлар!

Кенжеғара. Өнерсізбіз ғой Жақа, қолымнан келгені осы-ақ болды.

Жақаш. Сенен ақылдымыз жоқ екен! Әрі осындай сенімді кезінде келістіріп тұрып қыймылдап қалуыңа болады. Әрі... бір алыс нысанаңды байқап қалғандаймын...

Кенжеғара. Қалай, қай нысананы айтасыз?

Жақаш. Жаман айтпай жақсы жоқ, сол сенімнен айырылмай, кезінде қып-қызыл болып шыға келуге де болады ғой!

Кенжеғара. Мен өз күнімді қоса ойлаған жоқ едім, Жақа...

Жақаш. Іс үшін деймін, іс үшін!

Кенжеғара. Ә...

Жақаш. Ал, қысқаша ғана жайды айтшы.

Кенжеғара. Әуелі сіздерге наразылығымнан бастағым келеді... Етек бастыға салынып барасыздар. *(Сырттан Кете дауысы келеді.)*

Кете. Былай тұр, былай! Жол бер!

Кенжеғара. Кете дорақ келе жатыр. Екеуіңіз дауласа қалыңыздар. Жер дауы ғой бұл кездегі сөз... *(Жақаш тымағын киіп алады. Кете келе жатыр.)*

Жақаш. Осы Қыпшақ атам баласы, көптік көрсетуді қашан қоясындар? Енді, міне, бостандық заманы туды. Іс басында батырларымыз отыр! *(Түрегеліп қол беріп.)* Ассалаумаликөм, батыр-еке!.. *(Кете ортадағы столға барып отырады.)* Енді Арғынды бермейді сендердің қорлығыңа... Құдайдың кең даласы жетпегендей, ауылымыздың іргесіне әкеліп орақ салған деген қай қорлықтарың бұл!

Жапар. Арғын ағам баласы, сен де қызбай сөйле, ол қашаннан бері біздің ел жайлап келген жер.

Кете. Бірдемеге мұрындығың ілікпей жүрер күнің болар ма екен, Жапар! Сен-ақ жерге тоймайды екесін осы!

Кенжеғара. Өзара дауды қойып, арыздарыңды батырға айтыңдар...

Жақаш. Тентексін, десе батырдың өзі-ақ айтсын, шығам қол көтеріп. «Қызылқоға»-ның әржағы әлмисақтан бері Арғынның жері емес пе еді, батыр?

Кете. «Қызылқоға» ның әржағы? Е, дұрыс айтасың, ол Арғын жері.

Жапар. Көне алмаймын, землемердің өзінің беріп кеткен қағазы бар қолымда!

Кете. Қайран, қараңғылық-ай!.. Патшаның землемері түгіл, өзі де жоқ екенін әлі естімеген екесін-ау, сен! Жердің жайын мына менен сұра! «Қызылқоға» Арғынның жері! Осындай дауды қойыңдар бұдан былай: Арғын жері — Арғындікі, Қыпшақ жері — Қыпшақтікі. Бірдемені сапырылыстыра жүруге жаның құмар ма өзі. Саяси саңлауың бар ма осы, жоқ па!

Жақаш. Міне, әділ кесім осы!

Жапар. Батыр-ай, маған дегенде бүйрегің бір бұрмай-ақ қойды-ау, әйтеуір...

Кете. Әттең, ана бір жолы қолыңа түспей кеттім десеңші, хан қалпыңмен жатқызып қойып тұрып, дүрелеп алатын!

Жапар. Мынауың да сол дүреден аз батып отырған жоқ. Қайтеміз, неміз кетпей жатыр, бұйырмаса кеткені де... Арызымды қайтарып бер шырағым, кетейін.

Кенжеғара. Қазір, қазір, сабыр ете тұрыңыз. *(Қағаздарын аударыстырып жатады).*

Кете. Арыз қайтарылып берілмейді. Бір құпияң бар шығар қолыңда қуына бер! *(Кенжеғараға.)* Әй, оны қой! Құдай енді, менің күнімді саған түсіріп қойды ғой. Жаз бір қағазды!

Кенжеғара *(қағазын әзірлеп).* Ие, кімге жазайын?

Кете. Кеңарал, Сарыторғай болыстарына жаз! Мойны алыс болғасын, қыйқаң шығаратын көрінеді, иттің күшіктері! Екеуіне екі ат беріп жіберсін десем, екі қырғышты жіберіпті! Енді бір жорға, бір жүйріктен жіберсін! Мойындарын бұрап алсын демесе, ертеңнен қалдырмай жеткізіп берсін!

Кенжеғара. Өзіңіздің қолыңызды қоясыз ба?

Кете. Немене, менің қолым қойылса, қағаздың құсқысы келер деймісін!

Кенжеғара. Е, мен әшейін тәртібін айтам батыр... Көбінесе, Совдептің бастығы қол қоятын еді ғой мұндай қағаздарға. Бір сағатта әзір болады.

Кете. Тәртіппен құртасыңдар ғой сендер, тәртіппен... Сағатында менің жұмысым жоқ, енді бір айналып келгенімде әзір боп тұрсын! *(Тұрып кете беріп.)* Есік алдындағы жәрмеңкеңді тоқтат! Болмайды деп бір-ақ айтсаң, кетеді ғой тарап! *(Столға қайта барып.)* Осы көп қағазың немене өзі!

Кенжеғара. Арыздар ғой, сізді күтіп жатқан.

Кете. Сендер жүрген жер арызсыз болар деймісін! *(Кете береді. Есік ашылғанда алдынан андаған жұрт көрінеді.)* Былай тұр жолдан!

Жұрт. Батыр, бір ауыз сөз, бір-ақ ауыз сөз...

Кете. Келемін қазір! Күте тұрыңдар әрі! *(Есік жабылады.)*

Жақаш. Бәрі осылай болып келер ме еді десейші! Амангелді бұдан көп әрі жатыр ма?

Кенжеғара. Түп жоқ!

Жақаш. Ал, бітірейік тезірек.

Кенжеғара. Бірінші айтарым — сәтті кезеңнің үстінде тұрмын. Торғайдың белді адамдарын талан-таражға салып, мал дегенді мыңдап айдатып майданға жөнелтіп жатыр. Ел арасындағы наразылықтың көбік атып тұрған кезі осы. Бұрынғы болыс біткенді айдап тастап, Совдеп құрып еді ғой, енді Ревком құрып, барлық жерге жалаңаяқтарды отырғызып жатыр.

Жақаш. Елдің көзі оп-оңай үйрене қояр ма екен мұнысына!

Кенжеғара. Әңгіме ол жағында емес, Жақа. Осыдан тарап жер-жердің бәріне де советтер құрылып кете ме деп қорқам. Атбасар, Қостанай, Ырғыз, Шалқар. жақтары солай болып та қалды. Амангелді қазір

Қарсақпайда. Ол жақты да осы ізге салып қайтатын шығар-ақ. Бұлардың ішінде әріні болжайтындары аз болғанмен, стихейный түрде болашақ қазақ мемлекетінің іргесі қаланып жатыр. Күткен автономияңыздың болашағы көрініп қалды: Советтік болып шыққалы келеді! Әңгіме осында болып отыр ғой!

Жақаш. Е, ол болмайды ғой! Бар «Алаш» бір Амангелдіге татымасақ, бауыздалып-ақ өлерміз! Дүние жүзі қарсы аттанғалы жатқанда, советтің күні санаулы екенін жалғыз Амангелді ғана ұқпайтын болар. Қыйыр Шығыс, Сібір, Украина, Қырым кетті ғой түгел бөлініп!

Кенжеғара. Мынау ел жалпағынан советтің дәмін бір татып қалса, кейін қолын үздіру қыйындай береді. Бұлар ел-ел деп, ішке кіріп барады. Қыймылдар шақ осы, Жақа!

Жақаш. Оның дұрыс, Кенжеғарам.

Кенжеғара. Екі полктың екеуі де жөнелтілді майданға, Амангелдінің қолында жалғыз ғана эскадрон қалды. Келе сала оны да жөнелтеді майданға. Осы кезді тағы өткізіп алсақ, мен әржағынан үміт күте алмаймын.

Жақаш. Біз бір-ақ қырдың астында тұрмыз. Сәтті сағат соққанда хабарынды бер демеп пе ем!

Кенжеғара. Қазір әр сағатты — сәтті сағат деп ойлаймын. Қарсақпайдан қайтқан бетінде бассалу керек.

Жақаш. Байлам осы ғой, Кенжеғара.

Кенжеғара. Бірақ, Жақа, сіз әскери адамсыз қазір, қасыңдағылардың сал-бөкселігіне ерік бермеңізші. Маңғы айтпақ наразылығым да осы еді. Қас қаққанның арасында істелер нәрсені, құрт қайнатқан қатындарша, созбайық та.

Жақаш. О-о, ержеткен екенсің, Кенжеғарам! Ержеткен екенсің!

Әрелдік кимелеп кіреді.

Әрелдік. Апыр-ай, осында екенсіңдер ғой! Түгелмісіңдер, бармысыңдар, әйтеуір!..

Жапар. Немене, жаным? Үрей қуғандай үрпиіп кетіпсің ғой!

Әрелдік. Сұрама Жапар... Ағылшындарынды шыңғыртып тұрып айдап әкеле жатыр. Зілғара да қолға түсіп қалды. Кенжеғараны хабарлай гөр деген бір-ақ ауыз тілге келді. Ал, мен кеттім. Артымда қуғын бар ма деймін... Мен сірә, бұл өңірге тұрақтай алмаспын. *(Кете береді.)*

Жапар. Апыр-ау, аз кідіріп жөндеп айтсаңшы айтарынды.

Әрелдік. Жоқ, Жапар, жоқ... Артымда қуғын бар, қуғын бар! *(Кетеді.)*

Жақаш. Мынау бір жаман хабар болды-ау...

Кенжеғара. Ауыз сала бастағаны осы да! Амангелді оңай жау емес.

Жапар. Түрінен шошындым, осының артында тағы бір зілі бар ма деп қорқам деп, аттанып еді Зілғара... Таныған екен ғой...

Кенжеғара. Біз тағы да кешігеміз, әлі. Талай қапы соқтырады әлі!

Жақаш. Жоқ, бұл жолы қапыға орын қалған жоқ. Қапы кетпес сәтті хабарла, тек! Бүгін болса — бүгінге, ертең болса — ертеңге әзірміз!

Кенжеғара. Анық па Жақа?

Жақаш. Құдай аты!

Кенжеғара. Жүрегім орнына жаңа түсті ғой!

Жақаш. Сөз осы, енді біз де айналмайық. Қош! *(Жапар екеуі кетеді.)*

Кенжеғара. Я, сәт, тәңірім! Ақсарыбас та, бозғаска да емес, өзімді атап шыққам бұл жолға! Мыналарға, тым болмаса, бір сапар тұрақтылық, бір сапар қайрат-қажыр бер! *(Тұрып қалады. Кете келеді.)* Міне, әлгі қағазыңыз, қолыңызды қойыңыз да, жібере беріңіз!

Кете *(отырып)*. Қолыңызды қойыңыз да!.. Кекесінің қалмайды-ау, сенің! Қол қоя білсем, қағазымды сағаң жаздырар ма ем! Қой қолыңды мен үшін! Арланамысын!

Кенжеғара. Батыр-ау, әлгі де өз қолымды қоям демеп пе едіңіз, со да айтып жатқаным... Міне, қойдым қолымды... мөріңізді басыңыз.

Кете. Кетенің қолынан ол да келмес деппең? Міне, мөр басқан деген! *(Мөрін басады.)* Ал, енді жоғал мамнан! Ендігісін Кетенің өзі де біледі!

Кенжеғара. Бағындым батыр, тек Пластуновтың алдында ұят болып жүрмесе болғаны.

Кете. Тілмаш немесің ғой, құтыларсын өзің бірдеңе қып. Шық! *(Кенжеғара кетеді.)* Бәлем, бұл үш күнді қалай кетпестей етейін! Совдеп-мавдеп деп, Ребкомдеком деп, осы жұрттың өзін еркелетіп алдық. Кеңес бөлімі дейсін бе, жер бөлімі дейсін бе, кедей бөлімі дейсін бе, қатындар бөлімі дейсін бе, әркім бір түйе айдап кеткен, бір бәлеге қалдық қой қып-қызыл! Кетенің бөлімі, сарбаздың бөлімі деген бөлім атымен жоқ!.. Кешегі мың сарбазбен жүретін Кете бүгін қора күзетіп қалып отыр! Бір үш күн ие бола тұр дегеннің өзін қалай айтты, кеше? Шегедей қадап айтты!.. Сарбазды құртып, салдат жасаған дегенді түсінбеймін өзім... Орыстың бірдемесі сыяқты! Болса, адам сыяқты, ханы мен сарбазы болсын да, болмаса біржола кетсін шоқынып! Жоқ, есіктен кіре бергенінде-ақ — өзің хан бол да, сарбазымды өзіме қайтарып бер деймін... Көнсе-көнді, көнбесе кеттім, пәйттік-шөрттік деп!.. Әй, кім бар мені күтіп тұрған, келіңдер бері!

Жұрт *(есіктен кіре бастап)*. Е, бәрекелде, сөйтші батыр.

Кете. Бәрің де келіңдер, бәрің де! *(Жұрт қаптап кіреді)*. Қәне, не керек сендерге? Сөйлеңдер!

Жұрт. «Сарықопа» дан бізді қайта айдап шықты,

батыр... Әперген жерлеріңді қайта тартып алды. Осыдан келген бүйрық бар дейді.

Кете. Дұрыс, бар бүйрық! (*Біреуіне.*) Неше малың бар еді өзіңнің?

— Бір ат, бір сыйыр, бір түйе ғой баяғы.

Кете. Сол үш қараңа «Сарықопа»ны сұрап келіп тұрмысын? Баяғыдан бері қалай күн көріп жүр едің? Берілмейді саған.

— Апыр-ау, ауылымыз болып алып едік қой?

Кете. Малы сыймай бара жатқан ауылың бар ма еді бір! Ауылыңа да осыны айт! Бар! Арғын жері — Арғындікі, Қыпшақ жері-Қыпшақтікі! (*Тағы біреуге.*) Сен жалба тымақ неменеге келдің?

— Мен, әлгі Мұңайтпас дейтін баланың әкесімін ғой, батыр. Бақаң үйінен соның бес жылдан бергі табан ақысына бір түйе, он қой кесіп еді, соны беріңкіремей жүргені...

Кете. Ә!.. байдың мойнындағы еңбек ақыңды ала алмай жүрмісің!.. Әперем оны! Баланың еңбек ақысы түгіл, ата-бабаңның алынбаған еңбек ақысы болса да алып берем! Менің қаным қатулы байларға! (*Тағы біреуге.*) Сен екеуің неменеге қосақталып жүрген адамсындар?

— Е, бұл әйелім ғой... Байқараның үйінен еңбегімізді даулап келіп ек...

Кете. Әйелім ғой!.. Қатыным десең болмай ма, қастерлемей-ақ!..

— Енді, қатыным болғанмен, әйелім деп тұрғаным ғой сыпайылап...

Кете. Байқара десең болғаны, оған ақыңды жібермеймін! Бар, шақырып әкел өзің (*Кедей кетеді.*) Сен қатын неменеге келіп тұрсын жыртыйып?

Әйел. Өлесі болдым әкетай, көрмеймісін бет-аузымды. Күндік күні батыпты, бостандық таңы атыпты, деп естіп келдім. Құтқара көр тоқалдықтан...

Кете. Сенен басқа тоқал жоқ па екен осы елде! Отыр ғой, әне бәрі де! Осы мен білетін жұрттың қатын біткенінің бәрі тоқал, соның бәрін айырып жібереміз бе? Қатынсыз қалсын ба, бәрі?

Әйел. Қашанғы шыдайын, өлесі болдым дедім ғой, сізге...

Кете. Жақын арада қатындар жыйналысы болады, сонда бар! (*Кіжініп.*) Арызсыз келгендерің бар ма, сірә?

Жұрт. Батыр-ау, өздерің әперген жерімізді сұрап келіп тұрмыз ғой.

Кете. Өздерің әперген!.. «Сен алмаймын» десең, қалтаңа біреу еріксіз тығып жіберетін бе еді!

Жұрт. Жер шаруаға беріледі деген соң, байларды бақыртып отырып алып ек, ендігі жайды біле алмай тұрмыз.

Кете (*қамшысын білемдеп*). Міне, білдіретін нәрсе! Көремісіндер? Түп-түгел қызыл жон қылып тұрып, айдайын ба көше-көшемен! Кіміңнен бастап, кіміңмен тоқтатсам екен, ә?.. (*Байқара келеді*). Ә!.. Бері кел, бері! Сенен бастайын!..

Байқара. Менен бе? Неменені бастайсын? Бірдеме болса-ақ, ылғый менен басталатын болды-ау... (*Пальтосы мен қалпағын іліп, жақындайды*).

Кете. Шық, өзгелерің! (*Жұрт жапырлап шығып кетеді*). Сенен бастаймын! Жат!

Байқара. Қой батыр, жатқызған ұят болып жүрер... Мен бір құрмет көріп үйренген адаммын.

Кете. Көрсетемін құрметті, жат! (*Қамшымен тартып қалады. Байқара жата қалады.*) Көк шыбығым жарылғанша, ақ-көт торғай жалынғанша, соқ, бұзаутіс, соқ! (*Ұрып қалады*).

Байқара. Мұның аты дүре!.. Бұл заңсыз қылық...

Кете. Мынасы заңды болар ендеше! (*Соғады, Тәуке мен Бану келеді*).

Бану. Тоқта, тоқта, сорлы тентек!

Тәуке. Уа, тарт атыңның басын!

Кете. Әрі жүріңдер, әрі, бірге сойылғыларың келмесе!

Бану. Босат, босат!

Кете. Уа, үйге бар желкілдемей!

Бану. Не бетіміз қалды жұртқа қарар!

Кете. Жұмыстарың болмасын менің бетімде!

Тәуке. Ессіз шіркін, сенің бетің бе екен айтып тұрғаны! Тым болмаса діниңе берік болу да келмеді ме қолыңнан? Тоқтат!..

Кете. Саған-ақ бердім ол дінді, шоқынды шал! *(Қасында жұрт, Пластунов келеді).*

Пластунов. Тұр, бұзақы! *(Кете мен Байқара тұра келеді).* Бұл не сұмдық еді!

Жұрт. Сұмдық болмаса, көзіңмен көр дер ме едік.

Тәуке. Көрмеймісін, бір оңқай иіріп, бір солақай иіріп, бөріктіріп жатқанын!

Пластунов *(жұртқа)*. Сендерге де қамшы жұмсады ма?

Жұрт. Қамшы жұмсамаса, қашатын ба едік!..

Пластунов. Ұят, ұят!

Кете. Ұят болса, қарамай-ақ өте берсең еттің! Сарбазымның жоқтығы да — кергізіп тастайтын шетінен *(Амангелді келеді).*

Амангелді. Бұл немене? Не болып қалып еді?

Бану. Сұрамаңыз... Жұрт не десе — бәрі рас.

Жұрт. Әперген жерлеріңді қайтарып берді байларға. — Көрсетпеген қорлығы қалған жоқ. — Көзімізді жылтыратып қойды есіктен.

Байқара. Дүре сыяқты заңсыз қылықтарды да көрдік...

Амангелді *(Кетеге)*. Өзің айтшы!

Кете. Бәрі өтірік!

Бану. Рас де, сорлы, рас де! *(Қеңжеғара келеді).*

Амангелді. Тым болмаса, жартысы жалған деген бір жан бар ма?

Бану. Жоқ, батыр, жоқ!

Жұрт. Бәрі шын, батыр.

Кете. Көп қараңның жаласы!

Жұрт. Жала емес, шын!

Бану. Көп қараның тілегені болды демесең, қолсенікі, сорлы!

Амангелді *(Кенжеғараға)*. Сен қайда едің?

Кенжеғара. Мені қуып тастамады ма?

Кете. Төріме әкеліп отырғызып қойсам, ә? Жарып тастайын ба осы!

Амангелді. Тоқта! *(Жайнақ келеді)*.

Жайнақ. Ағылшындарды әкелдім, жолдас комиссар!

Амангелді. Миша, жұртты тарата тұршы ертеңге дейін.

Пластунов *(жұртқа)*. Сіздер тарай тұрыңыздар. Ревком берген бұйрықтың біреуі де өзгерген жоқ, өзгермейді де! Орындалады бәрі де.

Жұрт. Болды қарағым, болды. Осы бір ауыз сөз ғой үш күн бойы күткеніміз. *(Жұрт кетеді)*.

Амангелді. Ал, Жайнақ, сен енді аттана бер майданға. Солай ғой, Миша?

Пластунов. Солай деп келістік қой.

Амангелді *(Жайнаққа)*. Ағылшындарды майдан командованиесіне апарып тапсыр!

Пластунов. Шынын айт, қалай шешіп, қайда қоярды білмеген соң, Ревком осында айдатып жіберді, де.

Жайнақ. Орындалады, жолдас Ревком бастығы! *(Честь береді)*.

Амангелді. Ал, жолың болсын, командирім. *(Жайнақпен қол алысады, Жайнақ кетеді)*. Миша не пәле бар түнеріп келе жатқан? Қай шатқалмен, қандай сораппен келе жатыр?

Пластунов. Уақыт екшеп жатыр ғой, жолдас комиссар, уақыт... Сабаны мен мекені қалқып бетіне шықпағанда, сынығы мен сетігі астына түспегенде қайтуші еді

Амангелді *(Кенжеғарағa)*. Кім мұны отқа итерген?

Кенжеғара. Біле алмадым, ондайы болса өзі айтсын.

Кете. Жоқ, менің айтарым.

Амангелді (*Кенжеғарағa*). Түрмеге жөнелт, жаптыр! Жүр, Миша. (*Кете беріп, тоқтап, Кенжеғарағa*). Зілғарадан бөлек жаптыр!

Пластунов екеуі кетеді.

Кенжеғара. Ал, кесімің айтылды батыр. Жаптырды өз құлағыңмен естідің. Ертең аттырды еститін боласын...

Кете. Сенен естімесем болғаны.

Кенжеғара. Менен ол жамандықты естімессің, батыр... Мен екеуіңді, бірің артық, бірің кем деп көрген емеспін. Батырлығыңа әркезде бас иіп өтермін.

Кете. Оттамай, түрмеңе апар!

Кете. Апармасқа амалым жоқ, батыр... Бір жолды нұсқар ем, алмайсын ғой ол ақылымды. Басқа жолдар кесілді біржола... Сізге деген құрметім өлсем өзіммен кетер... Сіз елдің батырысыз, соның үшін айтам... Күтіп алар ел бар, құрмет етер қауым бар, батыр! Сай астында ат тұр, қабақта жол жатыр, қосылыңыз сол қауымға барып! Екі қошқар сыйыса алмадыңдар бір жерге. Кете батыр кімнен кем еді! Ардақты атың өлмесін, қосыл барып сол қауымға! Ертең ақ туың аспанда желбірейді. Бір оқты аспанға-ақ атайын, уәде ет те, жөнел батыр?

Кете. Ә!.. арам без, қаш деймісін! «Алашың» ғой айтып тұрғаның!

Кенжеғара. Ақылым да осы, аяғаным да осы, батыр. Ертең-ақ аттырады сені, жөнел!

Кете. Әйтеуір өледі екем ғой, сені де ала өлейін ендеше! *(Қанжарын ала ұмтылады, Кенжеғара наганын тосып тұра қалады).*

Кенжеғара. Тырп етші, кәне!

Кете. Қайран, көзі аққыр, қараңғылық, соқырлық! *(Қанжары түсіп кетеді, өзі біржола босап қалады).*

Кенжеғара. Енді, әке десең босатар ма екем! Түс, алдыма! Жүр!

Кетені айдап әкете береді.

11-СУРЕТ

Штаб үйі. Баяғы терраса. Түн... Жалғыз Бану тұр.

Бану. Жасаған-ай, немен тынар екен?.. Ескі серігі еді демесем, үміттенер не қалды? Орыс-қазаққа ерсі бір іс болды-ау, әйтеуір. Ненің зардабы әкетті десем екен сорлыны? Қайран қараңғылық дейтін жалғыз ауыз сөзі болушы еді, әлде сол ма екен әкеткен... *(Кенжеғара келеді).*

Кенжеғара *(Кетенің қаруларын әкеліп тастай беріп).* Не бары осы, Кете батырдан қалғанның...

Бану *(шошынып).* Не бары деген неменесі еді! Өзі қайда?

Кенжеғара. Қайтесін, сұрап... Бір қырсыққа кездестік дей бер.

Бану. Жүрегім жарылып кетпейді менің, өзі қайда деймін!

Кенжеғара. Жүрегің жарылмаса, естірсің біреуінен. Менен естімей-ақ қой.

Бану. Жабылды ма, атылды ма? Сол ғой, арғы жері, айта бер!

екеміз. Ең жақыны сен осыны айтсаң, ел де осыны айтқаны да.

Бану. Менікі елдің ыңғайы да, өзім ойлап тапты деймісіз...

Амангелді. Жоқ, Бану, өз ойың, өзім айттым деп

Бану. Олай демесеңіз екен... Бар әйелдің күнәсі сонда ғой, бір сөзім дұрыс шықты дегеніңізге тасып-төгіліп жүрермін.

Амангелді. Тасысаң тасый бер, қарағым, жасымасаң болғаны. Уәдеміз осы болсын! *(Үйге кіріп кетеді, жүгіріп Тәуке келеді).*

Тәуке. Апыр-ау, батыр бар ма үйіңде?

Бану. Бар... Асығыссыз ғой, тағы немене болып қалды?

Тәуке. Ойым жете алмай тұр, балам... Батыр-ай!.. *(Амангелді келеді).*

Амангелді. Нағып түнделетіп жүрсіз, Тәуеке?

Тәуке. Жетікөл жақтан үлкен бір қол келе жатыр. Ұнатбадым да, қалаға шаптым. *(Пластунов пен Кенжегара келеді).*

Амангелді. Жетікөл жақтан күтетін қолымыз жоқ еді ғой?

Пластунов. Жалғыз Жетікөл жақтан емес, жолдас комиссар, әртұстан!..

Амангелді. Бір қапымызды тапқан екен ғой, аңдып жүріп!

Пластунов. Манағы айтқаның осы болмаса жарар еді.

Амангелді. Тауеке, тұрмаңыз, жөнеліңіз Жайнаққа! Эскадронын алып тез қалаға жетсін!

Тәуке. Жөнелейін, жөнелейін. *(Тез кетеді).*

Амангелді. Ал, тұрмалық босқа! Қаруланыңдар, түгел! *(Штабтан оқ, мылтық, пулемет алып шығып, бәрі әзірленеді. Сыртта шапқан ат, атылған мылтық... Әржердегі күзетшілер келеді).*

Күзетшілер. Қалаға жау әскері кіріп келеді, комиссар жолдас!

— Түрмені қоршап алды.

— Әне, осылай бет алып келеді.

Амангелді. Осында болыңдар! Бұл қамалды оңай бермеспіз! Болады деген үміт үшін де алысып көргеміз, болғанды қорғап қала алармыз, жолдастар! Миша, отыр пулеметке! Үйге кір, іштен атыс *(Күзетшілерге)*. Сендер, осы көше жақты қорғаңдар! Мына жерге, мына жерге бекініңдер! Кенжеғара, мына жерге бекін! *(Бануға)*. Қолыңа мылтық алып қалған екенсің, үйге тығыл деп енді айтпан, тасалана білгейсін. *(Сыртта атыс)*. От!.. *(Пластунов іштен, басқалары тыстан ата бастайды)*.

Кенжеғара. Мына жақтан ақ ту көрінеді, жолдас комиссар! Елші болар...

Амангелді. Онда жұмысың болмасын, атуыңды біл! От!.. *(Атыс. Жапар мен Байқара көрінеді)*.

Байқара *(қолындағы туын бұлғап)*. Елші, елші келіп тұрмыз!

Амангелді. Сөйлеспеймін сендермен. Менде сөз жоқ.

Жапар. Бізде бар.

Амангелді. Қайтыңдар, кейін! Елші деген бір ауыз сөз үшін атпайын.

Жапар. Жақаш мырзаның өзі келіп тұр, тілге кел! *(Жақаш көрінеді)*.

Жақаш. Бізді сен керек қылмасаң да, сені біз керек дейміз ел үшін! Қарсыласуды тоқтат та, тағдырыңды біздің қолға бер! Өлмесіңе мен кепіл, құдай атымен ант етем!

Байқара. Міне, құран! Құран, құран!

Амангелді. Ә!.. менің өлер-өлмесімді саудаға салғыларың келді ме! Ондайды өз араларыңнан іздеңдер!

Жақаш. Ажалмен бекер ойнайсын, батыр. Ол екі айтқызбайды, бір-ақ айтылады. Артында өкініші ғана қалады.

Амангелді. Өздерің өкініп жүрмеңдер! Қазір менің полкым келеді.

Кенжеғара *(өзіне)*. Қел-келдесіп тұрғандарын, бес кісіге қарсы майдан ашып! Бата алмай тұр!

Жақаш *(артына бұрылып)*. Ендеше өз обалы өзіне, атыңдар көздеп! *(Көп мылтық үні, Амангелді бұғып қалады)*.

Амангелді. Жоқ! Көздеп атқан былай болады! *(Атып қалады, Жақаш құлайды)*.

Кенжеғара. Қап!..

Амангелді. От! *(Алыстан атылған мылтық үні)*. Миша, естимісің, эскадрон келеді, эскадрон!.. От!..

Кенжеғара. Апыр-ай, тағы аман қалды-ау, мынау... Жоқ, енді айналып келмес бұл кезең! *(Амангелдіні сыртынан атып қалады, Амангелді құлайды, Кенжеғара секіріп түсіп, қарсы жаққа қаша жөнеледі)*. Құлады Амангелді, құлады! Ұмтылыңдар, ұмтылыңдар!

Бану. Сенде екен ғой бар пәле! *(Атып қалады, Кенжеғара құлайды. Бану жүгіріп барып Амангелдінің басын сүйейді.)* Батыр-ай, қалар ма екен жаның! *(Пластунов бері жүгіріп шығады)*.

Пластунов. Өлмейді комиссар, өлмейді, айтпай отыр жоқты! Комиссардың атымен!.. От!.. От!.. Өлмейді комиссар, өлмейді! *(Пулеметін ата береді.)*

Амангелді. Банумысын... Мені сүйеп отырғыз да, орныңа бар!

Пластунов. Эскадрон келе жатыр, комиссар, эскадрон! От! От!.. *(Қашып бара жатқан Байқара, Жапарлар құлап-құлап түседі.)*

Бану. Батыр, батыр!.. *(Жүгіріп Тәуке келеді.)*

Тәуке. Шыққыр көзім, не көріп тұрсың! *(Амангелдінің басын тізесіне салып сүйейді.)* Батырым-ай, тіреғім-ай, көзіңді ашшы!.. Полкың келіп қалды, полкың!.. Әне, Жайнақ та көрінді!..

Амангелді. Сәлем айтарсындар...

Пластунов. Қашты, «алаштар» қашты, комиссар! От! От! *(Қатты атыс, әскерімен Жайнақ келеді.)*

Амангелді. Эскадрон қалай соғысар екен, басымды көтеріңдерші, көрейін... *(Тәуке мен Баһу Амангелдінің басын сүйеп көтере береді. Амангелді көзін аша алмай сұлық түсіп кетеді.)*

Жайнақ. Жолдас комиссар! Қала жаудан тазаланды! Ту орнында, берік! *(Пластунов үнсіз ғана фуражкесін алады, бәрі де үнсіз Амангелдіге үңіліп қалады. Сахна ақырын қараңғылана береді. Атыс дауысы алыстай береді.)*

ШЫМЫЛДЫҚ

ГАБИТ МУСРЕПОВ

АМАНГЕЛЬДЫ

(На казахском языке)

Издание Казгослитиздата 1950 г.

Редактор *Д. Косанов.*
Тех. редактор *В. Гиричев.*
Корректор *А. Джакупова.*

Подписано к печати 24-VII 1950 г.
Издательский № 25.
Формат бумаги 70x10[illegible]/32 Объем 3,85 п. л.
Уч. изд. № 5,745. Тираж 5000
Цена 2 руб. 50 коп.

г. Алма-Ата, Полиграфкомбинат Казполиграфиздата при Совете Министров КазССР.
Заказ № 416.